Сыр бойы

1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

14 | ҚАҢТАР БЕЙСЕНБІ | 2016 жыл №5 (19090) | ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ | www.syrboyi.kz

● ПРЕЗИДЕНТ

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Кеше Мемлекет басшысы Украина Президенті Петр Порошенкомен телефон арқылы сөйлесті, деп хабарлайды Ақорданың баспасөз қызметі.

Украина Президенті Қазақстанға өзінің ресми сапары кезіндегі жылышырайлы қабылдау және келіссөздер үшін алғыс айтты.

Мемлекеттер басшылары сауданың баламалы жолдарын пайдаланудың жаңа жағдайындағы екіжақты ынтымақтастықтың өзекті мәселелері мен перспективаларын талқылады.

Сондай-ақ Украинаның оңтүстік-шығысындағы ахуал жөнінде пікір алмасылды.

Қазақстан Президенті қақтығыс түйінін тарқату және Украина мен Ресей арасындағы шиеленісті шешу ісінде мәмілеге келуге шақырды.

Телефон арқылы сөйлесуге Украина жағы бастамашы болды.

● ПАРЛАМЕНТ

ДЕПУТАТТАР БАСТАМА КӨТЕРДІ

Мәжіліс депутаттары ҚР Президентіне Мәжілісті мерзімінен бұрын тарату және кезектен тыс сайлау тағайындау туралы Жарлығын қабылдау туралы бастамамен жүгінді.

ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаттарының Парламент Мәжілісі мен барлық деңгейдегі мәслихат депутаттарының кезектен тыс сайлауын өткізу туралы үндеуі мәтінін жария еткен депутат Нұрлан Әбдіров осылай деді.

«Дағдарысқа қарсы шараларды тиімді жүзеге асыру үшін кең ауқымды қоғамдық бірігу қажет. Тек бірлік пен үйлесімді іс-әрекеттер ғана бізге жаңа экономикалық соққыларға төтеп беруге мүмкіндік береді», - деді ол.

Депутат жария еткен үндеуде еліміздегі реформаларды жүзеге асыру жөніндегі іс-әрекеттерімізді барлық деңгейде үйлестіру үшін Парламент сайлауын жергілікті мәслихаттар сайлауымен қоса өткізу қажет екендігі айтылған.

«Бұл дағдарыс жағдайында сайлау науқанын ұзақ мерзімге созбауға және сайлауды ұйымдастыру мен өткізуге жұмсалатын бюджет шығысын біршама қысқартуға мүмкіндік береді. Осы айтылған ұстанымдарды негізге ала отырып, біз Мемлекет басшысына, ҚР Президентінің 5-ші шақырылымдағы ҚР Парламенті Мәжілісін мерзімінен бұрын тарату және ҚР Парламенті Мәжілісі депутаттарының кезектен тыс сайлауын тағайындау туралы Жарлығын қабылдау туралы бастамамен жүгінеміз», - деді үндеуді жариялаған Н.Әбдіров.

● АУЫЛДАҒЫ БИЗНЕС БАҒДАРЫ

ҚҰРАҚ КӨРПЕ, ҚҰС ЖАСТЫҚ

Жуырда Жалағаш ауданының 41 тұрғыны «Байқоңыр» ӘКК» ҰҚ» АҚ-ның әлеуметтік бастамасы арқылы «Демеу» гранттарына ие болған еді. Қайтарымсыз несиелер халықтың әлеуметтік тұрғыдағы әлсіз топтарына, көпбалалы аналарға, жұмыссыздар мен мүмкіндігі шектеулі жандарға берілді. Несиеге ие болған жанның бірі – Орынбек Шаймағанбетов. Тағдырдың жазуымен қос аяғынан айырылып, арбаға таңылған I топ мүгедегі еті тірілігінің арқасында тіршілік етіп жатқан кәсіпкердің бірі. Мүгедектікке ұшырап, үйде отырғалы бері ол анасынан қалған ескі тігін машинасымен ескі көйлектерді тігіп, құрақ құрауды үйренген. Бүгінгі күні құрақ көрпелер, көрпешелер, ұзатылатын қыздың жасауларын тігіп, тапсырыстарды орындап келеді.

Орынбектің сенімді серігі де, күнкөріс көзі де осы тігін машинасы. Әр бұйымға ол бар өнері мен күш-жігерін сарп етеді. Сондықтан болар шебердің қолынан шыққан туындыны аттай қалап әкететіндер көп. Тігінші қыз жасауын 9 көрпе сыятын қоржынымен, көрпе, көрпеше, қоржын, жастық, шымылдық, бесік жапқыш, перде және сырмақ киіздерге тапсырыс қабылдаймын деп талаптанып жатыр. Ал отағасының зайыбы Жеңісгүл Баймұратова да қол қусырып отырған жоқ. Өзі өсіретін бөлме гүлдері шаңырақтағы үйлесімнің ұйытқысы ғана емес, табыс көзі де.

Енді кәсіпкер қайтарымсыз грантқа тігін цехын ашып, жаңадан құралдар алып, бизнесін кеңейтуді жоспарлап отыр. Бір жағынан құрақ көрпе тігумен ғана шектелмей, болашақта шағын жылыжай салып, гүл өсіруді де ойластыруда. Яғни, зайыбының сүйікті ісін де өміршеңді жобаға айналдырмақ.

Жалағаш ауданының тағы бір тұрғыны Әлимаш Нұржан кәсібін наубайхана ашудан бастауға бел буынды. «Демеу» гранты арқылы аудан орталығында нан пісіріп, кондитерлік өнімдерді саудалауды ойластырып отыр. Бүгінде жұмысқа кірісіп кетті. Наубайхана арқылы 2-3 адамды тұрақты жұмыспен қамтымақ.

Нұрбек ДӘУРЕНБЕКОВ.
Жалағаш ауданы.

МАЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНЫҢ МАҢЫЗЫ ЕРЕКШЕ

Кеше облыс әкімінің орынбасары Қуаныш Ысқақовтың қатысуымен мал шаруашылығының жағдайы, маңызы мен мәселелеріне арналған семинар өтті. Жиынға арнайы келген Қазақ Ұлттық Аграрлық университетінің ғалымдары оқу орнымен ынтымақтастықта жұмыс жасап жатқан облыс әкімдігіне өз ризашылықтарын білдірді.

Жиын барысында одан өзге аймақтық мал шаруашылығы саласының қазіргі жағдайы, алда тұрған басты міндеттері қозғалды. Бұл жайында облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы басшысының міндетін атқарушы Пірмұхаммед Сыздықов баяндады. Оның айтуынша ағымдағы жылы өнімі төмен жергілікті сиыр тұқымын асылдандыру мақсатында қолдан ұрықтандыру пункттері толықтай іске қосылмақ. Соның нәтижесінде 10 мыңнан аса сиыр қолдан ұрықтандырылмақ. Оған жергілікті бюджет есебінен 42 млн теңге қаралған. «Сыбаға» бағдарламасының да аймақтың мал шаруашылығы саласын дамытуда маңызы зор болмақ. 2016 жылы бағдарламаға сай 2400 бас мүйізді ірі қара аналығын сатып алу жоспарланған. Соның есебінен мал санын 103 пайызға жеткізу көзделіп отыр. Айта кететін тағы бір жайт – «Алтын асық», «Құлан» бағдарламаларының да пайдасы зор дейді мамандар. Осындай бастамалар негізінде биыл төрт түлік малдың басын – 103, ет өндіруді – 115, сүт өндіруді 103 пайызға жеткізу сала мамандарының негізгі мақсатына айналып отыр. «Мал бордақылау мәселесі де назардан тыс қалған жоқ», – деген Пірмұхаммед Сыздықов осыған орай аймақта атқарылып жатқан жұмыстарды ортаға салды.

– 2015 жылдың желтоқсан айында «Ірі қара мал етінің экспорттық әлеуетін арттыру» жобасы аясында Қазалы ауданы «Сыр маржаны» ЖШС 500 бастық мал бордақылау алаңын іске қосты. Бүгінде онда 200 бас ірі қара бар. Сонымен қатар Сырдария ауданындағы «Шаған-жер» ЖШС 3000 бас ірі қараға арналған кешенді бордақылау алаңын осы жылдың бірінші тоқсанында іске қосады деп күтілуде. Міне, бұл біздің ет өндірісін дамытуға деген жоспарымызды жүзеге асырудың негізгі тетігі болып отыр. Оған қоса «Қызылорда қаласындағы ет орталығын» іске қосу арқылы алдағы уақытта 2 мың тонна етті өңдеп, сыртқа шығару межеленуде, – деді ол.

Сонымен қатар, Жалағаштан 3 мың бас ірі қара малын бордақылау алаңы мен Жаңақорған ауданынан жылына 7 мың тонна қозы етін өндіретін ет комбинатын салу биылғы жоспарға еніп отырғандығын айтып өтті. Пірмұхаммед Сыздықов сөз соңында Қазақ Ұлттық Аграрлық университетінен келген профессорларға тері және жүн өңдеу бағытындағы жұмысты жандандыра түсетін арнайы жобалар болса, бірлесе жұмыс жасауға ниетті екендігін жеткізді.

Жиын барысында бұдан өзге төрт түлікті жұқпалы аурулардан сауықтыру, мал азығын дайындау мәселелері жөнінде айтылды. Университет профессорлары өздерінің осы мақсатта жасаған зерттеулерін көпшілікке таныстырды.

Мөлдір ҚОЖАХМЕТОВА.

● ҚАУІПСІЗДІК

"АҚЛАҚ" ТОСПАСЫНДАҒЫ
күр кедергісі жойылды

Биылғы қыстағы күн қабағы ерекше жылы болып тұр. Сондықтан Сырдария өзені толық қатып үлгерген жоқ. Осыған орай тиісті мекемелер су тасқынын алдын алу шараларын жүргізуде. Арал және Қазалы аудандары тұсындағы дария арнасында күр (толық қатпаған мұздың түрі) пайда болды.

Бұл өзеннің кіші Арал теңізіне құяр сағасындағы «Ақлақ» тоспасының су өткізу қабілетін төмендетіп, бөгетке қауіп төндіруде. Бөгет тұсында 12 шақырымдай жерге дейін кептелген күр өзен суы ағысына кедергі келтіріп отыр.

«Ақлақ» су тоспасы 3 секциядан тұрады. Соның екеуі осы күрдің салдарынан бітеліп тұр. Дәл осындай қауіп «Ақлақта» соңғы 8 жылдан бері орын алмаған болатын. Тағы бір кедергі келтіріп тұрған құрылғы – «Ақлақ» су тоспасының төменгі ағысындағы қалқымалы көпір. Бұрындары жұрттың кәдесіне жарап, кейін судың астында қалып қойған көпір де арнаның су өткізу қабілетін төмендетіп отыр.

Осы мәселеге байланысты Қызылорда облысы әкімінің орынбасары Серік Сүлейменовтің төрағалығымен жедел штаб құрылып, қауіпті сейілту бағытында жұмыстар жүргізілуде. Бұл жұмыстарға бүгінде барлық жауапты саладан 130 адам, 19 ауыр техника жұмылдырылды. Сондай-ақ, күрді ыдырату үшін өзеннің сағалары тазартылып, «Шардара» су қоймасынан түсетін судың көлемі азайтылып, 9 каналға су жіберілуде.

Арнайы техникалардың көмегімен «Ақлақ» су тоспасындағы бөгеттер 100 метрге дейін мұздан тазартылды. «Қарашаңқ» көліне құятын «Сағынбай» каналы ашылды. Қалқымалы көпір тұсындағы күр кептелісін жою үшін арнайы жарғыш жабдықтары бар бригада шақыртылды. Кептелген күрді Арал теңізіне жылжыту мақсатында өзенде мұз жару жұмыстары жүргізілді.

Су тасқынын алдын алу шаралары облыс әкімдігінің қатаң бақылауында. Жыл сайын пайда болатын қауіпті аймақтарда тұрақтылықты қамтамасыз ету үшін тиісті мекемелер барлық қажет құрал-жабдықтармен қамтылған.

● ҚОЛДАУ

Қызылорда облысының кәсіпкерлер палатасы аграрлық кооперацияны дамытуға атсалысатын болады. Бұл жайында палата директорының міндетін атқарушы Д.Мырзалиев ауыл шаруашылығы кооперацияларына қатысты мәжілісте айтты.

АГРАРЛЫҚ КООПЕРАЦИЯНЫ ДАМЫТУҒА АТСАЛЫСАДЫ

Селекторлық режимде өткен жиында аталмыш саладағы проблемалар мен шешу жолдары талқыланып, аграрлық кооперацияның проблемалары сөз болды.

Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының берген мәліметіне сәйкес былтыр «Жұмыспен қамту жол картасы - 2020» бағдарламасы бойынша 3219 қатысушысына 6918 млн теңге несие берілген. Бұл 100 мың ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінің 3 пайызы ғана. Облыста ауыл шаруашылығы тауар өндірушілеріне қаржысын ұсынушы тек 2 жеке ұйым бар. Олар «КМФ» және «Қызылорда-Кредит» ЖШС. Өңірде шағын қаржы ұйымдары кіші шаруа қожалықтарының сұраныстарын толық қамтамасыз ете алмайды. Осы ретте, «Атамекен» ҮКП мен Ауыл шаруашылығы министрлігі аграрлық кооперацияны дамытуға арналған бірлескен іс-шаралар жоспарын қабылдады. Жоспар бойынша заңға қосымша актілердің базасын қалыптастыру, кооперативтерді жеңілдікпен қаржыландыруға арналған мемлекеттік қолдау түрлерін әзірлеу, пилоттық жобаларға қолдау көрсетіп, бірлескен ақпараттық науқан жүргізу қарастырылуда», - дейді палата басшысы.

Бұл мақсатты жүзеге асыруда облыста алғашқы қадамдар жасалып жатыр десек те болады. Бүгінде Кәсіпкерлер палатасы мен меморган өкілдері аудандар мен ауылдарды аралап, кооперативтендіру мен шағын кәсіпкерлікті дамытуға қатысты түсіндірме жұмыстарын жүргізуде. Мұнан өзге, биыл «Атамекен» ҮКП мен облыс әкімдігінің бірлескен өңірлік «Микробизнес Қызылорда» жобасы басталды. Сондай-ақ, Кәсіпкерлер палатасы, «Қызылорда» Өңірлік инвестициялық орталығы және сарапшылардың қатысуымен жаңа экономикалық жағдайға бағытталған агробизнесті дамыту картасын әзірлеп жатыр. Бұл шаралардың барлығы аграрлық кооперацияны дамытуға және бәсекеге қабілетті өндірістер қатарын арттыруға септігін тигізбекші.

Н.САҒЫДАТ.

БҮГІНГІ НӨМІРДЕ

НҰР АТАДА ШІЛДЕДЕ ЖАҢБЫР СІРКІРЕГЕН КҮН

4-БЕТ

БАҒАЛАЙ БІЛСЕҢ, БАҚЫТЫҢ

5-БЕТ

КОМПАРТИЯ АҚШАСЫ ҚАЙДА ЖОҒАЛДЫ?

6-БЕТ

ЖЕКЕШЕЛЕНДІРУДІҢ ШЕШУШІ КЕЗЕҢІ

7-БЕТ

ҚАДІРІҢДІ БІЛДІК ПЕ, ҚАРАШАҢЫРАҚ?

8-БЕТ

ҰЛТ ЖОСПАРЫ – ҚОҒАМ МЕН МЕМЛЕКЕТТІ ТҮБЕГЕЙЛІ ЖАҢҒЫРТУ

Сенбі күні облыс әкімдігінде «100 нақты қадам» Ұлт жоспарын аймақта жүзеге асыру бойынша кеңейтілген семинар-кеңес өткен болатын. Бұл туралы газетіміздің өткен санында жазған едік. Облыс әкімі Қырымбек Көшербаев пен жергілікті және аумақтық органдар өкілдері қатысқан семинар-кеңесте облыс көлемінде «100 нақты қадам» Ұлт жоспарын жүзеге асырудың негізгі міндеттері айқындалды. Осы орайда, семинар-кеңес барысында баяндамашылар тарапынан тыңғылықты түсіндірілген кезекті тақырыптарға тоқтала кетейік.

Ұлт жоспарында басымдық берілген бағыттардың бірі – «Заңның үстемдігін қамтамасыз ету». Бұл бағытта алдымен Қызылорда облыстық сот кеңсесі аппаратының басшысы Азамат Жұмамұратов «Сот жүйесіндегі реформалар» бойынша хабарлама жасады.

Стратегиялық бағдарламада сот жүйесіне қатысты «Заң үстемдігін қамтамасыз ету-ге» бағытталған екінші реформада 19 жаңалық енгізілген болса, оның 11 қадамы, яғни 16-26 қадамдар аралығы республикамыздағы сот жүйесін реформалауға қатысты мәселелерді қамтыған. Елімізде үш саяси жүйе қалыптасқан. Заң шығарушы, атқарушы және сот билігі. Бұл Конституция нормасында да белгіленген.

Азамат Жұмамұратовтың айтуынша, Ұлт жоспарының 16-қадамы сәйкес, 2016 жылдың 1 қаңтарынан бастап сот жүйесі үш сатылы жүйеде қызмет атқаруын бастады. Бұл ретте бірінші саты – аудандық соттар, апелляциялық саты – облыстық соттар, ал кассациялық саты – Жоғарғы Сот болып өз жұмысын бастады.

Сонымен бірге, Сот төрелігі институты ҚР Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының құрамынан шығарылып, Жоғарғы Соттың құзырына берілетін болды. Осы орайда аталған институтты Сот төрелігі академиясы деп қайта құрып, оның шеңберінде магистратура, біліктілікті арттыру және ғылыми-зерттеу институттарын құру көзделеді.

Жұмыс істеп жүрген судьяларға қатысты талап күшейеді. Судьялардың жаңа Этика кодексі әзірленеді, сондай-ақ азаматтардың судьялардың іс-әрекетіне қатысты Сот алқасына шағымдану мүмкіндіктері артады. Сонымен қатар, сот жюриінің құрамында біліктілік комиссиясы мен тәртіптік комиссияны құру жоспарланып отыр.

– Елбасымыздың Бес институционалдық реформаны жүзеге асыруға байланысты ұсынған 100 нақты қадам қатарында заңның үстемдігін қамтамасыз ету мақсатында сот жүйесін реформалауға қатысты енгізілген жаңалықтар еліміздің өңірлердегі судьяларының республикадағы сот жүйесінің еліміздің дамыған мемлекеттердің отыздығына кіру жолындағы кезекті қадамы болмақ, – деді Азамат Жұмамұратов.

Бұдан соң, облыс әкімі аппараты басшысының орынбасары Ғазымбек Алпысбайұлы «Жергілікті полиция қызметін құру» тақырыбын түсіндіріп өтті.

Ғ.Алпысбаев жергілікті полиция қызметі 1-қаңтардан бастап еліміздің барлық өңірлерінде жұмысына кіріскенін айтты. Жергілікті полиция қызметі – учаскелік полиция инспекторлары бөлімшелерінен, қәмелетке толмағандар істері, әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау жөніндегі бөлімшелерден, жол-патрульдік, табиғатты қорғау полициясынан, қабылдау-бөлу және арнайы қабылдау орындарынан тұрады. Жаңа құрылым ішкі істер органдарының біртұтас жүйесіне кіреді және қызметкерлері бірыңғай құқықтық мәртебеге ие болады. Оның басшысы жылына екі мәрте атқарушы және өкілді органдар, бір рет тұрғындар алдында есеп береді. Бұл әкімдіктер мен жергілікті полиция қызметінің өзара бірлесіп қызмет атқаруын ширата түспек.

Жаңа құрылымды қаржыландыру жергілікті бюджеттен жүзеге асырылады.

– Бүгінгі таңда жергілікті полиция қызметінің материалдық-техникалық базасын жақсартуға, қызметкерлерін ынталандыру шараларын қарастыруға, қоғамдық тәртіптің сақталуына тұрғындарды кеңінен тартып, құқық қорғау саласындағы қоғамдық ұйымдардың жұмысын жандандыруға бағытталған жұмыстар жүзеге асырылуда, – деп сөзін аяқтады Ғазымбек Алпысбайұлы.

Сонымен қатар, облыстық ішкі істер департаменті басшысының орынбасары Мақсұт Шоқатаев «Полиция қызметкерлерін іскерлік қабілеттері негізінде іріктеу жүйесін жақсарту» бойынша баяндама жасады.

Идеологиядан заң жүйесіне дейінгі қоғамдағы барлық саланы қамтыған Ұлт жоспарында әрқайсысына жеке-жеке тоқталып, әрбірінің бүгінгі деңгейіне баға беріп, әрі қарай қай бағытта даму керектігін айқындады. Құқық қорғау саласы, оның ішінде ішкі істер органдары да Елбасының назарынан тыс қалмады. Полицияның қоғамның сенімін арттыратындай жұмыс жасауы үшін қазіргі таңда өзекті болып тұрған мәселелерді көтеріп, нақты міндеттер белгіледі, – деді Мақсұт Шоқатаев.

Мәселен, Ұлт Жоспарының 28-қадамы бойынша, құқық қорғау органдарының білім беру мекемелеріне оқуға қабылданған тұлғаларды қоспағанда, құқық қорғау қызметіне алғаш қабылданған азаматтар арнайы құзырлы органдарда белгіленген уақытта, алдын ала құқық қорғау органдарымен келісе отырып тестілеуден өтеді. Осы Заңға сәйкес, құқық қорғау қызметіне қабылдануға үміткер азаматтарды тестілеу жүйесі 2017 жылдың 1-қаңтарынан бастап күшіне енбек.

Ал 31-қадамда этикалық нормаларды бұзуға жол беретін полицейлердің іс-әрекеттеріне шағымданған азаматтардың арызын қарау жөніндегі қоғамдық кеңес жүйесін құру арқылы полицияның ашықтығын қамтамасыз ету қажеттілігі көрсетілген. Қоғамдық кеңестердің мәртебесімен өкілеттілігі заңды түрде бекітілетін болады.

Қызылорда облыстық ішкі істер департаменті жанындағы «Қоғамдық кеңес» 2016 жылдың 1 қаңтарында күшіне енген «Қоғамдық кеңестер туралы» Заңға сәйкес, департаментте ұсынымдық сипатта шешім шығаратын «Консультативтік-кеңесші» орган болып қайта құрылды.

Құқықтық статистика және арнайы есеп алу комитетінің Қызылорда облысы бойынша басқармасының басшысы Ертілеу Жалғасбаев «Қылмыстық құқық бұзу картасы» интернет-порталын құру» тақырыбына қатысты мағлұмат берді.

«Ұлт жоспары – 100 нақты қадамның» 32-қадамы бойынша, бұған дейін қолданыста болған «Қылмыстылық картасы» ұлттық ақпараттық жүйесі негізінде «Қылмыстық құқықбұзушылық картасы» интернет-порталын құру болып табылады. Мұндай тетік әлемнің бірқатар елдерінде табысты қолданылуда. Осы веб-ресурсқа елдегі барлық қылмыстық құқықбұзушылықтар жедел енгізіледі. Бұл жұртшылықтың құқық қорғау органдары жұмысының тиімділігін бақылауына мүмкіндік береді.

Қазіргі уақыттағы қолданыстағы Бас прокуратураның Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетімен жасалған (http://service.pravstat.kz/map.html) «Қылмыстылық картасы» ұлттық ақпараттық жүйесі облыс орталықтарында және моноқалаларда тіркелген қылмыстардың жасалған жері туралы, оның ішінде қылмыс жасалған көшелер мен мекен-жайлар туралы мәлімет алуға болады.

Біздің облыста «Қылмыстылық картасы» негізінде Қызылорда қаласы мен аудан орталықтарының «Қылмыстық құқық бұзушылық картасы» интернет-порталы қалыптастырылуда. Осы ретте, Ертілеу Жалғасбаев аталған сервистің облыс бойынша алдағы кезеңде толық көлемде жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін бірқатар шаралар атқарылуы қажет екендігін айтты.

Бұдан бұрын, Қызылорда облысы бойынша қылмыстық-атқару жүйесі департаментінің басшысы Ғанибек Отарбаев «Мемлекет-жекеменшік серіктестігін дамыту шеңберінде пенитенциярлық инфрақұрылымды жаңғырту» тақырыбында баяндама жасады.

«100 нақты қадам» Ұлт жоспарында мемлекеттің дамуының негіздері мен ұлттық идеологияны жүзеге асыру, индустрия мен экономика салаларын дамыту бағыттары енгізілген. Осы негізде, Қазақстан Республикасының құқық қорғау жүйесін одан әрі жаңғыртудың 2014-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының 77-тармағына мемлекеттік жеке-меншік серіктестік шеңберінде маманданды рылған түзеу мекемелерінің құрылысын салу және осы саланы түбегейлі жаңғырту бағыттары енгізілген. Бұл орайда, мемлекет тарапынан жеке кәсіпкерлерге әрбір облыс орталықтарынан жер учаскелері ұсынылып, типтік жобаның сызба-нұсқалары таныстырылады.

Осы міндетті іске асыру мақсатында жұмыстар жүруде. Атап айтқанда, Қызылорда қаласының аумағында маманданды рылған түзеу мекемесінің құрылысын салу үшін қаланың оңтүстік-шығыс аумағынан жалпы көлемі 40 гектар жер телімін бөлу жөнінде Қызылорда қаласы әкіміне өтініш берілген. Сол құрылысқа қарастырылған жер қаланың сыртқы аумағында, яғни Белкөл-Тасбөгет кенттері аралығында шамамен 2 шақырым қашықтықта орналасқан.

Инфрақұрылым мен коммуникациялық жүйелерді жүргізуге қолайлы, жер учаскесінен 500 метр қашықтықта «Батыс Еуропа-Батыс Қытай» халықаралық автомагистралі бар және Алматы-Мәскеу темір жол желісі жүргізілген.

Семинар-кеңесте «100 нақты қадам» Ұлт жоспарының 3-бағыты индустрияландыру және экономикалық өсім бойынша да түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Кеңесте Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және ресурстарын басқару комитетінің Жерге орналастыру, геодезия және жер қатынастарын дамыту басқармасының басшысы Ардақ Самамбетов ауыл шаруашылығы бағытындағы жерлерді жекешелендіру туралы әңгімеледі. Дәлірек айтсақ, Ұлт жоспарының 35-36 қадамдары бойынша ауылшаруашылық жерлерін тиімді пайдалану мақсатымен оларды нарықтық айналымға енгізу, жер телімдерін мақсатты пайдалану түрін өзгертуге рұқсат алу ресімдерін жеңілдету, ауылшаруашылық жерлерін пайдалануға тұрақты түрде мониторинг жүргізу, барлық пайдаланылмай жатқан жерді алдағы уақытта жекешелендіру үшін мемлекеттік қорға беру төңірегінде елдегі атқарылған шаралар мен алдағы жоспарларды атап өтті.

Бүгінгі таңда, жердің тиімсіз пайдаланылуы салдарынан топырақ құнарлылығының төмендеп бара жатқандығы ауқымды мәселеге айналуда. Жерді игеруде заманауи технологияларды қолданбайды. Сондықтан жерді тиімді пайдалану және оларды қорғау мәселелерін дұрыс жолға қою мақсатында тиімді шаралар қабылданып жатыр.

– Пайдаланылмай тұрған жер учаскелерін нарықтық айналымға енгізу жауапты жалға алушылардың мүдделерін қорғап, бос тұрған жер телімдерін тиімді пайда көзіне айналдыруға мүмкіндік береді, – дейді ол.

Ардақ Самамбетов сөз арасында осындай ауқымды семинар-кеңесті ұйымдастырғаны үшін облыс басшылығына алғысын жеткізді.

– Бүгінгі шараның қорытындысы бойынша осындай семинарларды басқа да өңірлерде өткізу туралы ұсыныстар айтылатын болады, – дейді ол. Сонымен қатар, басқарма басшысы мемлекетаралық, республикалық және өңіраралық деңгейде Байқоңыр қаласының жер телімдерін пайдалану туралы мәселе шешімін тапқанын айтты. Облыстың аумағын ұлғайтып, Сырдария өзенінің сол жағалауын игеру, ондағы жер телімдерін бөлу жұмыстары да шешілген.

Ал Қызылорда облысы бойынша кірістер департаменті басшысының орынбасары К.Абдрахманов Кеден саласындағы реформалар туралы мәліметтермен таныстырды.

Ұлт жоспарының 37-қадамы салық және кеден саясатын және рәсімдерін оңтайландыруға, ТН СЭҚ белгісіндегі біркелкі тауарлар тобы шеңберінде «0-5-12» моделі бойынша Бірыңғай кеден тарифі кедендік мөлшерлемесін қысқартуға бағытталған. Ал 38-қадам бойынша, экспорттық және импорттық кеден рәсімдерінен өту кезінде «Бір терезе» қағидатын енгізу, электронды жария ету жүйесін дамыту, яғни тауарларды кедендік тазалауға автоматтандырылған жүйені енгізу көзделген. Бұған қоса, экспорт және импорт үшін құжаттар санын және оларды өңдеу уақытын қысқарту қарастырылған.

Уақыт талабы кеден және салық жүйелерін интеграциялауды (39-қадам) қажет етеді. Мұндағы мәселе мынада: тауар салық салу мақсатында Қазақстан аумағына кірген кезеңнен бастап оны сатқанға дейін бақылауға алынады.

Сонымен бірге, «Постфактум» кедендік тазалау режимі енгізіледі. Бұл ретте, сыртқы экономикалық қызметке қатысушы жекелеген санаттарға тауарларын жария етпеуге тауарларын шығаруға мүмкіндік беріледі.

Жында Қызылорда облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті басшысының орынбасары М.Қалдарбеков «Салық жүйесін реформалау» тақырыбында баяндама жасады. Ол салықтық әкімшілендіруді жақсартуға бағытталған 4 қадамға нақтырақ тоқталып өтті.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев 2015 жылғы 30 қарашадағы Жолдауында айтып өткендей, жаппай декларациялау – табыстардың шығу төркіні мен салық салынуын анықтау үшін қарастырылған. Сонымен қатар, «Экономикалық ынтымақтастық пен даму ұйымының көмегімен, есепшоттар мен активтерді анықтау бойынша да шаралар қабылданатын болады», – деп атап өтті Елбасы.

Халықаралық практикада тұрғындардың нақты табыстарын декларациялау көптеп қолданылады, бұл – салықтық бақылаудың және көлеңкелі экономикаға қарсы тұрудың бірден-бір тиімді құралы.

2015 жылдың 18 қарашасында Елбасы қол қойған «Жалпыға бірдей декларациялау туралы» Заң бойынша, 2017 жылдың 1 қаңтарынан бастап қазіргі декларация тапсырушылармен қатар ұлттық компаниялардың әкімшілік персоналы тапсыруға міндетті болып отыр. Ал 2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап бұл талап еліміздің барлық азаматтарына бірдей қойылады деп күтілуде.

Жыл көлемінде айлық жалақы, стипендия, зейнетақы алушылар қысқа декларация тапсырады. Қосымша табыс көзі көбейген жағдайда толығырақ декларация ұсынылатын болады.

Мұнымен қатар, 2017 жылдың 1 қаңтарынан бастап қосымша, көпбалалы (4 баладан жоғары) отбасылар үшін салықтық шегерімдер қолданылатын болады.

М.Қалдарбеков салық жүйесіне қатысты басқа да реформаларды таныстырды.

– Бұл жаңа шарттардың барлығы – уақыт талабы. Аталған бағыттар бойынша жұмыссыз тобының құрамында біздің саланың да тәжірибелі мамандары жұмыс жасауда. Қолданысқа енгізілген әрбір жаңа жүйені біз уақытылы тұтынушыларға түсіндіретін боламыз, – деді М.Қалдарбеков.

Семинар-кеңесте қаржы басқармасының басшысы Талғат Жақыпбаев «Мүлікті жеке қаржыны заңдастыру ресімдерін оңайлату» тақырыбында баяндама жасады.

Елбасының «100 нақты қадам» жоспарының 41 қадамы аясында 2015 жылғы 13 қарашада «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасы азаматтарына, оралмандарға және Қазақстан Республикасында тұруға ықтиярхаты бар адамдарға олардың мүлікті жария етуіне байланысты рақымшылық жасау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңы қабылданды.

Енгізілген өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес Қазақстан Республикасында мүлікті жария ету мерзімі 2016 жылдың 31 желтоқсанына дейін ұзартылды. Ал Қазақстан Республикасының аумағындағы жылжымайтын мүлікті жария ету үшін құжаттарды беру мерзімі 2014 жылғы 1 қыркүйектен басталып, 2016 жылдың 30 қарашасында аяқталады.

Басқарма басшысы Талғат Жақыпбаевтың мәліметінше, барлық аудан және Қызылорда, Арал, Қазалы қалаларында мүлікті жария ету комиссиялары жұмыс жасайды. Барлығы – 9 комиссия.

2016 жылдың 6 қаңтардағы жағдайы бойынша келіп түскен өтініштердің барлық саны – 1182. Оның ішінде: тұрғын үйлерге қатысты – 577, тұрғын үй емес үйлерге – 853, соның ішінде коммерциялық нысандарға қатысты 696 өтініш түскен. Келген өтініштер бойынша мүліктердің жалпы бағасы 11,6 млрд теңгені құраған.

1050 өтініш бойынша жалпы сомасы 10,7 млрд. теңге болатын 1257 жылжымайтын мүлік жария етілген. Ал жалпы сомасы 267 млн теңге болатын 71 өтініш кері қайтарылған.

Келелі кеңесте құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасының басшысы Мұрат Тілеумбетов те баяндама жасап, «Құрылыс саласын жаңғырту» тақырыбын жан-жақты түсіндірді.

Мәселен, Ұлт жоспарының 46-қадамы рұқсат алу процесін оңтайландыруға бағытталған. Осы орайда, құрылысқа рұқсат алудың үш сатылы (30-20-10) қағидасы әзірленіп отыр. Өйткені, бүгінгі таңда, құрылымы мен мазмұны бойынша бір-бірімен сәйкес келмейтін, әр облыста бөлек-бөлек қабылданған аумақтық құрылыс салу Қағидаларының әсерінен құрылыс саласындағы рұқсат алу процестері аумақтарда әртүрлі деңгейде шашыраңқы жүргізілуде. Бұл мәселені құрылыс саласындағы барлық рұқсат рәсімдерінен өту процесін реттейтін бірыңғай нормативтік-құқықтық актіні қабылдау арқылы шешу қарастырылған.

Бұдан басқа, қазіргі таңда құрылыс жобаларын мемлекеттік сараптамадан өткізу үлесінің 80% мемлекеттік сараптамаға, ал тиісінше жеке сарапшылар үлесіне 20% тиеді. Алайда, елде кәсіпкерлік қызметтің жағдайын түбегейлі жақсарту мақсатында Мемлекет басшысының 47-қадам бойынша 5 институционалдық реформасын орындау үшін, 2020 жылы мемлекеттік емес сараптамалық жұмыстар үлесін 90%-ға дейін жеткізу қарастырылған.

48-қадам бойынша құрылыстың сметалық құнын анықтаудың ресурстық әдісін енгізу көзделген. Ресурстық әдіс құрылыстың нақты құнын және құрылыс бағаларын (еңбек, машиналар мен механизмдер, құрылыс материалдары, жалақы) кезкелген уақыт мезетінде анықтауға мүмкіндік береді, сондай-ақ тапсырыс берушілерге жоспарланған бюджет бойынша жұмыс жасауға оңтайлы жағдай тудырады.

Сонымен бірге, басқарма басшысы Мұрат Тілеумбетов 49-қадамға сәйкес, кеңестік кезеңнен бері қолданылып келе жатқан құрылыстың ескірген нормалары мен ережелерінің орнына Еурокодтар жүйесі енгізілетінін айтты.

Бұл бірнеше кезеңмен іске асады. Соңғы кезеңде, яғни 2020 жылға қарай Еурокодтарға толық көшу жүзеге асырылатын болады, бұл өз кезегінде қазақстандық компаниялардың жобалау және құрылыс қызметі саласы бойынша шетелдік нарықтарға шығуына жағдайлар жасауды, сондай-ақ еуропалық стандарттар бойынша құрылыс өнімдерін шығаруға және құрылыс индустриясындағы отандық кәсіпорындардың экспорттық әлеуетін арттыруға мүмкіндік береді.

Энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының басшысы Ержан Әбдіқалықов «Энергетика саласын жаңғырту» мәселесіне тоқталды.

Елбасы атап өткендей, қазіргі уақытта энергетика саласындағы саясатты түбегейлі қайта қарау керек. Бүгінде қондырғылардың, инфрақұрылымның барынша тозуынан тарифтің ашық емес жүйесі етілген. Ал жалпы сомасы 267 млн теңге болатын 71 өтініш кері қайтарылған.

Электр энергиясын әртүрлі сатып алушы емес, бірыңғай сатып алушы сатып алатын болады. Электр энергиясын сатып алушы орталықтандырылуы аймақтар арасындағы тарифтік айырмашылықты тұзетуге және тариф өсуін қадағалауға мүмкіндік береді.

Бұл үлгі еліміздің барлық аймақтарында бәсекелестікті қамтамасыз етеді. Яғни, бірыңғай сатып алушыға электр энергиясын жеткізуге келісімшарт алуға өндірушілер арасында бәсекелестік туындайды. Бұдан әрі реттелетін тарифтер бойынша жеткізуші компанияларға электр энергиясы сатылатын болады.

Мұндай қадам құрылымдық өзгерістерді көлемді жасамай-ақ жеке инвесторларды тартуға, тұтынушы мен мемлекетке бағаны бақылауға мүмкіндік беретін болады.

Басқарма басшысының айтуынша, аймақтардың проблемаларының бірі – электр энергиясының 60 пайызы сыртқы электр энергиясы көздерінен алынады. Бұл мәселені шешу үшін бірқатар жұмыстар қолға алынуда. Электр энергетика саласының тиімділігін арттыру үшін облыста «Энергия» консорциумы құрылды. Оның құрамында 27 мұнай-газ және энергетика кешенінің ірі кәсіпорыны енгізілген. Алдағы уақытта осы кәсіпорындарға Қызылорда электр тарату тораптары компаниясының қызмет көрсету мүмкіндігі қарастырылуда.

Сонымен қатар, «Қызылорда жылу-электр орталығын» қайта жаңғырту және кеңейту жобасының техникалық-экономикалық негіздемесі әзірленді. Халықаралық қаржы ұйымдармен жұмыстар жандандырылып, атап айтсақ, ҚЖЭО жаңғырту және кеңейту, Қызылорда электр тарату тораптары компаниясын модернизациялау бойынша Еуропалық қайта құру және даму банкінің инвестициялық қаражатын тарту жөнінде Кредиттік келісімге қол қойылды. Оған қоса, «Қазалы теміржолжылу» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнын электр энергиясын шығаруға бейімдеу жұмыстары жасалуда.

Аталған жобалар жүзеге асқанда облыстың энергия өндіру көздері 400-450 мВт электр энергиясын шығаратын болады. Бұл кезде облыс электр энергия тәуелсіздігіне қол жеткізетін болады.

Ал «Монополиямен қызмет жұмысының тұжырымдарын өзгерту» тақырыбы бойынша ҚР табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитеті Қызылорда облысы бойынша басқармасының басшысы Нұрлан Пірімов баяндама жасады.

Ұлт жоспарында монополияға қарсы қызмет жұмысының концепциясын өзгерту, оны Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы стандарттарына сәйкестендіру қарастырылған. Осы алға қойылған міндеттерді жүзеге асыру мақсатында 2015 жылдың наурызында Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитеті мен Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы арасында «Қазақстан Республикасы монополияға қарсы заңнамасы және саясатына шолу» жобасы туралы Келісімге қол қойылды. Мұнда бәсекелестік туралы заң және бәсекелестік саясат, сонымен қатар, іске асыру тетіктері мен құқықтық қолдану тәжірибесі, бәсекелестікті шектеу деңгейін бағалау үшін тауар нарығында бәсекелестікке әсер етуі мүмкін кедергілер сияқты күрделі мәселелерді қамту қарастырылған.

2015 жылдың 29-30 қазанында Париж қаласында өткен Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының бәсекелестік жөніндегі Жаһандық форум мәжілісінде Қазақстан Республикасының бәсекелестік заңы мен саясаты аясындағы заңнамалардың сараптамалық шолуы талқыланды. Жаһандық форум барысында басқа елдердің монополияға қарсы саласындағы әріптестерімен Қазақстан Республикасының монополияға қарсы заңнамасы мен саясаты қаралып, бәсекелестік пен реттеу мәселелерінің шешілуіне қай тұрғыда қарайтындығы, соның ішінде заңның сенімділігінен бастап (монополияға қарсы заңнаманың тұрақтылығы) бәсекелес институттардың құрылымдары және тиімділігіне дейінгі негізгі кезеңдері анықталды.

Ұлт жоспарына сәйкес жаңартылған монополияға қарсы қызмет бәсекелестіктің еркін қозғалуына бағыт беруі қажет, ол үшін монополияға қарсы қызмет концепциясын өзгертудің екі кезеңдік жолы қарастырылды. Бірінші кезеңді жүзеге асыру қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексі қабылданды және осы кодекске Қазақстан Республикасы «Бәсекелестік туралы» заңы кірістірілді. Екінші кезеңде – 2017 жылдан бастап мемлекеттік бағаларды реттеуден толығымен кету жоспарланда, бұл Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымына кіретін дамыған елдердің нарық экономикасы тәжірибесіне сәйкестенетін болады.

Семинар-кеңесте қатысушылар басқа тақырыптарда да баяндамалар оқып, тұшымды ойлар айтылды. Бұла турасында келесі нөмірімізде тоқталып өтеміз.

Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы және аудан әкімдерінің 2015 жылғы атқарған жұмыстары жөнінде тұрғындар алдындағы есепті кездесуінің КЕСТЕСІ

№	Қала, аудан атауы	Өткізілетін орны	Өткізілетін уақыты
1	Қызылорда облысының әкімі Қ.Е.Көшербаев	Қызылорда қаласы, Н.Бекежанов атындағы драма театры	17 ақпан 2016 жыл Сағат:11.00
2	Қызылорда қаласының әкімі Н.М.Нәлібаев	Қызылорда қаласы А.Тоқмағанбетов атындағы мәдениет үйі,	12 ақпан 2016 жыл Сағат:10.00
3	Арал ауданының әкімі А.С.Мұхимов	Арал аудандық мәдениет үйі, Арал қаласы	4 ақпан 2016 жыл Сағат:11.00
4	Қазалы ауданының әкімі Н.Ш.Шамұратов	Қазалы аудандық мәдениет орталығы, Әйтеке би кенті	3 ақпан 2016 жыл Сағат:11.00
5	Қармақшы ауданының әкімі С.Ы.Мақашов	Қармақшы аудандық мәдениет үйі, Жосалы кенті	22 қаңтар 2016 жыл Сағат:16.00
6	Жалағаш ауданының әкімі Т.Т.Дүйсебаев	Жалағаш аудандық мәдениет үйі, Жалағаш кенті	5 ақпан 2016 жыл Сағат:11.00
7	Сырдария ауданының әкімі Ғ.Қ.Қазантаев	Сырдария аудандық мәдениет үйі, Тереңөзек кенті	27 қаңтар 2016 жыл Сағат:10.00
8	Шиелі ауданының әкімі Қ.Ә. Сәрсенбаев	Шиелі аудандық мәдениет үйі, Шиелі кенті	3 ақпан 2016 жыл Сағат:11.00
9	Жаңақорған ауданының әкімі Р.Р.Рүстемов	Жаңақорған аудандық мәдениет үйі, Жаңақорған кенті	27 қаңтар 2016 жыл Сағат:11.00

● БАҒЫТ

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ АРМАНҒА БАСТАЙТЫН ЖОЛ

Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің Студенттер сарайында Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың «Ұлт Жоспары – қазақстандық арманға бастайтын жол» бағдарламалық мақаласынан туындайтын міндеттер туралы ой-пікір бөлісуге арналған «Қазақстандықтарды ұлы мұратына жеткізетін бағдарлама» атты дөңгелек үстел болып өтті.

Шарада Қорқыт ата атындағы ҚМУ ректоры, техника ғылымдарының докторы, профессор Қ.Бисенов Елбасының «Ұлт жоспары – қазақстандық арманға бастайтын жол» атты мақаласы 5 институционалдық реформаны жүзеге асырудың басым бағыттарын айқындап бергендігімен ерекшеленетін бағдарламалық құжат екендігіне кеңінен тоқталып өтті.

Сонымен қатар дөңгелек үстелге қатысқан Қорқыт ата атындағы ҚМУ ғалымдары: философия және мәдениеттану кафедрасының меңгерушісі О.Бермаханов, Қазақстан халқы Ассамблеясы кафедрасының меңгерушісі Н.Мыңжас, Қазақстан тарихы кафедрасының доценті Т.Сәтбай, Құқықтану кафедрасының доценті, з.ғ.к. М.Жүсіпбекова осы мақаланың басым бағыттарына арналған өз баяндамаларын оқыды. Одан әрі Қызылорда облысы әкімі аппаратының «Қоғамдық келісім» коммуналдық-мемлекеттік мекемесінің директоры У.Ибраев, Қорқыт Ата атындағы ҚМУ профессоры Б.Кәрібозұлы және студент-жастар өз ой-пікірлерін ортаға салды.

Басқосуды қорытындылаған университет ректоры Қ.Бисенов бұл тақырып алда талай қозғалып, ғылыми басқосулардың негізі болатындығын айтып өтті. Сондай-ақ, шарада құнды ой-пікірлері мен ұсынымдарын ортаға салған ғалымдар мен студенттерге ризашылығын білдірді.

Сара АДАЙБАЕВА.

БӘСЕКЕЛЕСТІК ОРТА – МЕМЛЕКЕТ ДАМУЫНЫҢ КЕПІЛІ

Қазақстан дамудың жаңа сапалық кезеңіне қадам басты. Елбасының атап өткеніндей, елімізде осы жылдың басынан «5 институттық реформаны жүзеге асыру бойынша «100 нақты қадам» – Ұлт Жоспарын орындаудың нақты кезеңі басталды. Мемлекетті, экономика мен қоғамды дамыту үшін қағидатты жаңа құқықтық орта қалыптастыратын көптеген заңдар күшіне енді. Сөйтіп, біз бар-жоғы ширек ғасыр ішінде Елбасының дәйекті, сындарлы саясатының нәтижесінде өзіміздің көптеген ой-ниеттерімізді жүзеге асыруға кірістік. Жылдар бедерінде Қазақстан сатылы кезеңдерден өтіп, енді әлемнің өркениет көші бастаған өзін-өзі басқарудың, осының негізінде шынайы нарықтық бәсекелестік ортаны қалыптастырудың жаңа қадамдарына көшіп отыр. Елбасының жаңа бағыты нені көздейді?

Жергілікті жерлердегі өзін-өзі басқару реформасын жалғастыруда 3 сатыда берілетін қосымша өкілдіктер олардың жұмыстарына жаңа мүмкіндіктер береді. Бірінші сатыда – 2016-2017 жылдары аудандық маңызы бар қала, ауыл, ауылдық округ, кент әкімдерін қоғамдастықпен келісе отырып, мәслихат депутаттарының сайлауымен қатар, олар енді сайланған әкімдерді босату туралы мәселеге бастамашы бола алады.

Жергілікті қоғамдастыққа абаттандыру, қоғамдық тәртіп, жер телімдерін мақсатты пайдалану және жеке тұлғалардың заңсыз жер иеленуіне жол бермеу, өздеріндегі мемлекеттік мекемелер басшыларын тағайындауға ұсыныс енгізу және жергілікті өзін-өзі басқаруға көлік және заңды тұлғалардан жер салығын алу құқын беріп, салықтық әлеуетін күшейту мәселелері қамтылған.

Жергілікті өзін-өзі басқарудың 2-ші сатысы бойынша 2018 жылдан бастап, жергілікті өзін-өзі басқару бюджетін сатылап қалыптастыру, оған қоғамдастық жиналысының келісімі, олардың орындалуы туралы есепті мәслихатқа ұсыну қаралады. Жергілікті қоғамдастықта коммуналдық меншікті басқару мәселелері, олардың әлеуетін ұлғайту мақсатында ауылдық округтер деңгейінде әкімшілік аумақтық бірлікті нығайту көзделеді. Жергілікті өзін-өзі басқарудың 3-ші сатысы бойынша 2020 жылдан жергілікті өзін-өзі басқарудың өкілді органын құру, қоғамдық маңызды мәселелерді қамтитын жергілікті бюджеттердің жобалары бойынша азаматтар ұсыныстарын қарау рәсімдері енгізіледі. Бұл шаралар жергілікті өзін-өзі басқару жүйесін дамытуға, мемлекеттік органдардың шешімдерді қабылдау үрдісінің ашықтығына жетуге жағдай жасайды.

Мемлекет басшысының «Ұлт жоспары – қазақстандық арманға бастайтын жол» мақаласы XXI ғасырда біздің еліміздің әлемдегі ең дамыған 30 көшбасшы елдердің қатарында болуға жетелейтін, біздің арманымыздың орындалуына, еліміздің өркендеуіне бағыт беретін маңыздылығымен құнды болып табылады.

Ибадулла ҚҰТТЫҚОЖАЕВ,
Қызылорда қалалық мәслихатының хатшысы.

● БРИФИНГ

«Сыр Медиа» ЖШС жанындағы облыстық коммуникациялар орталығында облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Ақмарал Әлназарова Елбасының «Ұлт жоспары – қазақстандық арманға бастайтын жол» атты еңбегін насихаттау негізінде брифинг өткізді.

ДЕНСАУЛЫҚ САЛАСЫНДА ОҢ ӨЗГЕРІСТЕР ОРЫН АЛМАҚ

Елімізді жаңа белестерге көтеретін Ұлт жоспарының 80, 81 және 82 қадамдары денсаулық саласына арналғаны белгілі. 80-қадам міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруды енгізуге арналған. Мұндағы басты мақсат міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру, өз денсаулығын қорғау жауапкершілігіне жету, денсаулық сақтау жүйесінің қаржы тұрақтылығын құру және жүйе тиімділігін көтеру болып табылады.

– Сақтандыру жүйесінің қаржылық құрылымы мемлекеттің, жұмыскер тұрғындардың, жұмыс берушілер мен дара кәсіпкерлердің міндетті төлемдерінен құралады. Осы орайда төлемдердің жинақталуы 2017 жылдан басталып, 2024 жылға дейін кезең-кезеңдік пайыздық үстемесімен жинақталады. Сондай-ақ, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру аясында азаматтарға медициналық қызмет көрсетудің 3 топтамасы ұсынылады,-деді А.Шәріпбайқызы.

Ал жүйе қаржысының ағымдары бойынша қор қаржысына, атаулы төлем қабілеті төмен тұрғындар үшін Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі республикалық бюджет есебінен аударымдар жасайды. Тағы бір айта кетерлігі, жұмыс берушілер, жұмыскерлер, дара кәсіпкерлер, жеке нотариустар, адвокаттар, медиаторлар және басқа да қызмет аударымдары Мемлекеттік Зейнетақы төлеу орталығы арқылы мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына түседі. Және де медициналық сақтандыру жүйесі қолданысқа енгеннен кейін, денсаулық сақтау саласының инвестициясы 3,1 есеге артып, қаржының тиімді бөлінуі саланың сапалық деңгейін көтереді деп күтілуде.

Ал 81-қадам бұл денсаулық сақтау саласында инновациялық идеяларды енгізе отырып, дамыған елдер стандарттарына жетуді көздейді. Мұнда саланы жетілдіруде ерікті білім алу аясын кеңейту, біліктілік және түрлі шаралар-ды жүргізу, медициналық қызмет көрсету сапасын ұлғайту қа қарастырылған. Сонымен қатар, салада жеке меншіктік бөлікті ұлғайту арқылы тиімділікті арттырып, тұлғалық, тегін медициналық көмектің кепілді көлемінің шеңберінде жекеменшіктік медицинаны дамыту айтылған. Яғни, бәсекелестікті тудыра отырып, сапалы да қолжетімді медициналық қызмет алуға жағдай жасайды. Айта кетерлігі, денсаулық сақтау нысандарын жекешелендіруде бірінші кезекте материалдық-техникалық базасы төмен және тиімсіз деп танылғандар жатады. 82-қадам аясында міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру кезінде ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі жанынан медициналық қызмет сапасы бойынша бірлескен комиссия құрылады. Оның міндетіне халықаралық стандарттарға сәйкес аккредитеу және түрлі сұрақтарды шешу кіреді. Осы бірлескен комиссияны құру және дамыту кезеңмен жүзеге асатын болады.

Шара соңында облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы А.Әлназарова журналистердің қойылған сұрақтарына тұшымды жауап берді.

С.ҚОРҒАНБАЙҚЫЗЫ.

САУДАҒА САПАЛЫ ӨНІМ ҚАЖЕТ

Қалалық ветеринария бөлімінің басшысы Нұрлан Ахметов БАҚ өкілдері қатысқан брифингте сала бойынша атқарылған жұмыстарды баяндады.

Бүгінде қалада қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулау және жою жұмыстары күнделікті жүргізіліп жатыр. Қазіргі уақытта 7283 ит, 4048 мысық ауланып, жойылған. Былтыр бұл жұмыстарға 18785 мың теңге бөлініп, толық игерілген.

– Ауланған ит-мысықтар 2014 жылы алынған сыйымдылығы 1 тонналық инсинератор пешінде өртеліп, қалдықтары биотермиялық шұңқырға тасталынады, - деді Н.Ахметов. Сондай-ақ, бөлім міндеттерінің бірі азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету болып табылады. Қалада ішкі сауда объектілеріне келіп түскен ет өнімдерінің барлығы мал сою алаңдарында сойылып, ветеринариялық анықтамалармен тасымалданады. Ішкі сауда объектілеріндегі сатылатын мал ет өнімдері міндетті түрде ветеринариялық анықтамамен қабылданады және ветеринариялық сараптама актісі негізінде сатылуда. Осы орайда ветеринариялық-санитарлық сараптама жүргізетін зертханалардың барлығы үй-жаймен қамтамасыз етілген. Сондықтан сапалы жұмыс атқаруына бөлім мамандары тарапынан күнделікті бақылау жүргізіліп отырылды.

Нұрбек САҒАТҰЛЫ.

ЖАҢА ӨНДІРІСТЕР ПАЙДА БОЛАДЫ

Бұқаралық ақпарат құралдарына арналған кезекті брифингте журналистермен жүздескен облыстық индустриялық-инновациялық даму басқармасы басшысының орынбасары Ринат Сұлтангереев Қызылорда облысында индустрияландырудың екінші бесжылдығында жүзеге асырылатын жобалар туралы айтып берді.

Басқарма басшысының орынбасары атап өткеніндей, индустрияландырудың екінші бесжылдығы аясында облыста жалпы құны 466,9 млрд теңгені құрайтын, пайдалану кезінде 6 мыңға жуық жұмыс орнын қамтитын 41 жоба іске асырылатын болады. Оның ішінде 2015 жылы құны 2,3 млрд теңгені құрайтын 5 жоба жүзеге асырылып, 250 адам жұмыспен қамтылды. Алдағы уақытта Индустрияландыру картасы аясында облыста келесі ірі кәсіпорындар іске қосылатын болады. Құрылыс индустриясы саласында шыны зауыты мен цемент зауыты жұмыс істейді. Металлургия саласында «Шалқия» қорғасын-мырыш кенішінде қуаттылығы жылына 4 млн тонналық кен-байыту комбинаты, ферроқорытпа зауыты және «Балауса» фирмасы ЖШС ванадий өндірісі. Айта кету керек, 2014 жылы ҚР Президенті жанындағы Тау-кен металлургиялық кеңесінің отырысында жоғарыда аталған үш ірі жобаның іске асырылуын қамтитын «Қызылорда облысының тау-кен металлургиялық кешенін дамыту бойынша «Жол картасы» қабылданды.

Ал агроөнеркәсіп саласында тауарлы-сүт фермасы, томат пастасы өндірісі жұмыс істей бастайды. Мұнай-газ саласында «Қызылорда аз тонналық мұнай өңдеу зауыты» ЖШС-ның «Экологиялық класы К4, К5 мотор майының өндірісі» жобасы жүзеге асырылады.

Р.Сұлтангереев екінші бесжылдықтың ерекшелігіне тоқталып өтті. Басты ерекшелік – Индустрияландыру картасы жобалары бойынша мемлекет пен бизнестің аражігі ажыратылған. Бұл орайда мемлекет – мемлекеттік қолдау шарасын көрсетуге жауапты болса, бизнес – белгіленген мерзімде жобаны іске қосуға және табысты жүзеге асыруға міндетті. Брифингте сонымен қатар, облыс көлемінде жаңа инвестициялық жобаларды іске асыруға ықпал жасау, оларды сыртқы инженерлік инфрақұрылымы жеткізілген дайын аймақтарға орналастыру мақсатында индустриялық аймақ құру жұмыстары белсене жүргізіліп жатқаны туралы айтылды. Индустриялық аймақтарды дамытудың арнайы тұжырымдамасы да әзірленген. Бүгінгі күні облыс көлемінде индустриялық аймақтар құру үшін барлығы 906 гектар жер телімдері бөлініп, оның ішінде 148,6 гектар жерге жобалар орналастырылған. Оның ішінде Қызылорда қаласында – 760 гектар, аудандарда барлығы 146 гектар жер аумағы бөлінген.

Ыдырыс ТӘЖІҰЛЫ.

Қызылорда қаласы спорттық жетістіктерде республикада алғашқы орында тұр.

Бұл жөнінде қалалық дене шынықтыру және спорт бөлімінің басшысы Асылжан Жаманқұлов брифингте кеңінен тарқатып айтып берді. БАҚ өкілдерімен болған кездесуде ол қалада іске асқан жұмыстар мен биылғы жылы қолға алынатын міндеттер жайын сөз етті

РЕСПУБЛИКАДА АЛДЫҢҒЫ ОРЫНДА

Бүгінде облыс орталығы спорттық додалар жиі өтетін шаһарға айналған. Қой жылында 56 қалалық, 66 облыстық деңгейдегі жарыстар өткен. Осы жарыстардың барлығында аймақ спортшылары жоғары жетістіктерден көріне білді. Атап айтсақ, 9 спортшы халықаралық дәрежедегі спорт шебері атағын алса, 18-і ҚР спорт шебері, 192-сі «Спорт шеберлігіне үміткер» атағын алды. Ал ҚР ұлттық құрама командасына Қызылорда қаласы бойынша 168 спортшы енген.

Қалалық дене шынықтыру және спорт бөлімі Қажымұқан Мұңайтпасұлын еске алуға арналған қазақ күресінен дәстүрлі республикалық ашық турнирін, алғаш рет аралас жекпе-жектен қала әкімінің жүлдесі үшін «Alash Pride Selection 11» жарысын өткізіп, жанкүйерлерді дүр сілкіндірді.

Президенттік сынамалар тапсыруда 77106 қызылордалық белсенділік танытқан. Қала аумағында 549 спорт нысандары жұмыс жасайды. Оның ішінде 2 стадион, 7 спорттық кешен, 3 жүзу бассейні, 108 спорттық зал, 1 жеңіл атлетикалық манеж, 2 ату тирі, 8 теннис корты, 349 спорт алаңы, 67 қосымша салынған спорт зал мен 1 хоккей корты және жаңа ипподром бар.

Былтыр «Қайнар» спорт клубы арқылы 49 спорт нұсқаушысы қалада және қалаға қарасты 9 елді мекенде 4000-ға жуық қалалықтың қатысуымен сауықтыру, дене шынықтыру жұмыстарын жасаған.

Демеушілер есебінен құны «Тарлан» бокс орталығы пайдалануға берілді. Сонымен қатар, қала орталығына спорт алаңы салынып, И.Ильин атындағы алаң қайта жаңғыртудан өтті.

Биыл облыс орталығында Илья Ильин атындағы ауыр атлетика спорт кешені, 3000 орындық футбол манежі және ескек есу каналының құрылыстары мен әл-Фараби ауданында 320 орындық дене шынықтыру және сауықтыру кешені құрылысын салу жоспарлануда.

Нұрбек ДӘУРЕНБЕКОВ.

ЕЛДІ АЛҒА ЖЕТЕЛЕЙТІН БАСТАМА

Сейсенбі күні «Сыр медиа» ЖШС жанындағы облыстық коммуникациялар орталығында экономика ғылымдарының кандидаты Қазыбай Құдайбергенов журналистермен кездесіп, «100 нақты қадам» – Ұлт жоспары жайлы ойын ортаға салды. Сонымен қатар Елбасының жаңында жарық көрген «Ұлт жоспары – қазақстандық арманға бастайтын жол» атты мақаласы төңірегінде әңгіме қозғады.

Қазыбай Құдайбергенов мақаланың бүгінгі экономикалық, әлеуметтік жағдайды толық қамтығанын жеткізді. Әр саланы саралап, нақты қадам мен атқарылар істі жүйелеп көрсеткен бұл бастаманың бізді дамыған 30 елдің қатарына жетелейтіндігін айтты.

– Қазақстанның болашақ дамуы әлемнің дамуымен тікелей байланысты. Ал қазіргі қоғам нарыққа негізделген. Нарықта екі фактор бар – сұраныс, ұсыныс. Сол бәрін шешіп отыр. Елбасымыздың мақаласы соның барлығын есепке ала отырып жазылған. Бұл да Елбасы көрегенділігінің, болашақты болжай білетіндігінің көрінісі, – деді ол.

Сондай-ақ, мақалада айтылған салмақты ойдың жемісі біздің аймақта да іс жүзінде жүзеге асып, көрініс тауып отырғандығын жеткізді.

М.ТОҚТАСЫНҚЫЗЫ.

ОЗЫҚ 30 ЕЛДІҢ ҚАТАРЫНАН КӨРІНУ ҮШІН

Елбасының «100 нақты қадам» Ұлт жоспарының 76-қадамындағы 12 жылдық білім беруге кезең-кезеңімен көшу бойынша ҚР Білім және ғылым министрлігінің бұйрығына сәйкес, облыс бойынша 2 мектеп республика көлеміндегі 30 пилоттық мектептің тізіміне енгізілді. Бұл жаңа жоба өткен жылғы 1 қыркүйектен облыстың Жалағаш ауданындағы №31 және Қызылорда қаласындағы №2 «Мұрагер» мектебінде сынақтан өткізілуде. Сонымен қатар, өткен жылғы 19 наурызда облыс әкімдігі мен «НЗМ» ДББҰ-ның арасында меморандумға қол қойылып, облыста Назарбаев зияткерлік мектебінің іс-тәжірибесін насихаттайтын 22 инновациялық мектеп танылып, олардағы 700 мұғалім біліктілік арттыру курстарынан өтті.

Ал 77-қадам бойынша еліміздің негізгі салалары үшін білікті кадрлар даярлайтын базалық 10 алдыңғы қатарлы колледждің қатарына облыстағы И.Әбдікәрімов атындағы Қызылорда аграрлы-техникалық колледжі 2 мамандық бойынша енгізілді. «Электрмен қамтамасыз ету» және «Есептеуіш техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету» мамандығы бойынша 10 инженер-педагог біліктілік арттыру курстарынан өтті. Осы мамандықтардың материалдық базасын жаңғырту мақсатында республикалық бюджеттен қаржы бөлінді. Сондай-ақ, М.Мәметова атындағы Қызылорда гуманитарлық колледжі мен «KATEV» халықаралық қоры арасындағы келісім нәтижесінде мектептердегі негізгі пәндерді ағылшын тілінде оқытатын мұғалімдерді даярлау республикада алғаш рет пилоттық жоба ретінде қолға алынды. Бұл ретте, облыс әкімдігі мен «KATEV» халықаралық қоры арасындағы екіжақты меморандумға қол қойылды. Халықаралық қор тарапынан оқу орнына жауапты қызметкер бекітіліп, ағылшын тілін тереңдетіп оқыту бағытындағы жұмыстар басталып кетті.

100 қадамда «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясының жобасын мектептің білім беру бағдарламасына енгізу қажеттілігі айтылған. Оның негізі болып табылатын құндылықтар: Тәуелсіз Қазақстан, қоғамдағы ұлттық бірлік, бейбітшілік пен келісім, жоғары рухани-адамгершілік, жаңа инновация негізінде экономикалық даму, жалпыға ортақ Еңбек қоғамы, бір тарих, бір мәдениет, бір тіл, ұлттық қауіпсіздік пен жаһандық мәселелерді шешуге атсалысу. Осы құндылықтар аясында жаңа қазақстандық патриотизм негізі қалыптасады.

Тәуелсіз елімізді «Мәңгілік Ел» ететін ұрпақ тәрбиелеуде ұстаздар қауымына артылар жүк ауыр, сенім мол болмақ.

Бекжан ЕСЕНБАЕВ,
облыстық білім басқармасының бөлім басшысы.

АҰЫЛДАРДА МАЛ САНЫ АРТЫП КЕЛЕДІ

«Сыр медиа» ЖШС жанындағы облыстық коммуникациялар орталығында өткен баспасөз мәжілісінде қалалық ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы Дулат Таубай өткен жылды қорытындылап, биылғы жыл жоспарларымен бөлісті. Бөлім басшысының айтуынша, былтыр қалаға қарасты ауылдарда мал саны айтарлықтай артқан.

Өткен жылы «Сыбаға» бағдарламасымен жоспар бойынша «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ арқылы 9 шаруашылық құрылымдары 69,0 млн теңге несие алып, алынған несиеге 415 бас аналық сиыр және 22 бас асыл тұқымды бұқа сатып алынған. Ал «Құлан» бағдарламасы аясында 5 шаруа қожалықтарына 33,5 млн теңге көлемінде несие берілсе, оған 131 бас аналық бие және 14 бас айғыр алынып өсірілуде. «Алтын асық» жобасы аясында Қызылөзек ауылдық округінен «Сержан» жеке кәсіпкері мал басын асылдандыру мақсатында қолда бар 300 бас аналыққа 10 бас асыл тұқымды ет бағытындағы қошқар сатып әкеліп, тұқымды мал басын көбейтумен айналысуда.

Ал мал шаруашылығы бойынша биылғы жылдың 1 қаңтарына дейін меншіктің барлық нысандары бойынша 15282 бас ірі қара мал, оның ішінде 7535 бас сиыр, 15136 бас қой мен ешкі, 4120 бас жылқы, 1398 бас түйе, 12235 құс өсірілуде екен.

Н.САҒАДАТ.

НҰР АТАДА

эссе

ШІЛДЕДЕ ЖАҢБЫР СІРКІРЕГЕН КҮН

«Дуние – жақсылармен жарық» деген бар. Қазақтың қабырғалы қаламгері Әбіш Кекілбайұлы өмірден озғанда сол жарық көмескіленіп, ұлттық ой әлемі ойсырап қалғандай күй кештік. Соған да, міне, қырық күн толыпты. Соған орай Алаштың ардақтысына айналған дарын жайлы жазылған ой-толғамды оқырман назарына ұсынып отырмыз.

– Қалдарбек Найманбаев ағаңа жолығып кет, - деген Алматыға келген бір сапарымда. Әйтеке бидің жатқан жеріне қатысты әңгімелесіп кетті. – Бұл шаруаға қоғамдық ұйымдар ұйытқы болып жатса – нұр үстіне нұр болары хақ. Сіздерге тиіп тұрған жер ғой Нұр Ата...Ел азаматтарының басын құрап,осы шаруаны қолға алу керек.Бұл енді бірер жылда аяқтала қоймайтын іс болар.Бірақ,бір басталып кетсе, қозғалып кетсе деп отырмыз...

Бұл тоқсаныншы жылдардың орта тұсындағы әңгіме еді. Әбіш аға Мемлекеттік хатшы қызметінде. Қалекең Дүниежүзі Қазақтары Қауымдастығы Төрағасының бірінші орынбасары. Көкбазар жанындағы Қауымдастық кеңсесінде келелі сұхбат болды. Қалдарбек аға Өзбекстан Мәдениет министрліне жолдаған хатының мәтінімен таныстырды. Ондағы қандастарымыз жиі-жиі құлаққағыс жасап жүргендігін білдік. Біз қоғамдық қор құрып, Навои облысындағы қазақ диаспорасы өкілдерімен кездесе бастадық.

Бұдан кейінгі жылдары Әбіш ағамыздың сілтеуімен, өзі жазғандай, «туған жері белгісіз, өлген жылы белгісіз, жатқан жері белгісіз» Әйтеке бидің сүйегі жатқан орынды анықтауға біршама уақыт жұмыс жасап, атсалысқан едік. Бұл ізденіс,зерттеулерге Ташкент пен Навоидағы қазақ мәдени орталықтары ұйытқы болған еді. Қазақ, өзбек антрополог ғалымдары Сейітқұл әулиенің аяқ жағына қойылған мүрде Әйтеке бидің сүйегі болуы мүмкін деген болжам жасады, – деген хабарға елең ете қалып, өз көзіммен көрсем, армансыз бір сол маңайды араласам деп ниет еткелі қашан. Бірде сол кездегі Маңғыстау облысының әкімі Қырымбек Кошербаевпен бірге арнайы ұшақпен келетін болып жатыр деп, нақтылы күндері айтылған сәлем де жеткен. Сыртқы қатынастардағы бір жағдайлармен өзбек жағы келісімге келмепті деген екінші хабар да жетті. «Сабақты ине сәтімен» дегендей, көптен көңілде жүрген бұл жолсапардың да реті келді.

Жаңа ғасырдың тоғызыншы жылы, шілде айының отыз бірінші жұлдызы еді. Сарыағашта демалып жатқан кезде Әйтеке би кесенесінің ашылу салтанаты белгіленіп, Ташкенттегі елшілік азаматтары арнайы хабарласты.

Әбіш ағам мен Клара отырған ұшақ Ташкенттен көтеріліп, Бұхара әуежайына қонғанда шіліңгір шілденің ми қайнатқан ыстығы ауаны өрт жалынымен шарпып тұрған. Әуелі Баһауеддин Нақышбанд әулиеге зиярат жасадық. Навои шаһары арқылы Нұр Атаға қарай бет алдық. Екі ұлы өзен - Әмудария мен Сырдария аралығында, Мауреннахр өлкесінде теріскейге қарай зулап келеміз. Әбіш ағам осы аймақтың екі мың жылдық тарихын қазбалап, сөйлеп келеді. Бейне бір осы жерде туып – өскен сияқты. Тарихи тұлғалар, жер, су, құм, тау атаулары, көне қалашықтарды жіпке тізгендей еске түсіріп келеді. Александр Македонскийдің жер қайысқан қалың қолы маңдайлары тасқа тигендей осы Нұр Атада жеңіліс тапқан. Мұнан әрі маған барар жер жоқ деп ұстазы Аристотельге, анасы Олимпиадаға хат жазған. Осы қасіреттен кейін артқа шегініп, Сырдарияға дейін кері жөңкіліп, қазіргі Өзбекстанның Гүлстан қаласы төңірегінде қаза тапқан. Тұран дүниесі, Тимуридтер, Шайбанилер замандары, «жеті өлікке жан берген, жеті пірге қол берген» Баһауеддин әулие, Әмір Темір, Ұлықбек, Жалаңтөс Баһадүр, Ораз би, Әйтеке билер туралы біз естімеген, ешқайдан оқымаған мағлұматтар тайға таңба басқандай көріністермен айтылып жатты.

– Қаракөл қай маңда еді? – деп кенеттен сұрақ қойып, сүлік қара «Мерседестің» терезесінен жол бойындағы созылып жатқан ойдым-ойдым құмды жоталарға көз салды. – Ноғай Ордасының бір астанасы болған жер. Бір кезде Арғындар Арқаға қарай осы жерден көшкен замандар болған...

Қаракөл Бұқараның сырт жағында, Әмудария жағында қалғанын айттық.

Бұл Халық жазушысының жайдан жай келісі емес еді. Ол өзінің әйгілі тарихи - философиялық «Әйтеке би» зерттеу еңбегінде ұлы бидің туған, өлген жылдарына, жатқан жеріне болжам жасап, нақтылап берген болатын. Кейін қоғамдық қорлар, атымтай жомарт кәсіпкерлер ұйымдасып, Қазақстанның өзбек еліндегі елшілігі іліп әкеткен қастерлі шаруа қайырлы іспен аяқталды. Ғасыр оқиғасы деп бағаланған, барша қазаққа көзайым қуаныш болған үлкен істің бастауында – Әбіш Кекілбайұлы тұрды. Жалпы, Әйтеке би тақырыбына, іздеу,зерттеу, болжамдау жұмыстарына тұңғыш түрен салған – Кекілбаев! Әрине, отыз жыл бойы қалам тербеген марқұм Мұқадес Есламгалиевтың еңбегін, сірә да, жоққа шығара алмаймыз.

Әбіш аға не айтса да, не жазса да тереңнен қазып, алыстан тербеп, өзіне дейінгілер айта қоймаған, байқай алмаған құбылыстарды қолмен қойғандай жіпке тізіп, жіліктеп, жүйелеп берер еді. Осындай ғажайып туындылардың бірі, сөз жоқ, жоғарыда айтылған еңбегі. Мұндағы елең еткізер бір тұсы – осы біздегі «Үштік Одақ» қайдан шыққан құрылым? – деген сұрақтың күмәнсіз дәл жауабы тәптіштеледі. Бұл жағдайды қоғамға бірінші болып түсіндіріп берген білімпаз – Кекілбаев! Сәйтсек,бұл адамзат жаратылғалы бергі әбден сыннан өткен, өркениет тағдырларына ықпал жасаған ежелгі үрдістер болып шықты. «Үш жүз» дегеніміз де тек қана қазақтар ойлап шығарып, тақыр жердің үстінде пайда бола қоймаған қауымдастық емес екен. Үш ұлыстың көсемдері болған Төле, Қазыбек, Әйтеке билер ақыл-білігімен де өздерінің мінез-құлқымен де жүйелеген жөн-жоралғылар болыпты. Жастарына қарай емес, жолдарына қарай сөйлеп, қарекет ету дәстүрі халқымыздың қанына сіңірген қасиеттері болып қалыптасқан. Жасы кіші болса да Төленің – аға, жасы үлкен болса да Әйтекенің іні болу сырлары мен қырларын түсініп біліп отырмыз.

Абыздың аты – Абыз, Дананың аты дана ғой. Шежірені есте жоқ ерте замандардағы Скифтерден таратады. Олар мекендейтін шөлді аймаққа тұңғыш қадам басқан адам – Торғытай. Әкесі – Зевс. Липоксай, Арпоксай, Колоксай деген үш ұлы болған. Аспаннан түскен соқа,айбалта, табақты үш ұлына қатар ұсынған. Екі үлкені бұл бұйымдардан бас тартып, кенжесі Колоксайға бұйырыпты. Қазақтағы кенже бала Қарашаңырақтың иесі болатын дәстүрді еске түсіреді.

Ежелгі Римнің өзі үш жүзден құрылыпты. Осы үш жүздікке кіретін үш жүз рудың аса қадірлі ақсақалдары кеңес құрып, ел солардың ақылдарымен жүріпті. Осы жерде Абыз:

– Расында да неге үшеу? Неге екеу емес немесе төртеу емес?- деп өзіне өзі сұрақ қойып алып, тарих қойнауларын қайтадан шиырлай бастайды. Адам Ата мен Хауа Ана екі ұлды болады. Екі туысқан.Абыл Қабылды өлтіріп тынады. Өлген бауыры келмеске кетті, қанішер де жолы болмайды, арты оңбайды. Тағы мысал керек пе?

Ыбырайым Пайғамбар Ажар есімді күңінен Ысмайыл атты ұл көреді. Бәйбішесі Сараның пұшпағы қанамай жүр екен. Осыдан кейін тәңір жебеп, сәби көтеріп, Ысқақ деген ұл табады. Қолында пәрмені бар бәйбіше күңнен туған Ысмайылды шешесімен бірге Мысырға қарай қуып жіберген. Исмайылдан көп әулет тараған. Олардан қазіргі арабтар өрбиді. Ысқақ ұрпақтары еврейлер деп аталып кеткен. Қаншама дәуір, қаншама ғасырлар өтті. Әкелері бір, аналары бөлек болған арабтар мен еврейлер осы күнге дейін тіл табыса алмай, жауласып келеді. Бар жоғы әкеден екеу болғасын.

- Ипырмай! – дейсіз аңтарыла қарап. Жазғандарын оқып, әңгімесін тыңдай бергіңіз келеді. Жоғарыда айтылғандай, бәйбішенің баласы Ысқақ өз бәйбішесінен Иса мен Жақып атты егіз ұл сүйген. Бір күні, бір құрсақтан шыққан егіздер де тіл табыса алмай дүниеден өткен. Нұх Пайғамбардан Хам, Сам, Ипес атты үш бала туған.Үшеуінен алуан түрлі нәсіл өрбіген. Осы үшеудің қарым-қатынастары әркілі болғанымен, адамзаттың тұқымы құрып кеткен жоқ. Жер басып жүрміз. Арғы аталарымыз Үшеу болғасын! Мұнан да басқа мысалдарды таразылап, сараптай келіп, қазақы қисын-қағидаларға тоқталады. Табиғат заңдылықтарын тұжырымдайды. «Диірменнің бір тасына ғана тұтқа салып, айналдырсаң, ұн аласың, екі тасына бірдей тұтқа салып айналдырсаң, - құм аласың», - деп қарапайым көріністен көзінді жеткізеді, ойыңды орнықтырады. «Табиғаттағы үшінші күш кереғар екі күштің бірін бірі құртуына жол бермей, теңестіріп тұрады. Төртінші күш онсыз да тайталас дүниені одан сайын өршітіп жібереді», - деп тоқетер сөзін айтып, кесімді пікірін шегелеп бекітіп береді.

Мұнан да басқа Үш тағанға байланып тұрған заңдылықтар туралы көкжиегіңіз кеңіп, білігіңіз молая түседі. Ал енді атамыз қазақ қалай Үш жүзге бөлінгені туралы да неше түрлі аңыз-әпсаналар жетіп артылады. Бірі-бірімен қиылысатыны да, қиылыспайтыны да бар. Әбіш ағамыздың айтынша, Үш жүз – Бір Одақ құрылымын тиянақтап берген Ақназар хан. Тілі,діні бір,тұрмыс-тіршіліктері де бірдей, бірақ, сол замандарда үш түрлі мемлекетте өмір сүрген тайпалардың басын біріктіре алған. Моғолстан қазақтарының жолын қадірлеп, Ұлы жүз атандырады. Ақорда қазақтары Орта жүз атанған. Жаңа Одаққа кейін келіп қосылған Алтын Орда қазақтары Кіші жүздер болды. «Бұл алауыздықты емес, ағайынгершілікті, жікшілдікті емес, ынтымақты көздеген концепция еді», - дейді. Үш жүздік Одағының іргесін бекітіп, шаңырағын биіктеткен – Тәуке хан. Оның бастамашыл болуымен жасалған «Жеті жарғы» – тұңғыш Заңдар жинағы екендігі талас тудырмайды. Міне,осы кезеңде тарих сахнасына келген Ұлы билер – Төле, Қазыбек,Әйтекелер бұл жолда өшпес, өлмес мұралы еңбектер жасаған. Қазақ қоғамы да ғасырлар бойы осы үрдіспен дамып келе жатқандығына көз жеткізесіз. Осы күнге дейін халықтың күрделі жағдайларда Төле, Қазыбек, Әйтеке билерді іздейтіндігі, жоқтайтындығы бар емес пе? Кеңес Одағы кезінде де, қазіргі Президенттік басқару кезінде де осы адамзат жаратылғалы бері дамып келе жатқан өркениет дәстүрі сақталып келеді. «Үш сала – бір арна» дейді терең толғаныспен – қай істе де, қай тұста да осыны ұмытпасақ талай келісіміміз түзеліп, талай ортамыз толар еді» -деп ойға шомады, толғанады. Қазіргі заманның Төбе биі деп қалай айтпассың!

«Иә, ол да үш арыстың тірегі, үш асылдың бірі еді. Дуние жалған десейші!» – деп, алғаш рет Алты Алашқа жар салып, замандастарының назарын аударған, ұлықтауға шақырған, жас буынға аманат еткен Әбіш ағаға өткенкеткенімізді айтқызып қойып айызын қанғанша тыңдап отырғанның өзі бір ғанибет дуние ғой, шіркін.Әйтеке бидің Нұр Атада туып, осында жерленгенін қолмен қойып, жілік-жілікке бөліп,аңыз-әпсаналарға негіздеп, айнақатесіз деректерге тіл бітіріп, тұңғыш болжамдаған да өзі еді. Сол замандағы қазақтың игі жақсыларымен бірге жүріп, бірге дәмдес, табақтас болып, бірге көшіп жүргендей әсер қалдырады.

– Әйтеке би – Алаш ішінде Алшыннан. Алшын ішінде Әлімнен тарайды. Әлімнен – Төртқара – Қараш. Қаратан Сейітқұл туады. Өз Тәукенің төртінші атасы Қасымхан, ия, кәдімгі Сарайшық астанасы болған, топырағы осы жерден бұйырған ханның өзі. Ол дүниеден өткесін қазақ билігін қолына алған Шығай Жәдік ұлы 1581 жылы күллі ұлысымен Сырдария бойындағы қонысын тастап, таулы қыраттар қызылдың құмымен шектесіп жатқан Нұр Атаға көшіп келеді. Әйгілі Әмір Темір астана жасаған Самарқанның солтүстік батыс жағындағы суы таза, ауасы тұнық – нағыз жер жаннатының өзі. Шығай ханның қасында Сейітқұл деген кісі болған. Ол қай Сейітқұл? Иә, кәдімгі Төртқара Сейітқұлдың өзі! Оның сен тұр, мен атайын дейтіндей атақтары жер жарған сегіз ұлы болған. Ең атақтысы – Самарқанды 40 жыл билеген Жалаңтөс Баһадүр сол кезде 5 жаста екен. Оның үлкен ағасы Ақша Қоқан ханы болған. Ақшадан – Бәйбек, Бәйбектен Әйтеке туған. Жалаңтөс Баһадүрдің тәрбиесінде болған.Ұлы билеуші қайтыс болғанда небәрі 12 жасқа толған кезі екен. Баһадүр 1766 жылы дуние салған. Ендеше Қожаберген жыраудың «Елімай» дастанындағы: «өткен жыл Әйтеке би дүниеден өтті, келгенде 56 жасқа ажал жетті» дейтін жолдары бидің 1644 жылы туып, 1700 жылы қайтыс болғанын айғақтайды. 1711 жылы Аралдың терістігіндегі Қарақұм съезіне қатысқандардың арасында Әйтекенің есімі аталмайтындығы оның бұл жиыннан көп бұрын қайтыс болғанын айтып тұрған жоқ па? Әйтеке бидің Түркістандағы Хан сарайынан төре тұқымымен келіспей, ренжісіп ата қонысы Нұр Атаға қайтып келіп, опат болғандығының себептері өз алдына басқа әңгіме. Ал Төле биге Ташкенттен, Қазыбек биге Түркістаннан топырақ бұйырғаны, сірә да, белгілі. Бүгінгі ұрпақ көзімен қарасақ белгілі байтақтарда, белгілі жерлерде сүйегі қалған бабалардың арманы жоқ сияқты. Бір қиянда, қазір бөтен ел болып, шекарасын бекіткен, тілі балдай тәтті болғанымен, бауыры тастай қатты бола бастаған елде қалған Әйтекенің бақилық тағдыры кімкімді де алаңдататыны рас қой.

Кесене ашылар сәт тал түске дендеді. Күн шыжғырып барады. Қызылқұмға жұмыртқа домалатып алсаң, әп-сәтте пісіп қалатын шаңқай мезгіл. Алғашқы сөз, әлбетте, Әбіш ағаға берілді. Бұл Қызылқұм қойнауында Ұлы би дүниеден өткеннен кейін алты Алаштың, басқа да түрлі – түрлі ұлттар мен ұлыстардың өкілдері бірге бас қосқан үш ғасырдан кейінгі ұлы жиын еді. Бұл аймақтағы қарға тамырлы қазақ қана емес, діні бір болғаныменен, тілі мен түрлері ұқсамайтын қалың жұртшылық мұндай мерекені көрмегелі қашан. Бұл жақтан біздің ел ауғалы қай заман. Қалған бөлігі Тәуелсіздік жылдары атамекенге оралып жатты. Мұнда қазір негізінен екі мың жыл бұрын келген парсылардың тұқымдары өмір сүреді. Ислам дінін таратуға келген Сейітқожалар ұрпақтарына сыйынады. Олардың мұнда келгеніне мың екі жүз жылдың шамасы болған.

...Әбіш ағам сөзін бастай алмай кідіріңкіреп қалды. Толқып тұр. Көңілі босап тұрғанын байқадық. Тыңдарман халық селт етпей сыбыр - күбірсіз аңтарыла қарап отыр. Не айтар екен деп елеңдесіп күтулі. Төбеден жалынын шашқан Күн – құдірет күйдіріп барады. Жиналғандардың барлығы бірдей қызыл шағылда туып-өскен, күңқақты адамдар емес қой. Жарты Қазақстаннан, жанжақтан келгендер күн төбеге көтерілген сайын қызарақтай бастаған. Уа, ғажайып! Осы кезде Нұр Ата тауының бір биігінен кесене жаққа қарай қазбауыр бұлттар жылжып келеді. Әлде қапырық демін қысып бара ма? Немесе үш ғасырдан кейін басына шырақ жағылған Әйтеке бабасының тағдыры толқытып тұр ма?

«Жетелі ер адаспас –
Бабадан қалған сөз бар ғой.
Жетелі ел адаспас –
Бағзыдан қалған сөз бар ғой».
Әйтеке би

Халықтың алдында қапысыз сөз айтатын, әбден ысылған қабырғалы қайраткердің де қапияда сөз бастауға қиналатын сәті болады екен-ау?

Бірте-бірте қоюлана бастаған бұлтты аспан, айналаға көлеңкесін түсіре бастады. Әбіш аға басын көтеріп, шалқая қарап, көк жүзіне телміре көз салды. Көк Тәңірімен тілдесіп тұрғандай. Осы сәтте жылы жаңбыр сіркіреп қоя бергені. Шілдеде Нұр Атада жаңбыр жауғанды кім көріпті, шіркін! Қарайған жұрт қапелімде аспаннан су бүркіп бір құдірет келіп қалғандай дүркіресіп көкке қарайды. Алдарында төралқадағы алқалы топта маңдайы жарқырап тұрған шешенге бір қарайды. Оң қолының алақанымен жаңбыр суы араласқан маңдай терін бір сипап тастап, көмейіне тіреліп тұрған сөз бастауын ағытты-ай келіп... Бәсеңдеу басталып еді, бара-бара ағыл-тегіл дария көшкендей ақтарыла бастады. Жарты сағаттан астам арғы-бергі тарихты тереңнен толғап, тебіренді келіп... Тоқтамай, іркілмей, барған сайын тынысы ашылғандай, қанаты жайылып бара жатқандай...

Төле, Қазыбек, Әйтеке билер түгелдей тіріліп келгендей, осы қазір арамызда отырғандай күй кештік. Ұлы даладағы небір есте жоқ ескі дәуірлердегі шежіре-сырлар көмейден емес, көктен хабарланып жатқандай ғажайып әсерде тұрмыз. Бауырлас Орта Азия мемлекеттерінің тәуелсіздігінен артық құндылық жоқ екендігін тебірене айтты. Ынтымақтастыққа, бірлікке, татулыққа шақырады. Әз бабалар осындай асыл мұраттармен өмір сүргенін баршаның жадына салды. Мұндайда сабыр мен шыдамның орны бөлек екендігін тұспалдады. Ынтымақтан асқан – береке, бірін бірі ұғыса алмаудан асқан келеке жоғын қадап айтып жатты.

Әбіш әлемі алқалы жұртты бауырына тарта бастады. Көпшілік таңдай қағып тамсанысты. Барған сайын жауһар сөз, шұғайлы тіл тыңдарман халықтың жан дүниесіне еміреніп еніп, тебіреніп тереңдей бастады. Шешен тіл мен көсем сөз аяқталғанша аспан жақтағы қызуы күшті күннен қорғап тұрған, бұлт болып көмкерілген алып шатырдың көбесі сөгілген жоқ. Жайма шуақ самал есіп тұрды. Қайтадан орнына жайғасқанда тебіренген халық теңселіп кетті. Әйтеке бидің аруағымен Әбіш ғұламаның ой, тіл құдіреті астасып жатқандай күй кешті. «Мына кісі тегін емес екен» деген күбір-сыбыр сөздер естіліп жатты... «Көкке көз тастап еді, жөңкіліп бұлттар келді шуда-шуда. Сөзінен сәл кідіріп еді,сіркіреп жаңбыр жауды...» Жиын қорытындыланып, біз көлікке отырғанда күн жарқырап қайта шықты... Ұлы бесінде аптап ыстық қайтадан күшіне ене бастады. Кәдімгі аспан жерге түскендей алаулы от... Асқа қарамай, Навои әуежайының құрметті қонақтар күтілетін қоңырсалқын залдарына асықтық. Ағамыздың денсаулығын қамдадық. Көлікке отырғанда Әбіш аға тым көңілді еді.

– Сәті түскен сапар болды-ау, – деп арқамнан қақты. – Таңертең Баһауеддин қазіретке тәу еткеніміз дұрыс болды-ау. Осы бізде Наһшбандия ілімі насихатталмайды. Оның себептерін кейін бір айтып берермін. Үйдегі кітапханамда біраз кітаптар да, бар оқимын десең...

...Бұл Нұр Атада шілдеде жаңбыр сіркіреген ғажап күн еді. Бұлар өзіміз куә болған, естіген,оқыған оқиғалардың бірер парасы ғана...

Жұмабек МҰҚАНОВ.

● ТАҒЫЛЫМ

ҚАЛИ КӨПІРІ

Біздің ауылдың сыртында үлкен канал бар. Ол канал баяғыда Сталин каналы аталатын. Ал сол каналда "Қали көпірі" атты өткел бар. Сол көпірден әрі-бері өткенде осы өткелге атын қалдырған Қали шал есіме түседі.

Жарықтық қызық кісі еді. Ол ерте көктемде Шаңқай базарына шығып, жетім лақтар мен қозыларды арзан бағаға сатып алып, Комсомолдағы қалың шеңгелге жіберетін. Ол кезде жер от, айнала қалың тоғай. Қалада қамауда тұрған малдар еркіндікке шығып, аяғымен жайылған соң лезде қоң жинайтын, олардың саны да тез өсіп, уақыт өте келе бір отар малға айналатын. Сол жетім лақтар мен қозылардың қайдан табыла беретініне таңғалатынмын. Ол кезде қалада шешендер көп, сірә, төлін айырып солар сататын болса керек. Жаздай өз бетімен жайылып, әбден семірген малдар қоңыр күзде Қалидың қалтасына қаржы болып құйылатын. Сол кісілер қазіргі заманда өмір сүрсе нағыз кәсіпкер болып шыға келер еді. Ол кісі жалғыз мал өсірумен айналыспайды. Бау-бақша егу де сүйікті кәсібі еді. Бір жерге пияз ексе, басқа жерде қауыны мен қарбызы, картобы мен сәбізі өсіп жататын. Ол кезде каналда көпір жоқ. Әрі-бері мал айдап өткен ауыл тұрғындары судан әбден зәрезап болатын. Бір күні Қали әкеміз жағалай еккен талтеректерінің ең тұзулерін балтамен кесіп құлата бастады. Оны әбден кептіріп, атпен канал жағасына тасыды. Жағалай жатқан теректер үстінде балалар ойнап, мәз болысып қалдық. Оны тасып болған соң канал үстіне қаз-қатар төсеп, көпір салуға кірісті. Оның үстіне көлденең айыр-айыр шеңгелдерді тастады. Ол кездегі шеңгелдер де ұзын, жуандығы баланың білегіндей. Шеңгел үстіне қалың етіп топырақ төседі. Жетпегенін алыстан арбамен тасыды. Ол кезде қазіргідегідей мыңдаған түтінді ауыл жоқ. Әр жерде бес-алты үй отыратын. Істегісі келген адам кімге сауын айтып жүрсін? Әлгі жұмыстарды Қали әкеміз бір апта жүріп бітірді. Біз Ибрагим атты баласымен қойешкілерін қайырысып, бірге ойнаймыз. Әлгі өткел бірден "Қали көпірі" аталып кетті. Кейін, бертін келе канал кеңейтіліп, тереңдетіліп техникалармен қайта қазылды. Үстіне темір бетоннан талапқа сай үлкен көпір салынды. Сонда да, Қали әкеміздің есімі сол көпірде қалып қойды. "Халық үшін көпір сал, сауабы тиеді" деген құран сөзінің ақиқаттылығы да осында. Өз есімін өшпестей етіп артында қалдырған қарапайым шалдың өнегелі тірлігі осы кезде еске түседі.

Биылғы жылы сол көпірдің екі жағын қоршаған жақтаудағы темір шарбағын әлдекімдер әдейі, автоген апарып кесіп алып кетіпті. Әрине, болмашы тиын-тебенге өткізу үшін. Салыстырып қараңыз. Оқымаған кәрі шалдың тірлігі анандай. Жаһандану кезіндегі оқыды, тоқыды, білімді деген жастарымыздың тірлігі мынандай.

Бұл не өзі? Әлде, нарық заңы осы ма?

...Кезінде Қали ақсақал ешкілағын қайырысып жүрген бізді түскі шайға шақыратын.

Далада, әлсін-әлсін суға түсіп келіп ішкен шай мен қолдан пісіп алған сары майды нанға жағып жегенді айтсаңшы. Осы кезге дейін таңдайыңнан дәмі кетпейді. Талай дәмдес болып, артында із қалдырған сары шалдың аруағы риза болсын деп осы мақаланы жазып отырмын. "Халқың үшін қызмет ет, атың өшпейді", – деген нақылдың мәнісі осы болса керек.

Жақан ИСАБЕКОВ,
зейнеткер.
Қызылжарма ауылы.

«АҚҚҰМНЫҢ» АЙЖАРЫҒЫ

Бақыт САРБАЛАҰЛЫ

1.

Біздің халқымыздың: «Елдің атын ері шығарады» дейтіні бар. Бұл ертеден-ақ рас сөз. Нақ осы сияқты белгілі бір жердің атын да ері шығаратыны шындық. Мысалы, Абай десек, жадымызда Жидебай мен Шыңғыстау жаңғырып қоя береді. Қазақстанның қай түкпіріне барсақ та, сол елдің ерлері өскен жердің атын да ұмытпаймыз. Жадымызда тұрады. Сол сияқты Арал теңізінің бір қиян қойнауындағы – Көкарал түбегі, «Аққұм» ауылы да менің жадымда. Бұған себеп болған не? Бұған себеп есімі елімізге танымал журналист, парасатты жазушы Айжарық Сәдібекұлының шынайы шығармалары. Тіршілігі тығырыққа тіреген сол Көкарал мен сол «Аққұм» ауылын Айжарықтың жүрек талантымен баяғы өмірдегідей әсем де әдемі қалпында тірілтуі мені әдебиет сыншысы ретінде қызықтырды.

Ал мұның өзі аз еңбек емес. Және абыройлы еңбек. Бұған қоса оның туындылары журналистік деректіліктен асып, әлеуметтік дәрменділікке – рухани қуатқа жетіп, төрт құбыласы тең көркемдікке ұласып жатса, не айтатыны бар?!

Мен әдебиетке келген балаң шағымнан бүгінге дейін Айжекеңнің қаламынан туған шығармаларын қалт жібермей оқып келемін. Бұл 1965 жылы орта мектепті бітіріп, Қызылорда пединститутының филология факультетіне түскен кезден бойға сіңген қасиет. Ол кез кеңес өкіметінің жүрек тоқы жібіп, жылымық орнаған, «ерікті елдердің мызғымас одағында» қазақтың да айы аумаған, жас таланттар қаулаған сәуір дәуір-ді. Облыс орталығында жазушылар одағының отауы болды. Біз ақын-жазушылармен қатар тәуір жазатын журналистерді де білетінбіз. Сол уақытта алдымызда жүріп, журналистика мен әдебиетке ә дегеннен батыл ентен ағаларымыздың бірі – осы Айжарық Сәдібекұлы болатын.

Айжарық әдебиеттегі алғашқы қадамын Қызылорда пединституты табалдырығынан бастаған. Жүсіпбек Арыстановтың әйгілі комсомол жастар көсемі Ғани Мұратбаев туралы жазған «Жалынды жүрек» повесін бір жексенбі күні оқып, ой-пікірін суытпай «Қазақ әдебиеті» газетіне жолдап жібереді. Үшінші аптада әлгі сын-пікірі жазушылар газетіне жарқырап шыға келеді. Ол кезде бірінші курс студентінің республикалық газетте сын мақаласы басылуы – үлкен оқиға. «Әдебиет теориясы» пәнінен сабақ беретін ұстазы Ақтай Тұрбеков: «Міне, сыншы! Міне, сыншы!» деп қуанып, оған ғұлама ғалым Әуелбек Қоңыратбаев қосылып, осы повесть бойынша оқырмандар конференциясын ұйымдастырады. Ректор Әділ Ермеков Алматыдан авторды шақыртып, дуылдаған талқылау өтеді. Баяндамашы әрине Айжарықтың өзі. Автор оған риза. Студенттің осы қадамы әңгіме жанрында талантануға ұласып, келесі 1962 жылы Айжарықтың «Әлімнің әжесі» әңгімесі облыстық «Ленин жолы» газетінің әдебиет бетінде жарық көреді.

Өкінішке орай, Айжарық бұдан кейін әдеби сын да, көркем әңгіме де жазбайды. Бұған негізгі себеп күнкөріс қамы болатын. Әдебиетпен жас кезінде жан баға алмайсың. Марксизм-ленинизмнің «сананы тұрмыс билейді» деген тұжырымы рас. Тұрмыс ауыртпалығы Айжарыққа күндіз оқуға мүмкіндік бермей, сырттай оқуға ауысып, газет жұмысына жегілуге мәжбүр еткен-ді.

Жазушы Айжарық Сәдібекұлының ерте туып, кенже қалуына осындай себеп болған-ды. Арасында армияға алынып үш жыл үзіліс болды. Оны бес жылдай аудандық газеттердегі, 25 жыл облыстық басылымдағы ауыр жұмыс құрсауы да босатпады. Шет жағасынан баспасөз бейнетін көріп, бастан кешкен біз де хабардармыз. Сықиған партиялық газетте еңбек ету, оқырмандарды қызықтырмайтын, олар арнайы хат та жазбайтын партия тұрмысы, совет құрылысы бөлімдерінің бейнеті, сан-сапалақ науқандарға орай біреудің пікірі мен мақаласын ұйымдастыру – не деген азап?! Советтік съезд, сайлау кездерінде редакцияда түнейтін кезекшілік ше? Қайта осының бәріне төзген, осының бәрінде жойқын журналистік күш-жігері мен жалқын атқан жастық шағының ыстық жылдарын қалдырған, әдеттегі сұрқай мақала, очерк, суреттемелердің шоғын жандырған Айжарық ағамыз нар екен. Әдеби ортадан алыстап жоғалып кетпегені қайран қалдырады. Бүгінде сол ересен еңбегі желге ұшып, күндер мен түндерде төккен маңдай терінің еленбей зая кеткеніне өкінеді. Өз кәбілет-қарымын білетін таланттың бірыңғай көркем әдебиетпен айналыса алмадым деп өкінуі орынды.

Енді тақырыбымызға осы тұрғыдан келіп, Айжарық Сәдібекұлының суреткерлік, әдеби-әлеуметтік әлемінен дән теріп, аралап көрелік.

2.

«– Тұлпар... жан-ан-н... – Құлағына бір майда үн, жып-жылы таныс үн талып жеткендей болды.

– Тұлпартай, тұра ғой, күнім... – Енді анығырақ естілгендей болды, тағы да сол үн. Көзін ашса, апасы екен оятып тұрған.

– Үйқың қанған шығар?.. – дейді. Сөйлеп тұрмаған секілді, әлдебір сазды дыбыс ырғағына қосылып тұрғандай; анасының әлди үні шырын татыған кеудесіне ән болып құйылды. Осы бір жанға жайлы әдемі сәтті қиғысы жоқ, бұзғысы келмеді. Осылай жата бергісі, жоға... осылай сәл-пәл жата тұрғысы келді. Кірпіктеріне әлі келер емес, өзінен-өзі жұмылып кете береді, ұйқылы-ояу, шалқасынан созыла түсіп әлгіндегі әлди үнді тағы бір тыңдап көрмек. Иә, тыңдап еді, рас, құйттайынан құлағына сіңіп қалған сазды әуен тынбастан құйқылжып тұр: ғи-ғу-ға-ғи-и-и-а-а-у-у-а-а... ғи-ғи...» (Даладағы желдің үілі)

Жазушының 1969 жылы кіндік кескен «Теңіз түкпірінде» повесі осылай басталады. Автор ұлы орыс жазушысы А.П.Чеховтың «Адамға күллі әлем керек» деген сөзін кілт-эпиграф етіп алыпты. Бекерге емес. Адам табиғаты нақ сондай. Тұлпарға тұтас дүние, толайым әлем қажет. Балалық шақ, ана махаббаты, әке мейірі, ата қамқорлығы, туған ауыл түтінінің тік ұшуы, Аққұм, теңіз, техника, мәдениет, жастық махаббат... Ерте есейіп ержетіп, тағдыр тауқыметі – отбасы қамын мезгілінен бұрын түгендеп жүрсе де анасының «әлдиін» әлі қажет етеді. Туған жердің ысқырған ызғырық желі де таныс, тәтті әуендей етене ыстық...

Тысқа шықты шолақ тонын қаусырынып. Қысқы жел кешегідей ұйытқып тұр екен. Жалғыз панасы, асқар тауы Нармағамбет атасының омырауына

күндегі әдетінше тұмсығын тығып жіберіп, құмарын қандырып алды да, шанамен шөп тасуға шықты.

Жаау борасын астында бұйыққан шағын ауыл. Жұмысқа жарамдылары асқанда бір бригада. Трактор жоқ... Барлық тірлік қолмен атқарылады. Теңіз тартыла бастаған соң ел сөгіле көшіп, селдіреп қалған. Клуб тозған. Ауыл моншадан да мақұрым. Мектебі бастауыш. Мал басы да аз, иеліктерінде негізінен орталық берген жұмыс көліктері, сары сіңірлі ат-атан. Қыста шанамен алыс теңізге барып ау құрып, балық аулайды, мұз ояды, жандарын салып жоспар орындайды. Алақандай ауыл соған қанағаттанады. Бар ниет, қам-қарекет, тыныс-тіршілік тек жұмыс,жұмыс, мемлекет міндеті. Кешегі сұрапыл соғыстың да әсері, сталиндік идеология да әбден бойларына сіңген. Өздерін ойламайды, қолхоз үшін өмір сүреді.

Шығармада көп кейіпкер жоқ. Аккөңіл бригадир Қазыбай, ол «Дембелше қара» деп ат қойған Қареке қоғам, колхоз қарекетіне берілген. Ал колхоздың көлігін бағатын Алақай сарыға – арақ болса, бітті. Дүниесі түгел.

Повестегі нысана аясы – қиырдағы осы бір қиқымдай ғана мекен болғанымен, мұнда да қайнап жатқан өмір. Алпамсадай ауыл ақсақалы Нармағамбет – Тұлпардың атасы. Жалбыр қабақ, қоңқақ мұрын, үсті ғана емес, іші де мұнтаздай таза атасының орны бір бөлек. Ауыл ұстыны сол. Тұлпардың арманы – теңіздің оралуы. Оған енді тағы бір арманы болып бір аппақ қыз қосылыпты. Түсінде көрді ме, әлде елес пе? Өмірде оны бір кездестіретіні сөзсіз...

«Сен кімсің? – деді бұл жақындай түсіп.

Мен Атыраудың ақ толқынынан жаралған жанмын. Ал, сен өзің кімсің?

Мен Аралдың ақ толқындарынан тудым...

Қыз ақ көйлегі желбіреп жауып тұрған ақ ұлпа қардың арасымен, ақ толқындары алабұртқан көгілдір айдын теңіз үстімен жеңіл басып жүгіре жөнелсін...»

Алпысыншы жылдардың жастарында осындай бір ақ арман, ақ қанат арда тазалық болған-ды. Жапондардың адам негізі бес жасқа дейін-ақ қалыптасады деп дәл пайымдағанындай, кейін жамандыққа қарай бұрыла қоймайды. Осындай романтика, тартылып бара жатқан теңіз түбегінде күн кешкен адамдардың қанағатшыл болмысы, бозбала Тұлпардың аппақ армандары автор Айжарыққа да мейлінше ортақ екені дау тудырмаса керек.

Біз бұдан кейін «Аккұмның ақ түндеріне» (триптих) ұшырасамыз. Айтпақшы, арнайы аталып, ен тағылмағанымен, «Теңіз түкпірінде» повесі оқиғасының да өткен жері «Аккұм» ауылы. Айырмасы триптихта осы ауылдың берекесі кетпеген кезі, құтты теңіздің енді тартыла бастаған тұсы суреттеледі. (Аралдың шұқанағы қалып, «Аккұмның» өзі тұрғай ізі де жым-жылас болғаны – кейінгі уақыт). Жалпы, жазушы Айжарық Сәдібекұлының асқақ арманға толы деректі әңгімелері мен очерктерін және романтикалық пафосқа суарылып, реалистік ауыр шындықпен жазылған мөлтек баян, көркем әңгімелерін оқып, тұтас зерделеп өткізгенде, айдынды Арал сырына, Көкарал қырына, айрықша «Аккұм» жырына куә болып, жүрекпен сезініп, бастан кешкен өз ғұмырымыздай әсерге бөленеміз.

Енді Айжарық ағамыздың естелігіне кезек берсек: «...Сол түбектің ұзындығы біздің жалаңаяқ бала кезімізде алпыс шақырымнан асып жығылатын. Жарты аралдың «Аккұм» деп аталатын қонысына біздің балықшылар ауылы жиырмасыншы ғасырдың отызыншы жылдарында ұйымдасып, Ленин атындағы колхозға айналыпты. Ұжымдасудың алғашқы қарқынында-ақ Көкарал ауылдық кеңесінің, колхоз басқармасы мен балық қабылдау тресі кеңселерінің, почта үйі мен клубтың, бір келе түйелер еркін сиып кететіндей зәулім мұзқаланың, нан өнімдерінің түр-түрін шығаратын наубайхананың, кемелер тоқтайтын айлаққа ұзын плоттың және тұрғын үйлердің көше тәртібімен, бір стандартпен жеке-жеке салынуына қарағанда біздің ауыл әуелден-ақ іргелі жұрт, ақар-шақар ел болғанға ұқсайды. Колхоз құрылғанға дейін төрт түлігін өсіріп, жеке шаруасын күйттеп келген бір ауылдың өзінде үш мешіт болған. Кейінгі біздер сол кезде салынған кеңселерді де, почта мен клубты да, иесіз қалған мешіттерді де, басынан адам арылмай қарбалас жұмысы қайнап жататын плот пен тресті, бастауыштан жетіжылдыққа айналған мектебін де көрдік. Мұзқаланың атшаптырым жалпақ төбесіне шығып алып асық ойнайтынбыз. Бәрі көз алдымда, санада сайрап тұр. Еске түссе ет жүрегім елжірепп, жанарыма жас іркіледі...

...Түп дерегінде Бәйімбет бабамыздың 4 ұлы Ақтеке, Жәдік, Андағұл, Бадық аталарымыздың керегесін кең жайған дүйім ұрпағы ұйымдасып іргелі ауыл болуы – тағдырдың тартқан сыйы болғанда, кейін солардың ата жұртында өмірі өшкендердің қорымдарынан басқа бұрау ағаштың қалмауы – мына шолақ дүниенің қиянаты емей немене?!»

Енді сол Аккұмның дәуренді бастан тая қоймаған кезеңінің бір ыстық, мамыражай көріністеріне кезек берсек, жазушы қаламынан төмендегідей суреттер ақ қағазға құйылып түскен:

«– Туған жердің ақ шағыл топырағына түскен іздерін осы қазір бір қосылып, бір ажырайды; әп-әдемі қосылып келеді де, артынша ажырап-ақ кетеді. Тәнрім-ау, осылай мәңгібақи ажырап кетер ме, қайтер...

– Кім білген?

– Екеуіннің анау ақ торғын ай астында қалқыған көлеңкелерін бір қосылып, бір ажырап кетіп қайта тоғысады; осы қазір бір ажырап қалып, артынша енді қайтып ажырамастай болып қайтадан бір көлеңкеге айналып кетеді. Тәнірім-ау, осылай өмір бойы ажырамай кете берер ме, қайтер...

– Кім біледі?» («Жұмыр жерде біз бармыз», Астана, «Фолиант» баспасы, 2009 жыл, 65-бет). Бұл енді бұршік жара бастаған үркек махабаттың астарлы құбылысы. Мектепті жаңа бітірген екі жас Сұңқар мен Саяның басындағы күй. «Аккұмның» ақ торғын түні аясында осы қазір ажырап қосылған іздер, тағы да ажырап кетіп енді айырылмастай болып қосылған қос көлеңке. Осы үш шоқ әңгімені («Аккұмның ақ түндері») оқығанда, Сұңқар мен Саяның ақ қардай пәк сезімі, туған жер мен теңізге деген мөлдір махаббаты, жапырақ-жүректерінің лүпілі сананда қашалып қалады. Автордың Аккұмның ақ түнін, жас жүректердің лүпілін тыңдап жатқан ұлы теңіздің түнгі тынысын суреттеуі қандай ғажап?!

Триптихтің екінші «Бал айы» бөлігінде жас жұбайлар Бағлан мен Балбөбектің бақыты шағына куә болсақ, үшінші «Тәтті түн» бөлімінде арада 6 жыл өтіп, таза сезімдерін кірлетпей табысқан Сұңқар мен Саяны көреміз. Теңізге деген теңіздей сүйіспеншілік. Бақытты шақ. Және жас жүректерді қобалжытып алаңдатқан қайғы-қасірет те бар: «– Мен қаған теңіздің көз жасын көрсетсем деп едім...» –дейді Сұңқар. «– Теңіз жылай ма екен?!» – деп Сая әлгінде ажырап кеткен алақанын қайта ұсынды...»

Иә, Арал теңізі де жылаған еді. Жазушы баян еткен осындай мұң, жапырақ-жүрек ғажайыптарын сезінем десеңіз, осы триптихты оқыңыз.

Асылы, Айжарық Сәдібекұлы шығармаларын аттап кетпей оқысаңыз өкіндірмейтін көркем әңгімелері көп. «Аккұмның ақ түндері», «Бал айы», «Жұмыр жерде біз бармыз», «Қараша үйдің келіні» кітаптарындағы «Ақ ба-та», «Қыз көру», «Тізгін өзіңе тигенде», «Қоңырбай қойшының хаты», «Жеке батыр», «Әнші тағдыры», «Тасбақа баққан Тайбек», «Жаназа», «Шырғалаң», «Айдың-күннің аманында», «Қараша үйдің келіні», «Жылқышының қызы еді», «Қаңғып келген қарабет», т.б. көркем, деректі әңгімелеріне айрықша ден қойыңыз.

Осы шығармаларын оқығанда өткен өмір көріністері, кеңестік кезең бел-белестері көз алдымызға бар бояу-бедерімен қаз-қалпында тұра қалады. Қазіргі жастар ол өмірді білмейді. Сондықтан жазушы жазған қоғамдық құрылыстың шындықтары олар үшін таным мектебінің бастауы болатыны сүйсінтпей ме? Айталық, «Ақ батаны» оқысаңыз, сол уақыттағы партия саясатынан мақұрым бүгінгі жастар түгіл біздің де ұмытқанымыз жадымызда қайта жаңғырып, осындай да болып еді-ау дейміз еріксіз. Басқа елдер жас ұрпағын жетілдіріп, ілгері оздырып жатса, біз оларды сол уақытта тайлы-таяғымен қой бақтызып, кері сүйреппіз. Олардың қолына қойшының таяғын ұстатып, комсомол-жастар бригадасына тоғытыппыз.

«Жаназа» әңгімесінде де жазушы ашқан жаңалық бар. Қазақта жоқтау айтуға да адам жалдайтын әдет болғаны ма?! Әрине, бұған да бейімділік, талант керек. Бірақ басты себеп қазалы үйдің абырой-намысын түгендеу емес, табыс табу, пайда көру болса ше?! Марқұмды жөнелту бардың малын шашып, жоқтың артын ашып жатса, жараса ма?! Отбасы мүшелері қайғырып, қан жұтып жатқанда жақын-жұық ағайынның ақсақал, қарасақалы мен өлікті жөнелтуге келгендер болып алапаға таласып жатса, не дерсіз?.. Алыстан келген Жанасыл көз жасы төгіліп тұрып, біреулердің: «Қайтсын-ай, кісі анасына жыламағанда кімге жылайды?! Баланы адам Құдайдан не үшін тілейді? Өлімнің сәні осы ғой, осы...» дегендеріне еріксіз таң қалды. Одан да гөрі таңғалдырғаны, бір бейтаныс әйелдің дауыс салып, егіліп жылап, қазалы отбасынан да асырып жоқтауы. Қайран анасын ағайынды екеуі (Ерасыл мен Жанасыл) қара жердің қойнына тапсырып, жылап-сықтаудан бастары мең-зең болып, құр сүлдері жеткен беті еді, алапа бөлістің үстінен шықты. Үйдің үлкен бөлмесі жайма базар дерлік, айнала отырғандардың ортасында иыққа сұғылмаған жағалы-жағасыз қымбат киімдер, орамы жазылмаған маталар. Осының бәрі Жанасыл әкелген ақшаға базардан қымбатына алынған. Төрдің қабырғасы жалаңаштанып қалған, ондағы үлкен қалы кілем шиыршықталып алдарында жатыр.

«– Тұнығының алды ғой, кілем қызына лайық, – деді Бастыбай шал...» (296-бет).Дүние бөліс талассыз бола ма?! Жолға таласу, әкелгені мен еңбегін бұлдау...

Жоқтау айтқан Шарағұлге үш күн бойы зарлау өтіп кетті ме, әлде алападан тиген бір орам қымбат матаны тым азсынды ма, сол отырғанда-ақ оның көз алды қарауытып, басы айналып қоя берген. Орнынан сүйемелмен тұрып бара жатқанда Жанасылдың бір конверт ақша ұсынуы да жағдайын оңалта алмады. Үйіне жете сала төсекке құлады. Төбедегі пәтерге жиналған жастар еденді тепкілеп билеп бергенде төбеде салбырап тұрған алып люстра теңселіп тұрған...

«– Күннің көзін бұлт басты... – деді біртүрлі жат дауыспен.

– Мама, не деп жатырсың?! – деді қызы үрейленіп...

– Папаң... келіп... тұ-р-р...

– Мама! Не дедің? – Зәресі ұшқан қызы шыңғырып жіберді.

– Люс...сс...

– Немене-е?! – Қызы жоғарыға назар салып үлгергенше салмағы ауыр люстра еденге гүрс құлап, қас-қағым сәтте быт-шыты шықты.

Шарағұлдің де ышқынған ашы үні люстраның гүрс еткен екпінімен бірге шықты. Ішегін тартқандай болды. Иегін бір қақты да... үзіліп жүре берді...

О, қу дүние... О, опасыз жалған...» (293-бет).

Енді Шарағұлді кім жоқтайды?!

Біздіңше, Айжарықтың күллі қазақ әдебиетінің үздік әңгімелеріне қосып жіберсе, өзіндік көркем бітімімен қара үзетін бір тамаша шығармасы «Тасбақа баққан Тайбек» әңгімесі. Аты таңғаларлық. Ау, Тайбек қашан, қай заманда тасбақа бағып жүр? Ешкімге ештеңе демейтін, күнде көріп жүрген Тайбегіңізде мұндай ұлы сыр, жұмбақ тағдыр бар деп кім ойлапты. Мұны білгенде, әңгіменің заты таңғаларлық екеніне көңіл тоғаады.

Тағы да «Аккұм». Біз бұған дейін де жақсы білетін аңызақ аптабы, көл-көсір құм басқан, бір тал жапырағы жоқ кәдімгі балықшылар ауылы. «Өкі-меттің қамытын кигендердің білетіні – өмірі бір таусылмайтын сылпыл жұмыс, көгенкөздерінің білетіні – оқуы мен ойыны. Жер-жаһанның қызылды-жасылды дүрмегі мен думанынан шет қалған», радиодан басқа көңілашары жоқ тып-тыныш осы ауылда аяқ астынан бір керемет жаңалық болды.

«Жаздың тамылжыған бір күнінде Арал қала-сындағы теңіз портынан айында-жылында үздіктіріп қатынап тұратын кемеден артынып-тартынған бір түсі бөтен әйел мен ұлжыған қыз түсті. Әйел жылы шырайлы екен, келбеті де келіскен, сұңғақ бойлы, кәдімгі айта беретін «блондинка». Көгілдір көзі мөлтілдеген мейірімге тұнып тұр. Болмысынан жан иесін исіндіріп тұратын тартымды леп еседі. Әдемі бұғақ, жұмыр дене, қазықтай тіп-тік сұлу балтыр. Жаныңдағы жанары өткір бикеш қызы екен. Осы әйелден туған дейтіндей емес, аккұбалау келген қаракөз сұлу. Талдырмаш денесі сыптай, солқылдап тұр.

Сәлемдесіп біліскеннен кейін әйелдің аузынан шыққан алғашқы сөзі: «Мы приехали к Тайбеку» болды. Күп. Шұбатылып Тайбек ағайдың үйіне алып келдік. Зілмәңкенің есігі алдына тіккен киіз үйдің кешкі көлеңкесіне шығып тұрған Тайбекті көргенде әйел қызына:

– Во.. он-н твоя папа, – деді даусы қалтырап.

Қыздың: – Пап! – деген даусы әнтек шығып кетті. Құлдилай жүгіріп барып Тайбектің мойнына асыла кетті. Қызық болғанда Тайбек абдырап, әйел албырап қауышты. Екеуі де көздеріне жас алды. Әйел біз түсінбейтін бір тілде бірдеңе деп Тайбектің ерніне жабысты...» («Жұмыр жерде біз бармыз», 273-бет).

Ал, керек болса, мұнан артық қандай жаңалық керек?! Ауылдың жиналып қалған ақсақал-қарасақалы, тайлы-тұяғы аң-таң. Тайбек тілге келіп түсіндіргесін әйел мен қыз жұртқа қол беріп, басын иіп амандасты. Жұрттың жүзі жылып, тілге келді. Иә, жиырма екі жыл бұрын болған жағдай – ұзын тарих. Тайбек латыштың сұлу қызымен сұрапыл соғыс кезінде танысып, табысқан. Дүниеге ұл келсе есімін Абзал, қыз келсе Арухан деп қоюға келіскен. Адамның басы – Алланың добы. Тұтқынға түсіп, кеңес өкіметі сатқынсың деп соттап, байтал түгіл бас қайғыға ұшыраған Тайбек ақыр соңында талай жылдардан кейін еліне әзер жетіп, Жазирада үйленеді. Тасбақа бағып жүрген кезі – сол тұтқындағы уағы...

Шіркін, біздің қазақтың ата жолы, елдік салты қандай керемет. Қабағы тұйіліп, күлкісі кілт тиылғанмен Жазира ұлттық жол-жорамыздан аттай алмады. Қонақ ханымдай күтті, Аруханды жатырқамай қабылдады. Күйеуі Тайбек кінәлі емес, тағдыр кінәлі.

Тайбек бәйбішесі мен қызын еліне апарып салып келгеннен кейін арада он ай өткенде ауылға латыш жерінен құстай ұшып жеделхат жетті. «Ұлды болуымнен құттықтаймын! Эльза» депті. Тайбек баланың атын қойып, шілдеханасын өткізу үшін Жазирасымен Латвияға жүріп кетті. «Шамасы, ұлының есімін Абзал қоятын шығар...» – деген күңкіл де желдей есті ізінше.

Бұл күңкіл – керемет күңкіл.

Жұрт естіп қана қояр күңкіл емес, оқырман қауым «қап, бітіп қалды-ау» деп, әдебиетші қауым мойындар күмбірлі күңкіл.

3.

Айжарық Сәдібекұлының қаламынан туған әдемі әңгімелерімен қатар мағыналы мақалалары мен ойлы очерктерін, сыни толғаныстары мен көңіл күй сырынын үзіктерін де тұшына оқып, талдап, бөлек зерделеу керек. Әрине, көлеміне емес, кенеуіне орай, шеберлік иігі мен көркемдік биігіне қарай. Одан біліп аларың да, іліп аларың да аз емес. Айжекеңнің жазғандарында «күнде ертеңгісін гүл ұсынуға лайық» акушер-ана Валентина Лаврова мен шаруашылық директоры Мызғымасовтың бейнеті мен зейнеті, Арал аруы Саягүлдің құшағы мен «Қаңғып келген қарабеттердің» пышағы алдыңнан шығады. Соларды жүрегінен тұғызып, қаламымен өргізген жазушының білімі мен парасатын бағамдайсыз.

Сонымен, мақаламды қорытуға көшердегі алғашқы айтарым, абзал азамат Айжарықтың әдебиеттегі әлемі Аралындай айдынды да ақиқат, туған теңізіндей терең де текті, «Аккұмның» ақ құмындай таза, перзенттерінің ақ махаббатындай мөлдір де маздақ екен. Екінші айтарым, ақ жолмен жүріп келе жатқан қарымды қаламгер Айжекеңнің өмірдегі өрі мен өрісі бүгінгіден де биіктеп, әдебиеттегі әлемінің кеңейе түсетіндігі. Алла тағала ғұмыр берсе, ол дем-тынысына айналған сүйікті ісін жалғастыра береді. Сосынғы айтарым, қаламдас қанаттасы, елдегі серіктесі, ақын Әскербек Рахымбекұлының 2009 жылы жазған «Айжарық» деген мақаласы. (Тақырыбын солай қойған). Әдемі мақаладағы әділ талдауға, әлеуетті байлам-пікірлерге түгел келісемін. Өмірін елде өткізген нардың тайлақ аты қалмайтыны бекер емес. Бізде, әсіресе жергілікті жердегілерде сондай бір кері ағыс бар. Астана мен Алматыдан болмаса, жергілікті таланттарды көзге іле бермейді. «Қолда барда алтынның қадірі жоқ». Оның бержағына тәуелсіз қоғам жағдайы тіпті күр-деледіріп жіберді. Тараздағы Несіпбек Дәутайұлы, Оңтүстіктегі Мархабат Байғұт, Қарағандыдағы Серік Ақсұңқарұлы, Семейдегі Тыныштықбек Әбдікәкімов кімнен кем?! Тіпті сұрақты өзгертсек, Атыраудағы Рахымжан Отарбаевқа, Ақтөбедегі Мейірхан Ақдәулетұлына, Сыр бойындағы Әскербек Рахымбеков пен Айжарық Сәдібекұлына кімдер тең? – деп қоюға да болады. Әділетсіздікті ақтауға болмайды. Айжарық – «Аккұмның» Айжарығы ғана емес, Арал байтағының да Айжарығы. Ал, Аралдың Айжарығы бола алған жазушының Алаштың да Айжарығы болғандығы емес пе?!

Алматы қаласы.
2015 жыл, желтоқсан.

ОТБАСЫ БЕРЕКЕСІ – БІРЛІКТЕ

БАҒАЛАЙ БІЛСЕҢ, БАҚЫТЫҢ

Көршінің қызы Рыстының ұзатылғаны әлі есте. Бүкіл туған-туыс, көрші-көлем, дос-жаран болып, ақ көйлек киіп, періштедей күлпырған, жүзі бал-бұл жанған қызды өзінің қалаған жігітіне шығарып салдық. Ағыл-тегіл дастархан басында айтылған тілек пен берілген бата жүрек тебірентерліктей еді. Батаның қабыл болып, тілектің орындалатынына бәріміз де шүбәсіз сендік. Жарасымды жұп қалпымен ата-анасының үйіне келіп кететін-ді. Сөйтіп жүріп Рысты екі балаға ана болды. Уақыт өте келе қыздың төркініне балаларының бірін көтеріп, бірін жетектеп келуі жиіледі, күйеу жігіттің ішіп келіп, шу шығаруы әдеттегі іске айналды. Бірін бірі көрмесе тұра алмайтын, өздеріне қыз Жібек пен Төлеганның махаббатын бастан өткерген қос ғашық ит пен мысықтай ырылдасып, ақыры ажырасып тынды. Кезінде оларға айтылған тілек пен бата далада қалып, екі бала тірі жетім атанды. Келер күнге деген үміт оты өшпек емес, ата-анасы олардың осы қателіктерінен сабақ алып, екінші рет өкінішке ұрынбас деп үміттенген болатын. Алайда, көршінің қызы және оның бұрынғы күйеуі өзі де қамшының сабындай қысқа ғұмырда әлі сүрінумен келеді...

Өзін жаныңдай жақсы көріп, бағалай білетін, қосағының ойындағысын қас-қабағынан аңғарып, соған орай әрекет жасайтын өмірлік жар таңдау – әркімнің де арманы. Болашақ жарының ақылына көркі, мінезіне қылығы сай болуын, өзінің жағымды іс-қимылымен көптің көңілінен шығуын кім қаламайды дейсіз?! Үйлену тойы үстінде жаңадан көтерілген жас шаңырақ иелеріне айтылар тілек те, берілер бата да ұшан-теңіз. Әттең, соның бәрі періштенің құлағына шалынып, орындалса, қанеки. "Өмір адамға бір-ақ рет беріледі, сондықтан оны өкінбестей өткізу керек" деп пәлсапа соғып жатамыз. Алдағы өмірін кім болжаған, бірі алып ұшқан albyrт жастықтың буына алданып қалады, екіншісі айналасындағылардың ықпалымен өзі көріп-білмеген жаңа тағдырын қосақтап, жар таңдаудан жаңылысып жатады. Енді бірі уақыт өте келе таңдаған жарының жағымсыз қылықтарынан мезі болып, өкініш уын жұтады. Жар таңдауда сезімнің басты рөл атқаратыны да, алып-ұшқан сезім жетегіндегі жаңа сүйген адамының мінез кемшілігі, рухани жан-дүниесінің жұтаңдығы көрінбесі де анық. Қалаған жанның сұлу жүзі мен әдемі күлкісіне, жарасымды киімі мен ерке қылығына алданған жан өзін нағыз махаббатқа жолыққандай сезінеді. Өмірде одан өткен сұлу, керемет жан жоқтай сезініп, үйленіп, бас құрғанша асығады. Үйленудің оңай, үй болудың қиын екеніне мән бергісі келмейді. Ең бастысы, өзі сүйген жанмен тезірек бір шаңырақ астында болғысы келеді. Солай болады да. Өзіндегі күйіп-жанған махаббаттың ыстық-суығы басылғаннан кейін өзі таңдаған жаңа сын көзбен қарай бастайды. Сонда барып оның бойындағы кемшін тұстарын таразылайды. Өзінің асығыстық жасағанын, жар таңдауда қателікке ұрынғанын сезеді. Ақиық ақынша айтсақ, талабы мен ақылы, сезімі мен батылы жеткен жерге қырсыққанда шыдамының жетпей қалғанына көзі жетеді. Соның кесірінен қаншама жан қаншама жыл бармақ тістеп, өкініш білдіреді. Әрине, адасқанның бәрі бала-шағасын тірі жетім, жарын тірі жесір етіп ажырасып кете бармайды. Ел болудың, құрған отауларының шаттығын сақтап қалудың қамын жейтіндер де, өмірлік жарына деген шынайы сезімін сақтап қалуға тырысатындар да молынан кездеседі. Баласының болашағы үшін көрген бейнет, шеккен азабына шыдайтындар да, ел-жұрттың әңгіме-сөзінен қашып, бар қиындыққа төтеп беретіндер де жетерлік. Сынаптай сырғыған уақыт керуені адамдарды тағдыр талқысына төтеп беруге, өзіндегі барымен базар етуге, жарының жаманын жасырып, жақсысын асыруға үйретеді. Сөйтіп көптеген ерлі-зайыптылар арасындағы сезім уақыт өте келе сыпайы сыйластыққа, өзара түсінушілікке ұласады.

Ерлі-зайыптылардың өзара сыйлас-тығына ағайынмен, туған-туыспен қарым-қатынастың әсер ететіні айдан анық. Ене мен келін, ата мен күйеу бала әу бастан бір-бірін қас-қабақтан ұғысуға тырысса, отбасының өзіндік құпиясын сақтай білсе, үлкендер жастардың білместігіне кешіріммен қараса көп келеңсіздіктің алдын алуға әбден болар еді. Әттең, бәрі де дегендей бола бермейді. Қыз төркініне, күйеу жігіт өз жұртына сөз тасып, түрлі әңгіменің тууына себепкер болады. Содан құда-құдағилар арасында түсініспеушілік пайда болады. Болмашыдан басталған ұрыс-керіс ұлғая келе жас отаудың шаңырағын шайқалтады. Келін төркінін, күйеу өз жұртын қолдап, бірі-біріне ауыр сөз айтып, кінә артады, қол жұмсайды. Оның соңы ажырасуға әкеп соғады. Қайтып келген қыздың жаман екендігі, шыққан қыздың шиден тысқары екендігі ешкімді ойландырмайды. Қайта "ішіме сыйған қыз, сыртыма да сияды" деп қызын бауырына басып, оның қайын жұртын жақындатпайды, қызы мен жиенінің болашағына көз жұма қарайды. Отбасы ойрандалып, жалғыз басы қалған жігіт жұбанышты ашы судан іздейді. Жынды суды кім жеңген және онымен серік болған жан кімге жаққан бір кездегі тепсе темір үзетін көрікті жігіт көшедегі тілемсекке, бір жарты үшін арын сататын сұрамсаққа айналған.

Жар таңдауда жолы болып, өмірлік серігін адаспай тапқан жандар да жетерлік. Бір шаңырақ астында жарты ғасыр тату-тәтті өмір сүріп, үбірлі-шүбірлі болған жандар да кездеседі. Олардың "осы кезеңде шәй деспедік" дегеніне ешкім риясыз сене қоймайды. Дегенмен, ерлі-зайыптылар бір-бірін қас-қабақтан ұғысса, ана балаларына әкесін асқар тау тұтып құрметтеуді, әке ұрпағына анасын ардақтап сыйлауды өз іс-әрекеттерімен сездіріп отырса отбасының берекесі тасып, сыйластығы артар еді. Бірін бірі сыйлап, бірі екіншісін өз бақыты деп бағалай білген отбасының ғұмыры ұзақ, шаңырағы шаттыққа толы болары ан ық.

Жұмағүл ОРАЛБАЕВА.

ҚҰПИЯ ҚҰЖАТТАР СЫР ШЕРТЕДІ

КОМПАРТИЯ АҚШАСЫ ҚАЙДА ЖОҒАЛДЫ?

1991 жылдың тамыз айында Мәскеуде тарихқа ГКЧП төңкерісі деген атпен енген оқиға болды. Бұл оқиғаның ғарыш жылдамдығымен драмалық сипатта дамығаны соншалық, бар болғаны үш тәулік ішінде оны ұйымдастырғандар үшін сәтсіз және қайғылы жағдайда аяқталып тынды. Кеңес Одағын сақтап қалу мақсатында ұйымдастырылған бүлікшілер тобында болғандардың бірі – Кеңес Одағының ішкі істер министрі Б.Пуго, сондай-ақ жоғары партия номенклатурасының бірқатар шенеуніктері өздеріне қол жұмсады. Бүлік жеңіліспен аяқталғаннан кейін Кеңес Одағы Компартиясы Орталық комитетінің іс басқарушысы Николай Кручина Кремль маңындағы номенклатураға арналған арнайы үйдегі өзінің 5-ші қабаттағы пәтерінен секіріп өлді. Бірақ бұл өлім қалың жұртшылық тарапынан айрықша таңданыспен бірге көптеген алып-қашты әңгімелердің туындауына себепші болған еді. Неліктен?

Біріншіден, Кручина бүлікті ұйымдастырушылар қатарында болған емес. Екіншіден, ол Горбачевтің тікелей басшылығындағы Орталық Комитеттің іс басқарушысы, яғни партия көсемінің айтқан нұсқауларын бұлжытпай іске асыратын орындаушы. Ал мұндай орындаушылар күллі әлемді уысында ұстаған Кеңес Одағы дейтін алып империясы Компартиясының Орталық комитетінің аппаратында мыңдап саналады. Сонымен Кручинаның өзін-өзі өлтіруіне не себепші болды? Ол неден, кімнен қорықты?

Көп ұзамай-ақ қайғылы оқиғалар тізбегі қайта жалғасты. Тәжірибелі партиялық аппаратшы, СОКП Орталық комитетінің халықаралық бөлімі меңгерушінің орынбасары Дмитрий Лисоволик те 12-ші қабаттағы пәтерінен секіріп өлді. Арада екі ай өткенде сонау Брежнев дәуірінде саясаттың "сұр көкжалы" атанып, Леонид Ильичтің үздіксіз іс басқарушысы болған, бұл қызметін Юрий Андроповтың билігі кезінде аяқтап, зейнетке абыроймен шыққан 81 жастағы Георгий Павлов өзіне қол жұмсады. Таңданыс туғызғаны – 80 жастан асқан адамның өлімі кімге қажет болды деген күрделі сауалдың жауабы еді.

СОКП Орталық Комитетінің екі бірдей іс басқарушысы мен Орталық Комитетінің халықаралық бөлім меңгерушісі орынбасарының құпия өлімдерінің арасында қандай сыр жатыр? Бұл өлімдер шынтуайтына келгенде жалпы Кеңес Одағы Компартиясының ұзақ жыл бойы қалың жұртшылықтан жасырып, барынша құпия ұстаған шешімінің бірқатар көлеңкелі тұстарын жария етуге мүмкіндік берген еді. Ал өмірлерін қиюға мәжбүр болған жоғарыдағы шенеуніктер өздеріндегі құпия деректердің тамыз бүлігінен кейін халық алдында жария болатынынан қорықты. Сондықтан өздері адал қызмет жасаған жүйенің құпия сырларын өздерімен бірге көрге алып кетуді ұйғарды. Біз бұл орайдағы оқиғалар тізбегін дәуір кезегімен былайша баяндауды жөн көрдік.

...ГКЧП бүлігінен кейін Кеңес Одағы іс жүзінде тарап, Горбачев амалсыздан алып державаның президенті ретінде өкілеттігін тоқтатуға мәжбүр болған еді. Билік Ресейдің президенті Борис Ельцин бастаған демократтардың қолына көшті. Елде қаржы тапшылығы сезілді. Қожыраған экономиканы қалыпқа келтіру былай тұрсын, Ресейде 90-шы жылдардың басында мемлекеттің күнделікті қажеттілігін қамтамасыз ету үшін болмашы қаржыны табудың өзі мұң болды. Бұл кезде көшеге шеруге шыққан демократтар: "Партия ақшаны халыққа қайтар!", деген ұрандарды жиі көтеретін еді. Қандай ақша? Кімнің ақшасы? Әлбетте, мызғымастай көрінген алып жүйенің қиыған үйінділерінің арасынан бұл сауалдарға тұшымды жауап табудың өзі ақылға қонымсыз шаруа еді.

Тамыз бүлігінен кейін іле-шала бірқатар күмәнді, бүгінгі түсінік бойынша қылмыстық істер қатарына жататын, бірақ кеңестік компартия кезінде үйреншікті дағдылы құбылыс болып саналатын түйткілдердің көмескілеу іздері айқындала бастады. Алдымен 1991 жылдың қазан айында өзіне қол жұмсаған Дмитрий Лисоволиктің қызмет кабинетінен 2 миллион АҚШ доллары көлемінде қолма-қол ақша табылды. Анықтай келгенде, ақшаның АҚШ Компартиясының төрағасы Гэс Холлға арналғаны, оның тиісті жеріне жіберіліп үлгерілмегені белгілі болды. Сондай-ақ орталық партия комитетінің аппаратында, Кручинаның үйіне алып кеткен құжаттарынан шетелдерге, әртүрлі коммерциялық ұйымдарға берілген ақшалар, мүліктер үшін алынған қолхаттар, басқа да құжаттар табылған еді.

Кеңестік жүйедегі мемлекетке жалғыз ғана Компартия билік жасады. Ол шын мәнінде өз билігі өзіндегі айрықша монстр еді. Орталық Комитеттен шыққан нұсқаулар арқылы шетелдердегі достас, мүдделес деген компартияларға, жұмысшы партияларға ұдайы көмек қаржы жіберілетін. Кеңес Одағы тарағанға дейін дүниежүзінің әртүрлі аймақтарын қамтыған мұндай партиялардың саны 90-нан асты. Ресейлік прокуратураның тексерген материалдары бойынша алынған мына құжатқа назар аударайық:

"25 декабря 1989 г. Сов. секретно.

ЦК КПСС Международный отдел.

Вносится предложение удовлетворить просьбу 62 партий за счет средств международного фонда помощи левым рабочим организациям, сохранив в основном разведпомощь на уровне 1989 года... О помощи компартиям Финляндии, Нигерии, Мадагаскара, Гваделупы... сообщим дополнительно.

Фалин

Зав. международным отделом".

Халықаралық қор деген не? Оған қаржыны беретін кім? Жалпы, Кеңес Одағында ұзақ жылдар бойы шетелдердегі коммунистік және жұмысшы партияларды қолдау үшін миллиондаған доллар ағымы бір сәтке де толастаған емес. Мысалы, сол 90-шы жылға дейінгі ширек ғасыр ішінде бір ғана Итальян Компартиясына 500 млн. АҚШ доллары көлемінде қаржы бөлінген. Бұл сол кездегі бағам бойынша өте құнды ақша еді. Демеушілік ретінде италияндық әріптестеріне халықаралық қордан жылына 20 млн. АҚШ доллары көлемінде қаржы бөлініп тұрды. Халықаралық қордың Францияның, Чилидің, Израильдің солшыл жұмысшы партияларына, сондай-ақ жоғарыдағы қатынаста айтылған Кариб теңізіндегі Францияның протектораты саналатын Гваделупаға, әлемдік саясатта иненің жасуындай ықпалы жоқ Нигерия, Мадагаскар дейтіндерге ақша аударуы қандай мақсатты көздеді?

Енді қатынастағы "разведпомощи" деген айқындамаға назар аударалық. Жалпы кеңес жүйесінде КГБ-ның барлау қызметі күллі әлемнің түкпір-түкпірін шарлап, құпия деректер іздегенінен хабардармыз. Алайда бүкіл Компартия мен КГБ қызметі барынша құпия болғандықтан барлау қызметінің қаншалықты жемісті болғанын айқындау мүмкін емес еді. Әдетте мұндай қаржы операциялары бар болғаны санаулы адамдардың қолымен жүзеге асырылды. Тағы бір қатынас қағазына назар аударып көрелік.

"3 июля, 1987 г. ЦК КПСС. Международный отдел.

1. Согласиться с запиской тов. Добрынина и выделить в 1987 году французской компартии в качестве дополнительной финансовой помощи один млн. долларов.

2. Выдать Правлению Госбанка СССР тов. Добрынину один млн. долларов на специальные цели.

3. Передачу средств поручить Комитету Госбезопасности СССР.

Міне қызық. Кеңес Одағы Компартиясының халықаралық бөлімі Добрынинның тілдей қағазымен мемлекеттік банктен франциялық әріптестеріне арнайы мақсатқа қаржы бөлуді талап етеді. Қандай мақсатқа? Оны ашып айтпайды. Кеңес Одағын билеп-төстеп отырған құдіретті компартияның алдында сұрауға ешкімнің батылы жетпейтін еді. Добрынин ширек ғасырға жуық Кеңес Одағының АҚШ-тағы елшісі, кейін Орталық комитеттің халықаралық бөлімінің меңгерушісі, Орталық Комитеттің хатшысы болған үлкен лауазым иесі. Бірақ қаншалықты жоғары беделді шенеунік болсын, жалпы бүкіл әлемде қаржы аударудың, оны бөлудің өз тәртібі, заңдылығы бар. Ал кешегі жүйеде бұл заңдылықтардың тәртібі ешқашан сақталған емес. Бауырлас елдер сұраған екен, неге бермеске!? Бұл тұрғыда Кеңес Одағы сарандық танытпайтын.

Енді халықаралық қор деген мәселенің басын ашып алайық. Бұл қорға социалистік лагерьдегі елдер жылына 2-3 млн. АҚШ доллары көлемінде жарнаңұл аударып тұрды. Әрине, бұл қаржы ақша сұраған елдердің тәбетін қанағаттандыруға жетімсіз еді. Сондықтан Кеңес Одағы коммунистік партиясы өз қорынан, яғни мемлекеттік қордан ұдайы қаржы бөліп отырды. Шындығында бұл Кеңес халқының маңдай терімен табылған игілігі болатын. Сұраған "достарға" ақша жеткізудің механизмі де соншалықты қарапайым еді. КГБ-ның қызметкері ұшақпен тиісті жеріне ақша жеткізіп, оны алған адамнан бар болғаны тілдей қолхат талап ететін. Қолхатты Мәскеуге әкеліп, Орталық Комитеттің іс басқарушысына өткізеді. Осы орайда қызметін мүлтіксіз орындалғаны жөнінде КГБ-дан партияның орталық комитеті іс басқарушысына жолданған мына хатты ұсынуды жөн көрдік.

"Комитет Государственной безопасности СССР. 1-е главное управление.

Направляю расписку о передаче руководству компартии США трех миллионов долларов в счет ассигнований, выделенных на 1988 год.

Приложение: расписка на одном листе, без номера, на английском языке.

Зам начальника 1-го главного управления

Леонов"

КГБ-дан қолхат Лисоволикке берілетін, ол өз кезегінде Павловқа немесе Кручинаға өткізетін. 1991 жылы Кеңес Одағы тарағанға дейін бұл жүйе мүлтіксіз қызмет жасады. Қауіпсіздік Комитетіндегі 1-ші бас басқарма сыртқы барлау қызметімен айналысатын еді. КГБ қызметі құпия, бәлкім ақша шетелдегі мүдделі адамдарды өз ырқына көндіріп, мемлекеттік құпия деректер алу үшін қажет болған шығар? Сайып келгенде, бюджеті құпия саналатын барлау органдары барлық елдерде осындай жолдармен қаржыландырылады емес пе? Ендеше жоғарыда аты аталғандардың өздерін өлімге қиып, соншалықты үркуінің себебі неде? Әлде қауіптенетіндей басқа себептер болды ма?

Жүргізілген тергеу барысында Орталық Комитеттің іс басқарушысының қолымен жасалған басқа да лас тірліктердің беті ашыла бастады. Тамыз бүлігінен кейін көп ұзамай-ақ Б.Ельцин Ресейдің жаңа басшылығының алдында құпия баяндама жасады. Баяндамада Компартияның 1,5 мың тонна алтыны, 250 млн долларға бағаланған платинасы, 5 млрд. долларға бағаланатын қымбат тастардан жасалған әшекей бұйымдары болғаны айтылды. Ал Ресей Федерациясының Прокуратурасы тексерген мәліметтер бойынша 1991 жыл соңында СОКП Орталық Комитетінің есеп шотында бар болғаны 6 млрд. 14 млн рубль, 172 мың АҚШ доллары ғана табылған еді. Ақша қайда кетті? КСРО-ның алтын қоры қайда жоғалды?

Тергеу қызметінің ұзын-сонар тізбегі басқа арнаға әкеліп тіреді. Компартия өзінің тарайтынын, мызғымастай көрінген жүйенің күйрейтінін алдын ала болжап білген еді. Құпия хаттардан мәлім болып отырғанындай, Кеңес Одағының Шығыс Еуропадағы әріптестері 80-ші жылдардың соңына қарай тықыр таяңғанын сезіп, абыржыған сыңайлы. Ақша жіберуін сұрап, оларды сенімді жерде сақтайтынын мәлімдеген хаттар осыған меңзейді. Ақша ғана емес, алғашқыда шетелдерге бағалы металдар (алтын, платина) құпия түрде жөнелтіле бастады. Мына қатынасқа зер салайық.

2 июля, 1986 г. Управления делами ЦК КПСС

Начальнику Шереметьевской таможни тов. Наумову

Прошу вас пропустить через госграницу 30 мест груза...

Зав сектором Беззубко

Бұл әуежайдың кеден бастығына Орталық Комитеттен жолданған көп қатынастың бірі ғана еді. Қатыناста ұшақтағы орын контейнерлер санымен көрсетілді. Кеден қалыптасқан дәстүр бойынша оның қандай жүк екенін тексере алмайды. Есіркі ме, бағалы металл ма, әлде қару ма? Бұл жағы түгелдей құпия!

80-ші жылдардың соңынан бастап Компартияның Орталық Комитеті коммерциялық қызметін өрістете түсті. Кеңес Одағындағы алғашқы казино партияның берген ақшасымен ашылды. Партия қаржысына толық серіктестіктер, коммерциялық ұйымдар, банкілер көптеп ашыла бастады. Аталған ұйымдарды құруға байланысты тиісті құжаттарға Бас хатшы Михаил Горбачев пен Министрлер кеңесінің төрағасы Николай Рыжков қол қойған еді. Жыл ішінде шетелде 200 біріккен кәсіпорын ашылды. Орталық Комитет Швейцарияда ашылған осындай коммерциялық ұйымның құрылтайшысы ретінде Борис Бернштейн дейтінге 150 млн АҚШ долларын аударды. Бірақ Ресей Федерациясының Бас Прокуратурасы жүргізген тергеу амалдары айтарлықтай нәтиже бермеді. Ақшалардың соңғы іздері көмескі тартып, құмға сіңген судай жоғалып кеткен еді.

Билік басына келген Ресей Үкіметі компартияның қаржысын қалайда табу керек деген тоқтамға келіп, бұл мақсатқа АҚШ-тың "Крол Ассошейтэд" атты жеке компаниясын жалдады. Ресей Үкімет басшысының орынбасары Егор Гайдар қол қойған келісім-шарт бойынша жеке қаржы компаниясына көрсеткен қызметі үшін 1,5 млн АҚШ доллары төленетін болды.

Таңдау неліктен "Крол" компаниясына түсті. Американдық компанияда шетелдің көптеген елдерінің барлау қызметінде жұмыс істеп, зейнетке шыққан тәжірибелі мамандар жұмыс істейтін еді. Кезінде Саддам Хусейннің Филиппин диктаторы Маркостың әлемнің түкпір-түкпірінде құпия жолдармен жасырған ақшаларын тапқан "Крол" өз беделіне қылаудай дақ түсірмеген қаржы компаниясы болатын. Ресей Үкіметінің "Кролмен" 1994 жылдың 18 ақпанында жасаған келісім-шартта тапсырыс беруші тарапынан мынадай міндеттеме жүктелді.

"Провести расследования и выявить денежные фонды и другие активы, находящиеся за рубежом, якобы принадлежащие или контролируемые бывшей Коммунистической партией Советского Союза".

Тапсырма берілді. Ақшасы төленді. "Крол" тапсырманы үш ай ішінде орындап беруді міндетіне алды. Ресей журналистері Үкімет тарапынан болатын сенсациялық хабарды тағатсыздана күтті. Олар міне, міне Компартияның жасырған ақшалары жарыққа шығып, Кеңес жүйесіндегі шенеуніктердің жымысқы әрекеттерінің беті ашылады деп үміттенді. Егер бұл істі "Крол" қолға алып, оған Егор Гайдар бастаған демократтар тапсырма берсе неге орындалмайды? Бірақ үш, төрт, бес ай өткенде де Үкіметтен журналистер күткен сенсациялық хабар түспеді. Журналистердің тиісті орындарға, тіпті Үкіметке жолдаған сұрауларына "Бізде ондай ақпараттар жоқ" деген үйреншікті жауап келетін еді.

Шындығында не болды? "Крол" қызметін адал атқарды. Бірақ ол ашқан құпиялар Кеңес Одағын құлатқан Ресейлік шенеуніктер мен күні кеше ғана көшеде "Компартия халыққа ақшаны қайтар!" деп ұрандаған демократтарға тиімсіз еді. Себебі ақшаны жымысқы жолдармен жымқырғандардың, олар құрған коммерциялық ұйымдардың меншік иелері өзгеріп, жаңа қожайындарға қызмет жасай бастаған болатын. Олардың бірқатары Ресейдің жаңа Үкіметінде, Президент аппаратында қызмет жасап жатқан еді.

Қысқасы, ақша жүрген жерден әділдік іздеу ықылым заманнан бері келе жатқан үйреншікті қағидаға қиянат жасаумен бірдей еді. Билік өзгергенімен оның мазмұны, лас әрекеттері өзгеріссіз қалды. Жаңа Ресейде жаңа дәуірдің жаңа коррупционерлері пайда болды. Компартияның ақшасымен құрылған коммерциялық ұйымдар енді даурығып әлемге жар салған Ресей билігіндегі шенеуніктерге қызмет жасай бастады.

Енді Кручинадан басталған әңгімеміздің соңғы нүктесін қоялық. Ол не үшін өзін өлімге қиды? Кручина өлім алдында: "Я не преступник, не заговорщик, это подло, мерзко, вам служил честно, Михаил Сергеевич. Никто здесь не виноват, виноват я, что подписал бумагу по поводу охраны этих секретарей. Больше моей вины перед вами нет, Михаил Сергеевич. Кручина", деген жазба қалдырған еді.

Кручина тамыз бүлігінің тікелей ұйымдастырушылардың қатарында болған жоқ. Горбачевтен кешірім сұрап отырғаны ГКЧП бүлікшілері құрамындағы хатшыларға қатысты құжаттарға қол қойған сыңайлы. Бірақ мұның өзі де өлімге қиятындай қылмыс емес еді. Жалпы, Николай Кручина өз жүйесіне соңғы күнге дейін адал болды. Ол алып империяның көз алдында соншалықты жылдамдықпен құлап, мызғымастай көрінген жүйенің бейшара кейпіне енгенін көруге төзімі жетпеген Компартия аппаратының үлкен шенеунігі еді. Кручинаны Қазақстанның Целиноград облыстық партия комитетінің бірінші хатшылығынан Мәскеуге өзінің іс басқарушылығына алып келген Юрий Андропов еді. Орталық комитеттегі әріптестерінің айтуынша, Андропов билікке келгенде оған жаңа іс басқарушының адал, таза, моральдық жағынан кіршіксіз болғаны аса маңызды еді. Сондықтан ол лайықты деген адамды Мәскеу аппаратшыларының қатарынан іздемей, ешкіммен байланысып, танысып үлгірмеген шалғайдағы аппаратшылар қатарынан ізледі. Ұқыпты, барынша сақ бас хатшының таңдауы Кручинаға түсті. Ол қатпар-қатпар күпиясы мол қызметті Андроповтан кейінгі Бас хатшылармен бірге мінсіз атқарды. Қажет болғанда өмірден өз ықтиярымен кетуге де батылы жетті.

Жолдасбек АҚСАҚАЛҰЛЫ.

ЭССЕ

ЖЫЛҚЫНЫҢ МІНЕЗІ

Біздің тегіміз – түркі, түлігіміз – жылқы. Сондықтан бабаларға серік болған жылқыға сөз асылын арнағанымыз жөн болар. Жылқы жайында 400-ге жуық теңеу бар. Аттың жүрісіне байланысты 31 сөз, қазының 26 атауы, жылқыға байланысты 90-нан аса күй, 40-қа жуық ән, 4 би бар. Ер-тұрманға байланысты 200-ден аса теңеу барын біле бермейміз.

Жазушы-жауынгер Б.Момышұлы «Мен өзім көкбөріден тарағанмын» десе, Асқар Сүлейменов «Дарвин иліміне сүйеніп, басқа халықтар маймылдан тараса тараған шығар, ал қазақтардың жылқыдан тарағанына күмәнданбаймын» дегені естен кетпейді.

Бірде жанына жан жуытпай тұрған бір ақбозаттың Елбасы үзеңгіге аяқ салғанда жуасып жүре бергенін көгілдір экраннан көргеніміз бар. Жалпы жылқыларда адам танығыш қасиет бар.

Жылқы адамға жақын жануар дедік. Арада әйтеуір бір құпия сыр бар. Бір бапкер атбегі тұқымын аламын деп биеге көзін байлап айғыр салса керек, кейін айғыр көзін ашқанда ол биенің өз қанынан жаралғанын сезіп басын тасқа ұрып мерт болған деген әңгіме бар. Тағы бір қызық. Мына Жаңақорған тұсындағы Талап ауылында екі бала адасып, даладағы тоғай ішінде қалғанда екі жылқы балалар жатқан жеріне келіп, шөп жемей, су ішпей мұрнының демімен жылытып, екі күндей қорғап, ажалдан сақтағаны баспасөзде жазылғаны бар. Соған таңырқағанбыз.

Біз кейде біреуді мақтасақ, жылқы мінезді дейміз. Мінезі өр, шыдамды, мәрттігі адамға ұқсас жануарды өзімізге ұқсатамыз. Жануар шөптің тәуірін жейді, судың тұнығын ішеді.

Зерттеушілер еңбектеріне зер салсаңыз, адамзаттың алғаш қолға үйреткен жануары жылқы көрінеді. Жер бетінде жылқының 250-дей тұқымы болса, соның 50-і біздің қазақ жерінде өседі. Ақын Ілиястың «Құлагерін» ғажап суреттеулерден бас алмай қайта оқисыз. Абайдың тұлпардың тұр түсін, мүсінін суреттегені мүлдем бөлек. Қымызы ем, еті дәрі. Көп жылдар ел басқарған Қасым Тәукенов деген азамат бірде «Егемен Қазақстан» газетінде: «жылқыны үйіріп, Айнабұлақ маңайына сәл пәл тынықтырайын деп басын бұрдым. Бір үйір жылқы бір тал шөп жемей тұрып алды. Қайран қалдым. Кейін осы жайды жездем Ысқаққа айтқанымда «ә, ол жерде ашаршылық жылы мерт болғандардың қорымы бар ед гой», дегені бар. Сөйтсем, жылқы жарықтық қанды жерге аяқ баспайды екен гой.

Күші басым адамды жылқы бірден таниды.

Балуан Шолақ базарға барса бір бай бір үйір жылқыны сатып тұрса керек. Бірден-бір ақбоз айғырға көзі түскен Балуан Шолақ:

– Саған не жетпей жатыр. Мына ақбоз атты қалай көзің қиып сатып тұрсың?

– Бұл айғырды үйрете алмадым. Үйретсең осы ақбоз айғырды өзіңе беремін, – депті бай.

– Келістік, – депті Балуан Шолақ.

Содан Балуан Шолақ базардағы жұртты жинап, айғырдың мойнына қыл арқаннан бұғалық салып, алдыңғы екі аяғын ұстап, бір жамбастап жерге атып ұрады. Басы жерге кіріп кете жаздаған айғырдың денесі дірілдеп, тыныш жатып, бағынғанын сездіреді. Кейін атты ноқталап, үйретіп, жіптіктей етіп, екінші базарға қайтып келіп, байдың көзін жеткізіп, басыбайлы алып кетсе керек.

Ақын Кенен қос ұлы дүниеден өтіп, жер бауырлап жатқанда қырғыз ағайындар жеті қара атқа міниіп, жеті қара қой сойып, жеті қара меске қымыз толтырып көңіл айтуға келіпті деседі. Сонда жеті аттың жасаурап, мөлдіреген көзін көріп, ақын басын көтеріп, шүкіршілік айтып орнынан тұрды деген бар.

Қоғам және мемлекет қайраткері С.Шауханаманов «Ер қанаты» атты кітабында жылқы жайлы толғанып, тебіреніп сөз қозғайды. Әр сөзіне бас иесің, жылқы жайында ұтымды деректерді ерінбей жинағаны байқалады.

«Мен инженермін, – дейді Секең, – бірақ қазақпын, мал маманы емеспін. Жылқы малын сүйемін. Осыған разы бол, Қамбар ата, жылқы жайында кітабымда ой қозғап, мақсатымның орындалғанын білемін» деп нүкте қояды ұтымды сөздің шебері Секең.

Біздің ауылда Қайырлап деген кісі болды. Мінезі бар адам ед. Қайырлаптың баласы Қыстаубай атқұмар болып өсті. Бірде бәйгеге қосар күні қорадағы Көкшолақ орнынан тұрмай жатып қалды. Қыстаубай атты қамшымен тартып жіберді. Ат орнынан тұрды да тағы жатты. Қысқасы, бәйгеге шықпай қалды, әкесі Қайырлапқа келді:

– Көкшолақ сырқатқа ұшырады, тұрмайды.

– Ә, Көкшолаққа не болған балам, көрейін – деп Қайрекең қораға кірді. Аттың көзінен жас төгіліп тұр. Ашулы, көзі қанталаған. Дереу сұлыны қайнатып, аттың тілін тұзбен сүртті. Көкшолақ орнынан тұрды. Ата аттың ашуын басу үшін Қыстаубайға тон кигізіп, қамшымен тартып-тартып жіберіп, ұзақ жүрді, суатқа әкелді. Содан ат құлындай ойнап, бәйгеге қайта қосылғаны бар. Көрдіңіз бе, кегін алғанын сезініп тұр.

Талантты журналист Нұртөре Жүсіп бір досы ағайындары берген биені Қостанай жақтағы туыстарына қойғанда құлындамағанын, содан өрісін жаңартып Мерке жақтағы екінші бір үйірге қосқанда келер жылы құлындағанын таңырқай жазады. Сонда мұнда қандай сыр бар? Жылқы Қостанайдағы өрістен өзіне тең таппады ма, әлде жер, суы ұнамады ма, бәлкім, солай болар. Меркеге келді, таза ауа, тау суына мейірімі қанды, көкшалғынға аунап, үйірдегі айғырға бауыр басты, құлындады. Ал, бұған таңырқамай көр...

Жазушы Қ.Жұмаділов бір әңгімесінде әскерге жасақталған Күреңторының Дондағы пароходқа аяғын салмай, жалт бұрылып, сонау Алтайдағы өрісіне 17 күнде оралып, сол жерде көз жұмғанын мөлдіретіп жазғанына таңырқап, бас алмай оқығаным бар. Жануар туған жерін қимай, жау шебіндегі оққа оранар жерден бас тартып жайлауына оралғанын, көз жұмғанын қараңызшы?! Осы сәтте адамға, батырға тән мінез жылқы бойында бар ма деп ойлайсың. Әдетте, үйірдегі жылқы кейде басын салбыратып, күншуақта тұратыны бар. Содан бір кезде басын көтеріп, баяғы жайлауы, үйірді бастап жөнелгенін көріп, бұлар қайда тартты? – дейтінбіз. Бала кезіміз гой, аталардан сұраймыз.

– Ә, олар құлын кезіндегі жайлауын сағынғанда, есіне түскенде солай жортады. Бұрылмайды, пойыздың алдын кесіп өтіп, тіпті басын өлімге байлап жайлауына жетіп, мауқын басады, – деп көнекөздер әңгіме айтатын.

Арабтар ұл туса жерді, елді қорғайды деп, оған ер тұрманымен ат сыйлаған, «пайғамбардың жауынгері болады» деп тәрбиелеген. «Атсыздың атасының ақысы» кетеді. «Атқа мінсең байдың баласы секілдісің, жерге түскенде жетімдігің еске түседі» деген сөз тағы бар.

Ақан серінің жан серігі болған Құлагер 300 аттың ішінен суырылып шығып, даңқы жер жарған. Қызғаныштан ішегіне ине айналмайтын қазақ емеспіз бе, сол Құлагердің ажалы адамнан болды. Басын құшақтап, Ақан сері:

Құлагер атаң – тұлпар, анаң – сұңқар,
Соғып ем, дөненінде сегіз арқар.
Сен едің серігім де, қанатым да,
Күйігің, қайран атым, қайтсем тарқар? – деп күніренді, өксіді.

Сұрапыл соғыс бітіп, ауылға ағалар оралғанда үйренген жылқылар кісінеп бірден танығаны бар. Жаралы болып ауылға оралған Қонысбай аға Күрең қасқадан түспей ғұмыр кешті, ауыл азаматы Абылай Бөлекеев: «Бірде жолаушылап келе жатып, кенет мұз ойылып, ажал құша жаздағанда Қамбар бабаға, Құлболды ишанға сыйынып аман қалдым, мұзды атыммен жарып шықтым» дейтін маркұм.

Біздің бала кезімізде дарияның арғы бетінде «Сұлтан түбегі» деген жер болды. Сол жерді жайлайтынбыз. Бұл сонау қырқыншы жылдың алды еді. Әкем екеуміз жол жүріп келеміз. Мен есекте, әкем атта. Бір кезде алдымыздан бәйгеге қосылған аттар жортып өтті. Әкем мінген ат басын көтеріп, тұрып алды. Жүрмей тұр. Ыңырсып, бауырын жиыра бір тартқанда тартпасы үзіліп, жерге түсті. Әкем аң-таң. Үйге әрең жеттік. Әкем ертеңіне түс көргенін айтып отырды.

– Балам, – деді әкем, – мына ат түсіме кірді. Маған ренжіп сөйлей бастады.

– Мырзеке, – деді ат кәдімгідей тілге келіп, – кеше мен бәйге аттарын көріп, күйзелдім. Мені бақсаң, баптасаң сол бәйгеге мен де түсер едім. Мырзеке, мені бақ та, бәйгеге қос! – дей бергенде оянып кеттім. Содан әкем түсін жорытып, әлгі атты бірер ай баптап, бәйгеге салды. Құданың құдіреті, сол ат бәйгеден келген соң, үйімізде мал басы көбейді. Әкем осы бір әңгімені жиі айтатын жарықтық. Атта аруақ бар, атта құдіреттің күші бар, эттең тілі жоқ. Тағы бір қызық оқиға есіме түсіп отыр. Қала іргесіндегі «Сабалақ» саяжайында Жамбыл деген жігіттің қорық аты бар еді. Сол жоғалды, айлап ізледі, таптырмады. Хабар келді, Кертөбел ұрлаған ұрының жолда тулап, жығып мерт етіп қашып шыққа керек. Содан шылбырын сүйретіп, жайлаудан бір-ақ шығыпты. Көрдіңіз бе, бес жыл қорада ұстап жем берген жеріне оралмай, қаладан 90 шақырым жердегі өрістегі бір кездегі жайлауына барғанын, сонда жүрген жерінен Жамбылдың алып келгенін жыр етіп айтқанда таңғалдық.

Жылқы – бостандықтың символы. Желден жүйрік жануарға қуат береді деген аңыз тағы бар. Баян-Өлгей аймағының 10 жылдығында қазақтар Чойболсанға ат мінгізді, сол ат екі рет өлкеге қашып келіп, өрісін тапқан. Ал, 1960 жыл Моңғолиядан Вьетнамға көп жылқы жіберілді, солардың көбісі тұрақтамай жайлауына қашып келіп, біразы ұзамай көз жұмыпты. Моңғолдар сол аттардың ішінен қашып келген бір тұлпарға ескертгіш орнатқан.

Жылқы жайында аз-кем сыр ағытқандай болдық. Жылқыны сақтау үшін жылқышыларды, бапкерлерді ынталандырудың жолын қарастырмай болмайды. Ат бәйгесін көбейте түскен дұрыс болар еді. Баяғыдай ауылдарда жылқы фермаларын қайта құрып, қымыз өндіруге жол ашатын кез келді. Оны баптайтындарды да тауып қойған жөн. Қымыз бап сүйеді, оны сақтаудың әдісі бар. Қысқасы, бүгінгі әңгімеде жылқы жайында біраз сыр ақтарылған секілді, әлі де айтылмай қалған жайлар болар.

Қайырбек МЫРЗАХМЕТҰЛЫ.

100 НАҚТЫ ҚАДАМ

Дамыған елдерде мемлекеттің экономикадағы қатысу деңгейі 15 пайыздан аспайды. Орта және шағын бизнестің әлауқатының деңгейі арқылы ел экономикасының тұрақтылық деңгейін бағамдауға әбден болады. Ал жекешелендірудің екінші толқыны экономикадағы мемлекеттік қатысуды тоқтатуға және жеке бизнестің дамуы үшін жағдайлар жасауға арналған. Әлемдік тәжірибеде жекеменшік сектор мемлекеттік мекемелерге қарағанда анағұрлым сәтті басқарушы деп есептеледі. Кәсіпкер жаңа жағдайларға жылдам бейімделіп, өндіріске жаңа технологияларды жылдам енгізе алады деп есептейді. Карл Маркс кезінде «Мемлекеттің пайда болуына тікелей әсер еткен жекеменшік» деді, себебі меншік жеке болса, адам оны барын салып қорғайды, көбейтеді деген тұжырымдамасы дамыған елдердің тәртіптеріне енген.

ЖЕКЕШЕЛЕНДІРУДІҢ ШЕШУШІ КЕЗЕҢІ

Міне, сондықтан да жекешелендірудің кезекті толқыны басталуда. Мемлекеттік меншікті жекешелендіру мен квазимемлекеттік сектор активтерін беру отандық кәсіпкерлікті, жеке бизнесті одан әрі нығайту мен дамыту мақсатында жүргізіліп отыр. Бұл жайында Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Ұлт жоспары - қазақстандық арманға бастайтын жол» атты мақаласында айтылған.

«Мемлекет иелігінен алу мен жекешелендіруді белсенді ете түсу үшін жекешелендіруден, активтерді әділ нарық бағасы бойынша сатудан, сондай-ақ, қазақстандық және шетелдік инвесторларға жекешелендіруге барынша қатысуға жағдай жасау үшін шектеулерді алып тастауға мүмкіндік беретін заңнамалық өзгерістер қабылданды. Жекешелендірудің шешуші тетігі акцияларды қор рыноктарына ашық аукциондар арқылы орналастыру болады. 2016 жылдың I тоқсанында мүліктен айыруға жататын нысандардың тізімі қысқартылып, барлық акционерлердің квазимемлекеттік секторда иеліктен шығарылған активтерін сатып алуға басым құқықтарын алып тастауды қарастыратын заң жобасы жасалатын болады», – дейді Н. Назарбаев.

Атап айтқанда, жаңа тетіктерді есепке ала отырып жекешелендірудің 2016-2020 жылдарға арналған кешенді жоспарын жүзеге асыру басталды. Осы құжат шеңберінде бәсекелесті ортаға «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ, «Бәйтерек» АҚ пен «ҚазАгро» АҚ-ның мемлекеттік меншіктегі аса ірі 65 компаниясы, «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ-ның құрамына кіретін 173 еншілес және тәуелді ұйымдары берілетін болады.

«2016-2018 жылдары «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ, «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ пен «ҚазАгро» ҰБХ» АҚ активтерінің бір бөлігі бәсекелесті ортаға өткеннен кейін олар ықшам холдингтерге қайта құрылатын болады. Мемлекеттік меншікті жекешелендіру мен квазимемлекеттік сектор активтерін беру отандық кәсіпкерлікті, жеке бизнесті одан әрі нығайту мен дамыту үшін жүргізіліп отыр. Жекешелендірудің кешенді жоспарын жүзеге асыру шағын және орта бизнесті дамытуға жаңа серпін береді», – делінген ҚР Президенті мақаласында.

Иә, бүгінгі уақытқа дейін стратегиялық емес нысандардың жекешелендірілуіне байланысты Үкіметтің 2014-2016 жылға арналған кешенді жоспары жүзеге асырылып келгені белгілі. Бұл кешенді жоспар квазимемлекеттік секторға тиесілі ұйымдарды бәсекелестік ортаға беруді қарастырған болатын. Соған орай, жеке секторға өтетін нысандар тізімі де бекітілген еді.

Жалпы алғанда 2014-2016 жылдары барлығы 833 әртүрлі меншіктегі нысан сату жоспарланған. Оның ішінде 41 нысан республикалық меншікке жатады. Республикалық меншік бойынша барлығы 2014-2016 жылдарға арналған сату кестесінде 41 нысан жекешелендіруге жатады. 2014 жылдың маусым - 2016 жылдың қаңтардағы кезеңінде іс жүзінде 28 нысанды өткізу жоспарланған. Ағымдағы жылғы 5 қаңтардағы жағдай бойынша саудасаттыққа 28 нысан шығарылды, оның ішінде 15 нысан сатылды.

Коммуналдық меншік бойынша 2014 - 2016 жылдарға арналған сату кестесіне сай 491 объектінің сауда-саттығы белгіленді. 2014 жылдың маусым - 2016 жылдың қаңтардағы кезеңінде 243 нысан жекешелендіруге жатады. Іс жүзінде 5 қаңтардағы жағдай бойынша 221 нысан саудаға шығарылды, соның ішінде 114 нысан сатылды. Айта кету керек, коммуналдық меншік аясында шипажай, лагерьлер, ғылыми-зерттеу институттары, спорттық клубтар мен нысандар, жолаушылар тасымалдары, бұқаралық ақпарат құралдары жекешеленетін болады.

Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялар бойынша 2014-2016 жылдардағы сату кестесіне орай сауда-саттыққа 170 нысан белгіленді. 2014 жылдың маусым - 2016 жылдың қаңтардағы кезеңінде 109 нысан жекешелендіруге жатады. Іс жүзінде 86 нысан сатуға қойылды, 60 нысан сатылды.

Ұлттық компаниялар мен холдингтер бойынша 2014 - 2016 жылдары 131 объект жекешелендіруге жатады, 5 қаңтардағы жағдай бойынша жоспарланған 111 нысанның 93-і саудаға шығарылды, оның ішінде 50 нысан сатылды.

Қаржы министрлігінің 2016 жылғы 8 қаңтардағы мәліметтеріне сәйкес жекешелендіруден түскен табыс төмендегіше бөлініп отыр. Республикалық бюджетке – 5,5 млрд, облыстық бюджеттерге – 2,9 млрд, холдингтерге – 6,7 млрд және ӘКК-ке 2,9 млрд теңге түскен. Барлығын қосқанда 18 млрд теңгеден асса, оның үштен бір бөлігі республикалық бюджетті толтырып отыр.

Жалпы алғанда жекешелендіру – меншік қатынастарын реформалау арқылы мемлекеттік меншікті меншіктің басқа нысандарына айналдыру процесі. Жекешелендіру кәсіпкерлікті дамытуға тың серпін беруі тиіс. Әлемдік тәжірибеде жеке сектор мемлекетке қарағанда біршама табысты басқару саласы ретінде қарастырылады. Оның үстіне жеке бизнес жағдайға тезірек бейімделіп, жаңа технологияларды да уақытылы енгізуге қабілетті болып табылады. Осы орайда нарықтың қазіргі жағдайына байланысты Елбасымыздың:

«Кәсіпорындар мемлекет қолдау көрсетеді деп күтпеуі керек. Бұған жол берілмейді. Ұлттық қор қаржысыннан жаңа нысандар салуға және нашар жұмыс істеп тұрған кәсіпорындарға қолдау көрсетуге, субсидия беруге тыйым саламын. Мұндайда қандай өндірістер тиімді жұмыс атқаратыны, сондай-ақ қандайы тиімсіз жұмыс істейтіні бірден көрінеді. Сондықтан да тиімді менеджментті қалыптастыру үшін жекешелендіруді жүргізіп жатырмыз» деген сөзін еске алған артықтық етпейді.

Дағдарыстар кезеңінде жекешелендіру жүргізу әлемдік тәжірибеде жиі кездеседі. Экономикалық жеңудің бір жолы – экономиканы әртараптандыру. Бұл кезең өмірге деген көзқарасты өзгертетін механизм деуге болады. Жаңа идеялар, жаңа пікірлер пайда болады.

Мемлекет пен ұлттық холдингтер, компаниялар жекешелендіру нәтижесінде инфрақұрылымдық жобаларды жүзеге асыруда қосымша қаржылық көздерін иеленеді. Мемлекеттік ұйымдар бейінді емес активтерден арылып, өзінің қызметін негізгі міндеттерді орындауға жұмылдырады. Ал халық өз кезегінде бәсекелестікті дамытудың арқасында қызмет сапаларының жақсаруын, олардың бағасының төмендеуін сезіненді. Осылайша, жекешелендірудің екінші толқынын табысты жүзеге асыру нәтижесінде жалпы алғанда ұйымдар қызметінің тиімділігі артып, халық үшін қызмет сапасы жақсарады.

Ал өткен жылдың 22 қыркүйегінде Үкімет мүшелері жекешелендіру жолымен ІЖӨ-дегі мемлекеттік меншік үлесін 15 пайызға дейін азайтуды көздеп отырғанын жеткізген болатын. Шын мәнінде жекешелендірудің басты міндеті – бюджетті толықтыру емес, мемлекеттің ел экономикасындағы үлесін азайту. «Біздің басты міндетіміз – мемлекет меншігінен шығару, мемлекеттің экономикадағы үлесін азайту. Әрине, жекешелендірілетін нысандардың сатылу бағасы маңызды, бірақ, бүгінде біз жекешелендіру есебінен бюджетті толықтыруды ең басты міндет ретінде айқындап отырған жоқпыз. Жеке инвестициялардың жұмыс жасағаны өте маңызды», - деді ҚР Қаржы министрі Б.Сұлтанов «100 нақты қадам» Ұлт жоспарын жүзеге асыру аясында бірқатар қабылданған заңнамалық актілердің ережелері мен жаңашылдықтарын түсіндіру бойынша өткен семинар барысында.

Сонымен Үкімет 2016-2020 жылдарға арналған жекешелендірудің жаңа кешенді жоспарын мақұлдап, оның шеңберінде мемлекеттік, квазимемлекеттік секторлардың жекешелендірілетін нысандарының тізбесі бекітілді. Алда зор ауқымды жұмыстар күтіп тұр. Қысқасы, елімізде жүріп жатқан жекешелендіру процесінен күтеріміз көп.

Ыдырыс ТӘЖІҰЛЫ.

АУМАҚТЫҚ ИНСПЕКЦИЯСЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІ АУҚЫМДЫ

«Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Қызылорда облыстық аумақтық инспекциясы» мемлекеттік мекемесі өзінің құзыреті шеңберінде оған Конституциямен, заңдармен, Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік құқықтық актілерімен және осы ережемен жүктелген асыл тұқымды мал шаруашылығына, мал шаруашылығындағы жаңа селекциялық жетістіктердің орындалуына, астық нарығын реттеу саласында, өсімдіктерді қорғау және өсімдіктер карантині саласындағы арнайы атқару мен бақылау-қадағалау міндеттерін жүзеге асыратын, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің аумақтық бөлімшесі болып табылады.

Инспекция өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясы мен Заңдарына, Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің актілеріне және өзге де нормативтік-құқықтық актілерге сәйкес жүзеге асырады. Инспекцияның аудандарда және қалада аумақтық инспекциялары (органдар мен бөлімшелер) болады.

Облыс, аудан, қаладағы инспекцияларға жүктелген негізгі міндеттерге сәйкес сеніп тапсырылған учаскеде Қазақстан Республикасының аумағын карантиндік объектілердің әкелінуі мен таралуынан, ауыл шаруашылығы өсімдіктерін аса қауіпті зиянкестер мен аурулардан қорғау, өсімдіктерді қорғау және олардың карантині саласындағы фитосанитариялық бақылау мен есептілік, асыл тұқымды мал шаруашылығы жөніндегі мемлекеттік бақылауды және астықтың қауіпсіздігіне және сапасына мемлекеттік бақылау функцияларын жүзеге асырады.

Аумақтық инспекциялар фитосанитариялық есептілікті жүргізуді, фитосанитариялық мониторинг пен фитосанитариялық іс-шаралар жүргізуді, пестицидтерді (улы химикаттарды) сақтауды, тасымалдауды және қолдануды, пестицидтерді (улы химикаттарды) тіркеу және өндіру сынақтарын жүргізуді, пестицидтерді (улы химикаттарды) залалсыздандыруды және арнаулы сақтау орындарының (көмінділердің) жай-күйін, лицензиялық ережелердің сақталуын сонымен қатар, карантиндік объектілердің таралу ошақтарын анықтау, оқшаулау мен жою және карантинге жатқызылған өнімді залалсыздандыру іс-шараларының жүргізілуін ұйымдастырады.

Инспекция өз құзыретінің шеңберінде заңмен белгіленген тәртіпте келесі құқықтар мен міндеттерді жүзеге асырады.

Фитосанитарлық шараларды жүргізуде мемлекеттік органдардың, жеке және заңды тұлғалардың қызметтерін ұйлестіреді.

Фитосанитарлық бақылаулық бекеттерде тасымалданып әкелінетін өнімдерге тұрақты алғашқы карантиндік тексеру жүргізеді, қажет жағдайларда – көліктік заттардан, қол жүгінен және жүктен сынама ұлгілерін ала отырып, оны зертханалық сараптамаға жібереді және тасымалданып әкелінетін өнімдердің карантиндік құжаттарын тексереді.

Өсімдік текті өнімдерге фитосанитариялық және карантиндік сертификаттар береді.

Жоғары органның келісімі бойынша карантиндік режимнің енгізілуіне немесе оның алынуына карантиндік аймақты анықтау туралы жергілікті атқарушы органдарға ұсыныс енгізеді.

Астық қабылдау кәсіпорындарының біліктілік талаптарына сәйкестігіне жыл сайын зерттеу жүргізуге қатысады.

Жеке және заңды тұлғалармен карантинге жатқызылған өнімді фитосанитариялық сертификатсыз республика аумағына әкелу және карантиндік сертификатсыз облысаралық тасымалдауды жүзеге асыру түрінде жасалған бұзушылық «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасының кодексінің 400-бабына сәйкес – жеке тұлғаларға – жиырма, лауазымды адамдарға, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға – отыз, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – қырық, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне бір жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады. Сонымен қатар, карантиндік объектілердің таралуын есепке алуды уақтылы немесе тиісінше жүргізбеу не өсімдіктер карантині саласындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау объектілерінде өсімдіктер карантині бойынша шараларды уақтылы немесе тиісінше ұйымдастырмау – лауазымды адамдарға отыз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғатындығын назарға салады.

Осы жоғарыдағы атап көрсетілген шаралар Қызылорда облыстық аумақтық инспекция және оның бөлімшелері тиісті аумақта жергілікті атқарушы, шекара, кеден, құқық қорғау және де басқа органдармен өзара іс-қимылды жүзеге асырады.

Б.НҰРТАЗАЕВ,
ҚР АШМ АӨК МИК облыстық аумақтық инспекциясы басшысы.

ҚҰҚЫҚ

САЛАДАҒЫ ЖҰМЫСТАР САРАЛАНДЫ

Сейсенбі күні облыстық мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының төрағасы Айбек Дәуренбеков былтырғы атқарған істерін қорытындылады. Сонымен қатар ағымдағы жылдың қаңтарынан бастап сот жүйесіне енген жаңашылдықтарды шолып өтті.

Өздеріңізге белгілі, биылғы жылдан «5 институттық реформаны жүзеге асыру бойынша «100 нақты қадам» – Ұлт жоспарын орындаудың практикалық кезеңі басталды. Осыған орай жаңа құқықтық орта қалыптастыру мақсатында 59 заң күшіне енді. Оның қатарында жаңа Азаматтық іс жүргізу кодексі және «Жоғарғы сот кеңесі туралы» заңдар бар. Сондай-ақ, «Сот жүйесі және судьялардың мәртебесі туралы» Конституциялық заңға, Қылмыстық іс жүргізу, Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстерге өзгертулер енгізілген. Бұл өз кезегінде судьяларға артылар жүкті еселеп, талапты да қатаңдатпақ. «Сондықтан да оларға арнайы семинар сабақтары тұрақты өткізіліп, жаңашылдықтар жіті түсіндіріліп отырады», – деген төраға былтырғы атқарған жұмыстардың нәтижесін баяндады.

– Былтыр біздің қарауымызға 3626 талап арыз, 60 азаматтық іс келіп түсті. 2014 жылмен салыстырғанда сотқа түскен талап арыздар мен істердің саны 37,9 пайызға кеміген. Бұдан өзге былтыр 99 заңды тұлға сот шешімімен банкрот деп танылған. Ал мемлекеттік органдардың іс-әрекетіне дау айту бойынша 25 шешім шығарылған. Сонымен қатар мемлекеттік сатып алу конкурсы бойынша 1597 жауапты тұлғаның әкімшілік жауапкершілігі мәселесі қаралды, – дейді ол.

Жиын соңында Айбек Дәуренбекұлы тілшілердің сауалдарына жауап беріп, атқарылған өзге де мәселелерді ортаға салды.

М.ТОҚТАСЫНҚЫЗЫ.

ТІЛЕК

АЛҒЫС АЛҒАН АҚЫЛ

Қайсыбір күні Алматыдан қаламгерлер келді. Бәрі де танымал. Есімдері республикадан тыс аймақтарға да жайылғандар. Атап айтсақ, Ұлықбек Есдәулет, Қуандық Түменбай, Көпен Әмірбек. Олар біздің жерлесіміз, поэзия әміршісі атанған Жарасқан Әбірашұлының ескерткіш мүсінінің ашылу рәсіміне шақырылғандар.

Естеліктерін айтты. Жарасқан иініміз төрт жанрда бірдей талмай қалам тербеген нағыз жыр тұлпары ғой. Содан кейін қонақтар Ж.Әбдірашұлына «Ақниет» дәмханасындағы ас беру дастарханына қатысты. Орындыққа жайғасқасын зал ішін көздерімен шолып өтіп, таңдай қағып таңданыс білдірді.

– Паи-й, дәмханаларың тамаша екен, көңіліміз жадырап сала берді ғой! Аға, сіздердегі мейрамхананың бәрі осындай ма? – деп сауал тастады.

– Е-е, осы шамалас қой. Енді Айжан деген келініміз мұнан да кеңірегін тұрғызып жатыр. Жақында бітіп қалатын шығар, – деп өзімше мақтанып қойдым.

– Мына орын «Ақниет» аталады екен. Жақсы ырым ғой. Иесінің аты-жөні кім, танысуға бола ма?

– Иесі Ақыл Сәдуақасова. Көпшілік сенім артқан, төрт сайлау қатарынан мәслихатқа депутат болып сайланған ару қызымыздың бірі. Кешіріңіздер, таныстыра алмаймын. Сіздер, қияли – ой адамысыздар. Қолдағы алтыннан айрылып қалар жайым жоқ, – деп әзілдеп қойдым.

Олар күлісіп алды. Енді ойласам, сырттан келген қонақ сыншы демекші, бәріне көз тігіп, жақсыны көрсе, жүдә разы болып қалады екен. Өзге мейрамханалар мен кафелер де осы «Ақниетке» ұқсап жалтырап тұрса, кәне деген пікірде қалдым.

Шәкірат ДӘРМАҒАМБЕТҰЛЫ.
Арал қаласы.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

«ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз» АҚ компаниясы барлық құрылыс, көлік, мұнай өндіру және басқа компаниялар мен кәсіпорындардың басшыларының назарына «Құмкөл-Арысқұм-Жосалы» магистральды мұнай құбырының Қарағанды облысы Ұлытау ауданының, Қызылорда облысының Сырдария, Жалағаш және Қармақшы аудандарының аумағымен өтетінін жеткізеді. Магистральды құбырларды қорғау ережелерінің талаптарына сәйкес «ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз» АҚ-ның жазбаша рұқсатынсыз қорғау аймақтарында (құбырдың екі жағынан 25 м) қандай да бір жұмыс түрлерін жүргізбеулеріңізді сұраймыз.

Автокөлік егелерінен және жақын маңда орналасқан елді мекен тұрғындарынан құбыр өтетін жолға таяу жердегі қозғалыс қауіпсіздігінің ережесін сақтауларын, құбыр желісінің бүтіндігін бұзбай қорғауларын және қорғау аймағында тек белгіленген автожолмен жүрулерін сұраймыз.

«ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз» АҚ Басшылығы.

Жарамсыз деп есептелсін

Әлиев Алтынбек Рабитұлының атына Қызылорда облысы. Жаңақорған ауданы, Манап ауылындағы №160 орта мектепті 20.06.2011 жылы бітіргені жөнінде берілген ЖОБ №0143213 аттестаты жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

***

Иманалиев Нурбол Темирбаевичтің атына Қызылорда қаласындағы Әлия Молдағұлова атындағы №173 орта мектептің 9 сыныбын 14.08.2006 жылы бітіргені жөнінде берілген НМК 2258391 куәлігі жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

***

Аяпов Ербол Абдрахмановичтің атына Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, Жүсіп Қыдыров көшесі №31 үйге берілген сатып алу-сату келісім-шарты (№Д-73 09.08.1997 ж.) түпнұсқасы жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

***

Әбенова Ақмарал Мұратқызының атына Этнопедагогикалық колледжін (Түркістан қәсіби педагогикалық колледжі) «0105000 – Бастауыш білім беру» мамандығы бойынша 29.06.2013 жылы бітіргені жөнінде берілген ТКБ №0205353 дипломы жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

***

Назаров Ғабит Нағашыбайұлының атынан ашылған Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, Әйтеке би көшесі 94 үйде орналасқан ЖК Назаров Ғабит Нағашыбайұлы нысанының мөрі жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін (№0005345 Сериясы 3310).

«Сыр бойы», «Кызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және ауданның барлық басылымдарына хабарландыру орналастырғыңыз келсе:
70-00-49, 70-00-52
телефондары арқылы байланысуға болады. E-mail:
smjarnama@mail.ru

Қызылорда облысының әкімдігі мен мәслихаты, «Нұр Отан» партиясының облыстық филиалы, Қазақстанның еңбек сіңірген гидротехнигі, су шаруашылығы саласының ардагері

Нәлібаев Мәделхан Нәлібайұлының

қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасы мен туған-туыстарының қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

***

«Халықаралық Аралды құтқару қорының Қазақстан Республикасындағы Атқару Дирекциясы» қоғамдық қоры және Қызылорда қаласындағы филиалының ұжымы Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген гидротехнигі

Мәделхан Нәлібаевтың

қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасы мен туған-туыстарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

Бақұл бол, аяулы әріптес

Кеше ғана ортамызда жүрген атпал азамат, ауданның білім саласына еңбегі сіңген педагог, Қазақстан Республикасы Білім беру ісінің үздігі Ерболат Қалниязды сұм ажал қапияда алып кетті.

Ол 1974 жылы 27 мамырда Қазалы ауданы, Жаңақазалы қыстағында дүниеге келген. 1990 жылы Ы.Алтынсарин атындағы №421 орта мектепті бітіріп, сол жылы Қызылорда қаласындағы Н.В.Гоголь атындағы педагогикалық институттың физика факультетіне оқуға түсті. 1996 жылы жоғары оқу орнын ойдағыдай тәмамдаған соң Қазалы ауданындағы Б.Мергенбаев атындағы №226 орта мектепте физика, информатика пәндерінің мұғалімі болып еңбек жолын бастады. 2001 жылы Ү.Түктібаев ауылындағы Б.Әбдіразақов атындағы №88 орта мектептің директоры қызметіне тағайындалды. 2005 жылы Қазалы аудандық білім бөлімі меңгерушісінің орынбасарлығына ауыстырылып, 2006 жылы №88 орта мектеп директорлығына қайта жіберілді. 2012-2015 жылдар аралығында Қазалы аудандық білім бөлімінің басшысы қызметін абыроймен атқарды.

Ерболат Бекаралұлы білімді, өз мамандығын жетік меңгерген ұстаз еді. Оның бірнеше ондаған шәкірттері білім мен ғылымның биігіне шықты. 1998 жылы жас маман аудандық, облыстық байқаулардың жеңімпазы атанып, республикалық «Жыл мұғалімі» сайысына қатысты. Шәкірттерге сапалы білім, саналы тәрбие берудегі қаржырлы еңбегі ескеріліп, «ҚР Білім беру ісінің үздігі» төсбелгісімен, бірнеше дүркін аудан, облыс әкімінің және облыстық білім басқармасының «Алғыс хатымен» марапатталды. Аудан мұғалімдерінің 2015 жылғы тамыз мәслихатында Қазақстан Руспубликасы Білім және ғылым министрінің «Ы.Алтынсарин атындағы төсбелгісімен» наградталған болатын.

Аудандық білім бөлімін басқарған жылдарда оның іскерлік қабілеті ашыла түсті. Аудан оқушылары облыстық, республикалық және халықаралық түрлі байқаулар мен олимпиадалық сайыстарда тамаша табыстарға жетті. Мектеп түлектерінің ұлттық бірыңғай тестілеудегі көрсеткіштері жылма-жыл жоғарылады. Мұғалімдердің білімін жетілдіру мен тәжірибесін арттыруға айрықша назар аударды.

Біз, Ерболат Бекаралұлының өмірден мезгілсіз өтуіне байланысты оның отбасы мен ағайын-туыстарына орны толмас қайғыларына ортақтасып, көңіл айтамыз.

Қош бол, аяулы әріптес!

Қазалы аудандық білім бөлімі, Білім және ғылым қызметкерлері кәсіподағы аудандық комитеті.

• ...ДЕГЕН ЕКЕН

Жуырда кітап дүкенінен Іляс Қозыбаевтың «Тот самый Жанбаев» атты кітабын алып оқып шықтым. Бұл кісі туралы бұрындары талай әңгімелерді естіген, оқыған едім. Туа бітті талант, ешқандай арнаулы оқу орнында оқымай-ақ сауатын өздігінен көтерген дарын иесі, сөзге тапқыр, адал, әділеттің ақ туын ұстаған ол ауыр жылдарда бірнеше мәрте обкомның хатшысы болды. Мемлекет және қоғам қайраткері атанды. Жоғарыда айтылған кітапта Сағалбай Жанбаевтың айтқан тапқыр сөздері топтастырылған екен. Солардың бірнешеуін қазақшаға аударып, назарларыңызға ұсынып отырмын.

МӘСКЕУДІ ”МЫСЫ БАСҚАН“ ЖАНБАЕВ

ОҚУҒА ТҮСУДІҢ “ОҢАЙ” ЖОЛЫ

Сұрапыл соғыстың біткен шағы. Жаңа кадрлардың соғыстан елге келіп, ескі кадрларды ауыстырып жатқан кезеңі. Жасы 40-қа келіп қалған Жанбаев білім жетілдірмесе болмайтынын сезеді де басшылардан қоймай сұрап жүріп Мәскеуге, жоғары партия мектебіне оқуға жолдама алады. Бірақ түсу емтиханында орысша шығарма жазудың өзінде-ақ сүрінеді. Таза параққа аты-жөнін ғана жазған Сағалбай емтиханнан құлап қалыпты. Не істеу керек? Елге қайтып бару – ұят. Тағдыры қыл үстінде тұрған Жанбаев жолын тауып сол кездегі үкімет мүшесі Маленковқа телефон соғады. Сонда былай десе керек: «Когда во время войны мясо надо было – Жанбаев надо, зерно надо – Жанбаев надо, шерсть надо – Жанбаев надо, учиться надо – Жанбаев не надо?». Ұлты орыс емес азаматтың ренжіп айтқан дәлелді өтінішін Маленков түсінген болса керек, оқу басшыларына тапсырма беріп, Жанбаев 1945 жылдың 3 карашасында оқуға алыныпты. Не деген тапқырлық, жүректілік десеңізші?!

ҚОЖАНАСЫРЛЫҚ ӘДІС

Сәкең жоғары партия мектебіне оқуға түскеннің алғашқы күндерінде Мәскеуді аралауға шығады. Жатақханасына қайтып келген соң бөлмесінің нөмірін ұмытып қалады. Тығырықтан шығу үшін ол барлық бөлмелердің есігін қағып «Жанбаев здесь живет?” деп сұрай-сұрай өз бөлмесіне жетіпті. Сағалбайдың сұрағына бөлмедегі досы: «Сағалбай, мұның не?» – десе, «Сені тексерейін деп едім» депті саспастан. Мұнысы Қожанасырдың есегін таппағандағы әдісіне ұқсайды, әрине.

“ҚОРҚЫНЫШТЫ” БИЛЕТ

Оқу кезінде Сәкең орыс тілінен өте көп қиындық көреді. Әсіресе, емтихан кездерінде. Сондықтан да «қанағаттанарлық» деген баға алу үшін еңбекқорлығына қоса туа бітті тапқырлығы мен өткір тілінің көп пайдасы тиген. Философиядан дайындық кезінде көп билеттердің ішінен ол тек 13-ші билеттің сұрақтарына ғана дайындалады. Емтихан кезінде емтихан алушы профессордың көзінше бір билетті алады да, тез орнына салып араластырып жібереді. Ашуланған профессорға: «Кешіріңіз, жолдас профессор, мен 13 деген саннан өлердей қорқамын», – дейді. «Жоқ, болмайды» деген профессор 13-ші билетті қайта “еріксіз” алдырған. Ол билетке дайындығы болғандықтан сұраққа мүдірмей жауап беріп, профессорды отырғызып кетіпті.

“СУДАН ШЫҒА АЛМАЙ ЖҮРМІН”

Философиядан болған тағы бір сынақта Сәкеңе В.Лениннің «Материализм және эмпириокритицизм» еңбегі тап келіпті. Бұл сұраққа жауап беру жоғары білімді адамның өзіне өте қиын, ал Сәкең болса «эмпириокритицизм» деген сөзді айта да алмайды ғой. Талай қиын тұйықтардан амал тауып жүрген Сәкең бұл жолы да құтылып кетіпті. Жауап беру кезегі келеді, Жанбаевтың сөзі ұзақ, адам түсінбейді. Бір уақытта профессордың шыдамы таусылып, бірақ сыпайы түрде: «Жанбаев жолдас, сіз, сірә, жауапты білетін сияқтысыз, бірақ қысқа айтсаңыз дұрыс болар еді. Әйтпесе сөзіңіз суға кетіп бара жатқан адамның «малтуындай» (долго барахтаетесь)”, – депті. Ілікке сөз таба алмай тұрған Сәкең осы сәтте: «Кешіріңіз, жолдас профессор, Жанбаев суға батып кеткісі келмейді, сосын ғой манадан бері судан шыға алмай жүргенім», – деген екен. Сәкеңнің тапқыр жауабына шек-сілесі қатқан профессор бірден қанағаттанарлық баға қойыпты.

САЯСИ БЮРО МҮШЕЛЕРІН “САСТЫРУ”

Ол кезде ВПШ-нің маңызы зор болған ғой, мемлекеттік емтихан комиссиясына мүйізі қарағайдай қызметтегілер кіріп, ішінде саяси бюроның бес мүшесі болыпты. Андрей Андреев бастаған мүшелердің алдында тыңдаушы студенттерден ешкім бірінші жауап беруге бата алмапты. Бітірушілерді батылдандырмақ болған комиссия мүшелері, бірінші болып шыққан адамның жауабына бір балл қосылады десе керек. Сонда Жанбаев дереу: “Ал бес балл алған адамға, алты балл қоясыздар ма?” – деп комиссия мүшелерін күлдіріп, көңілдерін көтеріп тастапты. Содан бір кезде Сәкеңнің кезегі келіп саяси бюро мүшесі М.Сусловтың алдына барып емтихан тапсырыпты. Билеттің бірінші сұрағы “Қазан революциясы” туралы екен. Сәкең: “Жолдас Ленин пролетариаттық революцияны өзі бастады, іске асырды, оны Сталин жолдас жалғастырды. Жасасын, жолдас Сталин!» деген кезінде комиссия мүшелері түрегеліп тік тұрады да:

– Енді екінші сұраққа көшіңіз, – дейді. Сұрақ советтік патриотизм жайлы екен. Жанбаев соғыс кезіндегі «Жас гвардия» астыртын ұйымы жайлы, оның басшысы Олег Кошевой жайлы айта келе, осы батырлардың қаза болғанын бес минуттық үнсіздікпен еске алуды ұсынады. Бәрі амалсыздан орындарынан тұрып үнсіздік жасайды. Үшінші сұраққа келгенде Суслов: «Сізге жақсы баға қоямыз, бара беріңіз», – дейді. Неге бұлай еткендігін Суслов комиссия жетекшісі А.Андреевке былай түсіндіріпті: “Үшінші сұрақ «Интернационал» туралы екен. Жауап беру кезінде бәрімізді хормен айтқыза ма деп қорықтым. Гимннің мәтіні жазылған кітапшаны үйде ұмытып кетіппін», – депті. Ал мұндай тапқырлық қасиеттер аса дарынды адамдардың ғана қолынан келеді.

КҮЛКІМЕН “ЕМДЕУ”

Бұл әңгіменің желісі былайша өріледі. Үкімет мүшесі Анастас Микоянды авиаконструктор інісі Артемнің денсаулығы өте қатты мазалайды екен. Артем соғыс жылдары ұшақтар жасауға атсалыса жүріп бір күн де демалмапты, үш жыл ішінде езу тартып күлмеген көрінеді. Яғни інісінің көңілін көтеретін, күлкімен, әзіл әңгімемен сергітіп денсаулығына көмектесетін адам іздеген болса керек. Микоян бұл өтінішін М.Горькийдің азаматтық некедегі әйелі Мария Андреееваға айтыпты. Мария Андреева Микоянға Сәкеңді айтыпты-мыс. Микоян Сағалбайды ВПШ ректорынан екі күнге сұрап алады. Машинаға отырып Кунцеводағы саяжайына апарып, онда күтіп отырған інісі Артеммен кездестіреді. Артемнің қасында тағы бір авиаконструктор М.Гуревич болыпты. Машинаға алғашқы отырған минуттан бастап жол үстінде Сәкеңнің Анастас Микоянмен көңілі жарасып кетіпті. Келіп кешкі асқа отырады, Сәкең әңгімесін бастайды. Сол кездескен сәттен бері Артем Микоянның күлкісі тыйылмаған дейді. Тіпті күлкіден аузындағы тамағына шашалып қала жаздапты. Ал қасындағы М.Гуревич күлкіден орындықтан құлай жаздаған дейді осы әңгімені бізге жеткізгендер. Осы күндерден бастап А.Микоян екеуінің арасында жақсы қарым-қатынас орнап, ол ұзаққа созылыпты. «Өміріңнің үш рет қиын жағдайында көмектесуге уәде беремін», – депті-міс Микоян. Осылай апта сайын Микоянның саяжайында кездесу ВПШ-ні бітіргенше үзілмеген көрінеді. Авиаконструктор Гуревич Сағалбайға тіпті бір рет өзінің жеке ұшағын беріп, үйіне бір апта демалып келуге жіберіпті.

Сағалбай Жанбаев Мәскеуде жүрген кезінде қазақтың көптеген атақты кісілерімен қатар оқып, олармен дос болған. Атап айтқанда, олар – философия ғылымдарының докторы, соғыс кезінде Белоруссияда партизан отрядының комиссары болған Тоқтағали Жангелдин, Қызылорда облаткомы төрағасының орынбасары, «Социалистік Қазақстан» газетінің бас редакторының бірінші орынбасары, Қызылорда облыстық «Ленин жолы» газетінің бас редакторы болған Зейнолла Жарқынбаев, философия ғылымдарының докторы Нұролла Сәрсенбаев, Қызылорда және Семей обкомдарының бірінші хатшысы Мұхамедғали Сужиков және көптеген басқа да мемлекет және қоғам қайраткерлерін айтуға болады. Олардың тізімдері Сәкең жайлы жазылған кітапта толық айтылған.

Тобаш ЕМБЕРГЕНҰЛЫ,
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі,
еңбек ардагері.

• ҚҰНДЫЛЫҚТАР

«Қарашаңырақ» деген сөздің мағынасын жете түсінбейтін бала кезімізде көненің көзіндей үлкендердің киіз үйдің шаңырағы мен әр мүлкін қалай қадірлейтінін көріп өстік. Ерте көктемнен бастап әжелер киіз үйдің бау-шуын қамдайтын, аталар кереге-уықтың кем-кетігін көктейтін. Сосын қара күзде үйді жығып, жинап, қымтап жауып қоятын. Ойын балаларының жинаулы тұрған үйге,ораудың сыртындағы мықтап байланған шаңыраққа шығып асыр салуына қатаң тыйым салатын. Жаз бойы өміріміз киіз үйде өткендіктен, «азанда күн шықпай түңлік аш, табалдырыққа тұрма, ши есікті бір жағынан аш» деген сөздер санамызға әбден сіңді. Есіктен кірген әжелер мен аналардың алдымен шаңыраққа иіліп сәлем салғаны сондай жарасымды еді. Ауылдың үлкендері топырақты өлім кезінде марқұмға арнап үй тігіп, оң жағына қойып, ақ жуып, арулап аттандыруды парыз санайтын.

ҚАДІРІҢДІ БІЛДІК ПЕ, ҚАРАШАҢЫРАҚ?

Осы тақырыпқа қатысты бала кезімде куә болған жай еске түсті. Сырт жаққа қоныс аударғалы жатқан ағайынның алты қанатты киіз үйін сататыны туралы хабарды үлкен кісілер қабылдай алмай есеңгіреп қалды. «Мұнысы несі, әкеден қалған қарашаңырақты сата ма екен?» деп, әлгі кісіге әбден ұрысты. Қазір бәрі сатылатын заманда бұл оқиға ешкімге әсер етпесе керек. Ал сол кездегі қариялар үшін саудаланбайтын, құны ешқандай қаржымен бағаланбайтын байлық – ата-бабадан қалған қарашаңырақ болған.

Ойланып отырсам, үлкен үйді, ата-ананың шаңырағын қадір тұтуды бізге аталар мен әжелер осындай ұсақ-түйектен бастап үйретіп кеткен екен-ау. Ол ұрпақ тігерге тұяқ қалмағандықтан шаңырағын тастап, бір үзім нан іздеп кеткен ашаршылық заманды бастан өткерді. Соғыс кезінде тұтас әулеттердің шаңырағы қаңырағанын, тіренерге таянышы қалмағанын көрді. Сондықтан болар шаңырақты кастерлеуді кейінгілерден талап етті, өздері үлгі көрсетті.

Негізінде ата-анасының шаңырағына ең кіші ұлы ие болады. Әке балаға сыншы емес пе, қартайған шақтарында өзіне жанашырлықпен қарайды, қамқоршы болады деп таныған ұлын алып қалатын жағдайлар да бар. Әке үйін қадірлеудің ғасырдан ғасырға жалғасқан үрдістері жетерлік. Еншісі бөлек отаулар мен ұзатылған қыздар соғым сойғанда үлкен үйдің сыбағасын әкеледі. Қарашаңырақтағы қарттарға алыстан әдейілеп сәлем бере келу, ауырған кездерінде жандарында болу әр перзенттің міндеті саналады. Қарашаңырақтың иесіне жүктелетін міндет те жеңіл емес. Үлкен үйді тоздырмау, қонақжайлылық көрсету деген сияқты сан түрлі жауапкершілігі бар. Қарашаңырақта отырған ұлдың жасы кіші болғанмен, жолы үлкен. Басқалары балалары үйленгенде келінді қарашаңыраққа түсіріп, сол үйдің табалдырығын аттатуды жөн санайды. Әке-шешелері дүниеден өткеннен кейін де қарашаңырақты құрметтеу, қамқорлық жасауды жалғастыра береді.

Бүгінгі күні қарашаңыраққа деген сыйқұрметтің қалыптасқан дәстүрін сақтап отырмыз ба? Кейінгі ұрпаққа осы қасиетті үрдістің алтын арқауын үзіп алмау керектігін ұғындыра аламыз ба? Соңғы жылдары ағайындылардың әкеден қалған үйге таласуы, үйді сатып ақшасын теңдей бөліп аламыз деп дау шығаруы көбейді. Оның соңы бірге туған бауырлардың арасын алшақтатып жатыр.

Өзге ұлттар балаларына қалдыратын мұраны хаттап, заңмен бекітіп қояды. Бізде даланың жазылмаған заңы бойынша қарашаңырақ – кенже ұлдың немесе әке-шешенің қолында отырып, бағып-қағып, ақтық сапарға аттандырған баланың меншігі. Қазіргі күні үй-мүлікке қатысты дау әкеден қалған дүниеге балалары мен әкесінің кейінгі некелескен әйелінің арасында туындап жатады. Қарашаңырақтың иесі болған азамат қайтыс болған соң оның жесірімен үйге таласқанға да таңғалмайтын болдық. Мұндайды тек кинодан көретін едік, қазақ баласының басына дәл осындай пендешілік түспейтіндей болатын. Сөйтсек, сіз бен біз өмір сүріп жатқан қоғамда мұндай жайттардың орын алуы жиілеп кетіпті. Үйді сатқаннан түсетін ақшаға құныққандар «қарашаңырақтың отын өшірмеу керек» деген сертті ұмытқан сияқты. Бұл жерде әке-шешеден қалған үйді басқа жаққа қоныс аударғандықтан еш дау-дамайсыз сататындарға кінә артудан аулақпыз.

Қолдағы барын бауырынан аямайтын кеңдік пен мәрттік мінезімізді іздеуге төмендегі оқиға себеп болды. Тоқсанға жақындап қайтыс болған кейуана өле-өлгенше бақилық болған баласынан қалған тұяқ – немересінің бағымында болды. Марқұмның он шақты ұлқызы бар, барлығының отаны, үй-жайы бөлек. Әжей көзі кеткесін бір дауылдың соғарын сезді ме екен, өз иелігіндегі баспананың барлық құжаттарын немересіне мұра ретінде рәсімдеп кетіпті. Расында да, марқұмның бетін топырақ жасырмай жатып, «үйдің құжаттары қайда?» деген дау басталды. Оң жақта жатқан аналарына иман тілеудің орнына үйдің құжатын сұрағандардың, баспанаға немеренің бас ие боп қалғанын білгенде қып-қызыл ұрыс шығарғандардың әрекеті ештеңемен ақталмас, сірә.

Алыс ауылдағы әке үйіне таласқан бала мен өгей шешенің тартысы қарашаңырақты жермен жексен етіп бұзуға дейін апарды. Қалаға көшкен соң ауылдағы өтпей тұрған үй екі жақтың бас ауруы болды. Шалғай жердегі үйді құрылыс материалдарын іздегендер болмаса ешкім саудаламайды. Ақыры екі жақ үйді арзан бағаға сатып, ақшасын бөліп алды. Үйді сатып алғандар оны тып-типыл етіп бұзып алып кетті. Жарты ғасыр бойы берекесі тасыған, үйінен қонақ, қорасынан мал арылмаған шаңырақ осылайша ортасына түсті.

Мұндай оқиғалардың көбеюі ақша мен дүние-мүліктің барлық құндылықтарды басып озып, биікке шыққанын, тіпті бір туғандардың арасындағы бауырмалдылыққа да бітелместей сына қаққанын байқатады. Ең сорақысы, атадан қалған үй-мүлікке таласып жатқандарға қалыпты жағдай секілді таңғалмайтын болып барамыз.

Көкірек көзі ашық қариялар қарашаңырақты қадірлеуді үйретудей-ақ үйретіп еді. Бүгінгі орын алып жатқан жағдайлар сол терең ғибратқа бойлай алмағандықтан болып жатыр ма? Әлде әдеттегідей бұған да заманды кінәлаймыз ба? Осындайда майданнан қайтпаған жарынан қалған балаларын өз үйлерінде отырып жетілдірген, қарашаңырақтың ошағын маздатқан аналардың ерлігі еске түседі. Ел аман, жұрт тыныш-та сол аналар сақтап қалған шаңырақтарды талан-таражға салатындай, ең бастысы ағайынның арасын бүлдіретін көзқұртқа айналдыратындай ешкімнің басына күн туған жоқ. Қалай болғанда да қарашаңырақтардың түтіні түзу ұшып, оты сөнбесе екен.

Гүлжазира ЖАЛҒАСОВА.

ДОСТЫҚ КӨРМЕСІ

Қазақстан халқы Ассамблеясының 20 жылдығы аясында өткен жылдың аяғында Қызылорда қаласында «Достық үйі» ашылған болатын. Қазіргі таңда «Достық үйінде» апталық іс-шаралар тізбегі өтіп жатыр. Түрлі бағытта өткізілген шаралардың бірі «Менің ұлы Отаным – қасиетті Қазақстаным!» атты сурет көрмесі болды. Көрмені Қызылорда облысы әкімі аппаратының «Қоғамдық келісім» коммуналдық мемлекеттік мекемесі және қалалық білім бөлімі ұйымдастырды.

Оған қала мектептерінің талантты оқушылары қатысты. Шараның басты мақсаты жастарды отансүйгіштікке тәрбиелеп, Қазақстан сан ұлтқа саялы мекен болып отырған бірлік пен ынтымақтың белгісі екендігін ұғындыру болып табылды. Көрмеге қойылған жас жеткіншектердің еңбектері көрермендер тарапынан үлкен ықыласқа ие болды. Қатысушылардың ішінде №198 орта мектебінің 6 сынып оқушысы Кирилл Орловтың туындысына ерекше баға берілді.

Сондай-ақ, Қызылорда қалалық білім бөлімінің «Бейнелеу өнері және сызу» бірлестігінің жетекшісі Ақбаян Орманбаева қонақтарға әр жұмыстың ерекшелігін баяндады.

Шараның қорытындысы бойынша үздік жұмыс иелері алғыс хаттармен марапатталды.

Сара АДАЙБАЕВА.

• АНА ТІЛІҢ – АРЫҢ

«МӘҢГІЛІК ЕЛДІҢ – МӘҢГІЛІК ТІЛІ»

Ана тілін жақсы білу – әркімнің азаматтық борышы. Еліміздің тәуелсіз мемлекет болып, егемендік алуы ана тіліміздің өз мәнінде дамуына мүмкіндік берді. Бүгінгі күні мемлекеттік тілді қоғам өмірінің барлық саласына тереңдете енгізу мәселесі үлкен маңыз алып отыр.

Ел мен тіл – егіз ұғым. «Мәңгілік» сөзі бабалардан мирас болып келе жатқан мәңгі өлмейтін асыл қазынамыздың бірі – ана тілімен де тығыз байланысты. Олай болса, мәңгілік елдің онымен қатар жасап, бірге дамитын мәңгілік тілі болуы да шарт.

Соның бір дәлелі ретінде Қармақшы ауданында Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы аудандық филиалының ұйымдастыруымен өткен «Мәңгілік елдің – Мәңгілік тілі» атты аудандық ақындар мүшәйрасын айтуға болады. Өңірде мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңейту, оның мәртебесі мен рухын асқақтату, ел ішінен қазақтың қара өлеңін ардақ тұтар дарынды жандарды іздеп табу және сол арқылы олардың шығармашылық бастамасына қолдау көрсету мақсатын ұстанған мүшәйраның сырттай өткізілу кезеңінде аудан, Ақай мен Төретам кенттері және Байқоңыр қаласының жасы 15-тен асқан оқушылары мен мұғалімдері қатысуға тілек білдірген. Арнайы іріктеуден олардың ішінен 25-ке жуық ақын таңдалды. Сол ақындардың ішінде біздің мектебіміздің 11 сынып оқушылары Медғат Бердәлі мен Арайлым Зинадин де бар.

Өлеңдерінің мазмұны мен көркемдігі, ой жүйелілігі мен тереңдігі, тақырыпты қамтуы мен сөз қолданысы, ұйқасы мен өзектілігі бірлескен Медғат Бердәлінің жалынды жырлары қазылар алқасы мен көрерменнің көңілінен шығып, нәтижесінде II орынды иеленді. Айтысқа қатысқан жас ақындарымыз дипломдар мен сертификаттар, сондай-ақ «Қазақ тілі» қоғамы аудандық филиалының атынан «Тіл сақшысы» газетіне 2016 жылдың бірінші жартыжылдығына тегін жазылумен және бағалы сыйлықтармен оралды.

«Ұстазы жақсының ұстанымы жақсы» дегендей, шәкірттерінің шабыттарына шабыт қосып, қанаттандырып отырған ұстаздары – Мереке Қайнарова мен Айнұр Ақсұңқарованың да еңбегі зор.

XX ғасырдың басында ғалым Ахмет Байтұрсынұлы «Ұлттың жоғалуына себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тіл. Сөзі жоғалған ұлттың өзі де жоғалады» деп еді. Туған тіліміз – халқымыздың кешегі жүріп өткен жолын, бүгінгі жалғасқан ғұмырының ертеңге апарар мүддесін бейнелейтін ең басты қазынамыз.

Данасұлу ЖҰМАҒАЗИЕВА,
№272 орта мектеп директорының ғылыми-әдістемелік жұмыстар жөніндегі орынбасары.
Қармақшы ауданы.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Жалағаш ауданының әкімдігі Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 19 наурыздағы № 18-04/245 бұйрығымен бекітілген «Аңшылық алқаптар мен балық шаруашылығы су айдындарын және (немесе) учаскелерін бекітіп беру жөнінде конкурс өткізу» Қағидаларына сәйкес резервте тұрған балық шаруашылығы маңызы бар су айдындарын бекітіп беруге конкурс жариялайды.

Конкурстың өткізілетін уақыты мен орны:

Конкурс 2016 жылдың 3 ақпан күні сағат 10.00-де өткізіледі.

Өтетін орны: Жалағаш кенті, ПДУ көшесі № 6 үй, «Жалағаш аудандық ауыл шаруашылығы бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, байланыс телефондары - 8(724) (31) 31870, 31884.

Конкурсқа қойылатын балық шаруашылығы су айдындары және (немесе) учаскелерінің тізбесі

№	Су айдындарының атауы	Ауданы (га)	Бекітіп беру мерзімі	Балық шаруашылығын жүргізу мақсаты	Жыл сайынғы балықтандыру көлемі (дана)
1	Құртшеңгел	15	он жыл	кәсіпшілік	2625
2	Кіндіккөл	10	он жыл	кәсіпшілік	1750
3	Жаңабай	10	он жыл	кәсіпшілік	4375
4	Балтажарған	30	он жыл	кәсіпшілік	5250
5	Серкеш	25	он жыл	кәсіпшілік	4375
6	Шағала	40	он жыл	кәсіпшілік	7000

Конкурстық құжаттар топтамасын Жалағаш кенті ПДУ көшесі №6 үй «Жалағаш аудандық ауыл шаруашылығы бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінен алуға болады.

Сонымен қатар, конкурстың тәртібі Қызылорда облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының ғаламтор-ресурсында **(www://tabigat.e-kyzylorda.gov.kz)** жарияланады

Конкурстық өтінімдерді қабылдау мерзімі - 2016 жыл 2 ақпан, сағат 19.00-ге дейін.

Өтінім тігілген күйінде, нөмірленген беттерімен беріледі және соңғы беті қол қою арқылы және мөрмен куәландырылады (егер болса, жеке тұлға үшін).

Жеке немесе заңды тұлғалар әрбір мәлімделетін балық шаруашылығы су айдынына және (немесе) учаскесіне жеке конкурстық өтінім дайындап, оны хабарландыруда көрсетілген мекенжай бойынша ұсынады.

Конкурстық құжаттар қатысушының толық атауы мен мекен-жайы, конкурсты ұйымдастырушының мекен-жайы және «Балық шаруашылығы су айдындарын және (немесе) учаскелерін бекітіп беру жөніндегі конкурс» деген сөздер көрсетілген мөр басылған конвертте ұсынады.

Конкурстық өтінім тіркелген сәттен бастап өтінім берген тұлға конкурсқа қатысушы болады.

Конкурстық комиссия.

Меншік иесі:
Сыр медиа
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ
қабылдау бөлмесі тел/факс 70-00-36

Сыр бойы
Қызылорда облыстық газетінің редакциясы

БАС РЕДАКТОР
Жұматәли ӘБДІРАМАН
қабылдау бөлмесі 40-02-17

Бас редактордың орынбасары 70-00-43
Жауапты хатшы 70-00-81

бөлімдер:
руханият және ақпарат - 70-00-64, 70-00-73
экономика - 70-00-41, 70-00-68
әлеумет және саясат - 70-00-41
жарнама - 70-00-49, 70-00-52
есеп-қисап - 70-00-39, 70-00-38
заңгер - 70-00-42
компьютер орталығы - 70-00-34
корректор бөлімі

меншікті тілшілер:
Арал, Қазалы: Жұмабек Табынбаев - 8724 38 2-34-07
Шиелі, Жаңақорған: Нұрмахан Елтай - 8724 32 4-59-51

e-mail: syrboyi@mail.ru
site: www.syrboyi.kz
Газет аптасына 3 рет, сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады
Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген.
Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.
“Сыр бойы” облыстық газеті ҚР СТ ИСО 9001-2009 “Сапа менеджменті жүйесі” талаптарына сәйкес сертификатталған.
Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. *“АҚ”-ақылы қызмет.
Газет редакциясының компьютер орталығында қатталып, “Сыр медиа” ЖШС өз баспаханасында басылды. Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4
Газеттің таралымына “Қазпошта” - 23-54-51, “Евразия-Пресс” - 27-62-84 жауапты.
Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4
Таралымы 28344
Тапсырыс № 40
Электронды оқылым – 28000.